

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:*

*Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.*

**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

# **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ**

**«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектелулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы**

*Казахский язык и литература  
в русской школе*

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ**

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**6/2013 МАУСЫМ**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ**

## ***АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:***

***Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза  
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,  
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга  
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш  
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.***

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

	<i><b>Мұғалімдерге көмек</b></i>	
Майдаш ТЕМІРЖАНОВА.	Ақпараттық технология – қазіргі заман талабы.....	3
Шынар МЕДЕУБАЕВА.	Қазақ тілі сабағында ойын түрлерін қолданудың тиімділігі.....	10
Шолпан ҚАСЫМОВА.	Қабысудың негізі – аналитикалық сөйлемдер.....	22
	<i><b>Мұғалім мінбесі</b></i>	
Зүлкия ҚАПАСОВА.	Тілге құрмет – елге құрмет.....	29
	<i><b>В мире педагогики</b></i>	
Бибинур КИСИКОВА.	Методические основы использования видеоматериалов на уроке иностранного языка.....	32
	<i><b>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</b></i>	
Гүлзат БАҚТЫБАЕВА.	Асан қайғы.....	36
Өрікбай АРЫНОВ.	Ы.Алтынсарин. «Бай баласы мен жарлы баласы».....	39
Майра ҚАЛДЫБАЕВА.	Абайдың табиғат лирикасы.....	46
	<i><b>Колледж кеңістігінде</b></i>	
Толқын ДҮЙСЕНҒАЛИЕВА.	Киім стилінің түрлері мен шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.....	49
	<i><b>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</b></i>	
Майра БЕЙСЕБЕКОВА.	Шоқан және француз тілі.....	57
Айгүл АҒЗҰМОВА.	Сан есімнің түрлері.....	70
Гүлжәмила ҚАЛМАҒАМБЕТОВА.	Ауызша сөйлеу мәдениетінде – Қаныш Сәтбаев.....	75
Айнагүл ЖҮЗІКЕЕВА.	Грамматикасы қызықты Қазақстан.....	79
Гүллайна ДУЛАТБАЕВА.	Жаңа сөздермен де қуантқан Астана.....	93
Жайнагүл ЖҰМАБАЕВА.	Етістіктерді қайталау.....	97
Жанна СҮЛЕЙМЕНОВА.	Сын есімді алып кит.....	101
	<i><b>Оқытудағы жаңа бетбұрыс</b></i>	
Карима МАДАЛИМОВА.	Тілді деңгейлік тұрғыдан оқыту мәселесі.....	105
	<i><b>Білім сынағында</b></i>	
Айша КУДАРБЕКОВА,	Септік атаның кеспе	
Зураш ҚАЙЫРЖАНҚЫЗЫ.	қағаздары.....	113
Айгүл ТӨЛЕГЕНОВА.	ҰБТ-ға дайындық.....	116
	<i><b>Сыныптан тыс сабақ</b></i>	
Альмира НҮРСОЛТАНОВА,	Салауатты	
Нүргүл ҚАЙДАРОВА.	өмір салты.....	125
Анар АТАҒОЖИНА.	Қазақ тілінің білгірі.....	133
Лейла КУДРЕЕВА.	Қазақ тілі – ғылым мен поэзия тілі.....	136

**Майдаш ТЕМІРЖАНОВА,**  
**Павлодар облысының**  
**Ақсу қаласындағы**  
**№4 орта мектептің**  
**мұғалімі.**

## **АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ – ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАЛАБЫ**

Қазіргі заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Оқытудың жаңа технологияларының бірі – ақпараттық технология. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді оқушылар даярлау – мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру үдерістерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Ақпараттық технологияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналды.

Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану – басты мақсат болып отыр. Ол тек қана техникалық құрал емес, сонымен бірге жаңа ақпараттық, коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісі болып отыр.

Ақпараттық технология – мұғалім мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек.

Білім беру жүйесіндегі қайта құрулардың негізгі субъектісі – мұғалім. Қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, ақпараттық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалімдер қажет. Мұғалім тек өз пәнінің терең білгірі ғана емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық білім мен технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болуы керек.

Компьютерді мұғалім қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Мұғалім ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен жоғары құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілетті оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеуді, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді.

Ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзі-нің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды.

Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютер де оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса, барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану әр оқушыға өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады. Бұл бірінші кезекте сандық түрде жазылған ақпараттарды пайдалану кезінде қажетті мәліметтерді оңай табуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде көптеген

элеменге танымал энциклопедиялар, сөздіктер электронды түрге айналдырылған. Компьютердің көмегімен тек белгілі бір сыныпта ғана емес, сонымен бірге қашықтықтан оқыту үрдісі де дамып келе жатыр. Ол үшін Интернет желісіне қосылған компьютер керек. Қашықтықтан оқыту кезінде тапсырманы және онымен бірге ұсынылған оқулықтарды қарап отырып білім алғысы келетін адам өзі ізденіп, жауаптарын салып жібереді. Немесе бірлескен телеконференцияларға қатысады. Оқытудың бұл түрі анағұрлым арзан әрі қалаған уақытында оқуыңа, тапсырмаларды орындауыңа мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр.

Ақпараттық технология есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, электрондық оқулықтарды, интерактивтік құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Оқушылардың ақпараттық технологиялар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, ойлау қабілеті мен психикалық функциялардың басқа да жақтары қайта қарастырылуы тиіс. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану, білім мазмұнын анықтауда, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді.

Компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды

оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көрсету.

Жаңа ақпараттық технологияны қолданып оқытуды ұйымдастыруда кедергі келтіретін басқа да негізгі факторлар болады.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп жаңа типті оқыту, әр оқушының қабілетін жан-жақты дамыту үшін қолайлы жағдай туғызу, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Жаңа мыңжылдық – бұл күнтізбедегі жаңа уақыт өткелі емес. Ол – өткенді таразылап, өмірдің мәнін жаңаша түсінуге, болашақты барынша дұрыс анықтайтын уақыт.

Ақпараттық технология саласындағы жетістіктерді пайдаланып, білімнің жаңа деңгейі мен сапасына қол жеткізуге ұмтылатын ұстаздар еңбегі қарқынды даму үстінде. Қазақстан Республикасы ғылыми-техникалық дамудың негізгі белгісі қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді.

Қазіргі таңда жаңа әлеуметтік жағынан қорғанған адам – технология және нарық талабына сай терең білімді, жан-жақты адам. ХХІ ғасыр – ақпарат ғасыры болғандықтан оқушыларға компьютерлік сауаттылық қажет. Ал бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады. Мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар практикалық білімнің алғы шарттарын меңгеруі тиіс.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Ақпараттық технологияның негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес

компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдалана алатындай жан-жақты дара тұлға тәрбиелеу.

Ақпараттық технология (information technology) – біріншіден: объектінің, үдерістің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинақтау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын үдеріс.

Сонымен, ақпараттық технология ұғымы – өңделген ақпаратты пайдаланушыға жинақталған түрде жеткізу әдістерін, құрылғыларын, элементтерін қамтитын жиынтық. Яғни, ақпаратты бізге жинақты түрде жеткізу технологиясы болып табылады.

Мемлекеттік бағдарламада оқу үдерісінде педагогикалық және ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану – жалпы білім беруді дамытудың басты бағыттарының бірі.

Қазіргідей әлемдік ғаламдану үдерісі кезінде ақпараттар ағымынан адам баласы өзінің ұдайы дамып отыруына керекті ақпаратты саралап, пайдалана білу – бүгінгі уақыттағы басты мәселе. Осыдан кейін туындайтын мәселелердің бірі – жастарға сапалы білім, саналы тәрбиені орта мектепте білім беру ісін оқытудың жаңа инновациялық әдістерімен толықтыру, оқытудың жаңа технологияларын іздестіру, оқушыны ақпаратты талдай білуге, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана білуге үйрету. Ақпараттық технологияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін оқу және жазу қабілеті сияқты сапаларымен бір қатарға және әрбір адам үшін қажетті шартқа айналды.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшеліктеріне оның ілгерілігі, алдын алу сипаты және осыларға қол жеткізу мүмкіндіктерін дамыту ақпараттық технологияларды

қолданумен жүзеге асады.

Оқушылар ақпараттық технологияның кейбір элементтерін жеке шығармашылықта да пайдаланады. Олардың бір-біріне деген әсерін де байқауға болады. Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Дәстүрлі оқулықты оның электрондық нұсқасына оңай айналдыруға болады. Бұл нұсқаның жетістігі оны компьютер жадында сақтау мүмкіндігі, оны компьютерлік желілер арқылы тарату болып табылады.

Бұл қоғамда тек өндіріс қана өзгеріп қоймай, сонымен бірге, жалпы өмірдің сипаты мен құндылықтар жүйесі басқадай түрге енді. Яғни, бұл дегеніңіз шығармашылық қабілетке, зердеге және оқып-білуге ынта мен қажеттілік жоғары деңгейде болады деген сөз. Осы мектептердің материалдық және технологиялық базасы болып компьютерлік техника мен компьютерлік желілер, ақпараттық технологиялар және телекоммуникациялық байланыс негізіндегі түрлі жүйелер қалыптасады. Сонымен қатар, өзіндік ақпараттық инфрақұрылым түзіледі. Оның негізінде озық электрондық техника көмегімен кешенді түрде ақпарат өндіріледі, өңделеді, сақталады және пайдаланады.

Қазақ тілі сабағында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану оқушылардың сөздік қорын молайтып, сөйлеу тілінің грамматикасын қалыптастырып, дыбыстарды дұрыс айтып, диалогтік сөйлеудің



қалыптасуына, түсінгенін айта білуге, сауатты жазуға дағдыландырады, дүниетанымын, ой-өрісін кеңейтуге, өмірге деген көзқарасын дамытып, шығармашылық қабілетіне жол ашады. Оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіреді. Тілдің грамматикасын білу арқылы оқушылар бір-бірімен сөйлесуді, сұрақ қоюды үйренеді. Олардың сөйлеу тілін дамыту үшін өздерін қоршаған заттарға, ортаға қатысты, қайда отыр, не көріп отыр, олар не үшін қажет деген сұрақтарға жауап беретіндей жағдай туғызу қажет. Ауызекі сөздің жалпы міндеті – сөздің мағынасын түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану және сөз қорын молайту. Әр сыныптың бағдарламасына қарай оқушылар жаңа сөздерді меңгереді, сөздерді жаттап, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем және мәтін құрастыруды үйренеді. Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану – басты мақсат болып отыр. Ол тек қана техникалық құрал емес, сонымен бірге жаңа ақпараттық, коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісі болып отыр. Ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында бірнеше міндеттерін шешу керектігі атап көрсетілді: компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көрсету. Сонымен қатар еліміздің болашағы – жарқын, білімді, парасатты, өз ана тілінде еркін сөйлеп, өз елін, халқын, мәдениетін шетелге таныстыра алатын үш тілде еркін сөйлейтін азамат болып шығуы керек. Компьютерлік телекоммуникациялар бүгінгі қоғамда үлкен қолданысқа ие.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.М.Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. А., 2002.
2. Р.Сұрауымбетова. «Білім беру деңгейін көтеруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі».
3. Б.А.Әлмұхамбетова, М.А.Ғалымжанова. «Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолданылуы».
4. «Педагогикалық альманах» журналы. №3, 2009.
5. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №6, 2004.
6. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №6, 2009.
7. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №4, 2011.



Шынар МЕДЕУБАЕВА,  
Астана қаласындағы  
№53 мектеп-лицейдің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОЙЫН ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Олай болса жаңа бағдарлама бүкіл оқу орындарының алдына қазақ тілін жан-жақты меңгерген, көркем әдеби тіл нормаларын терең игерген жастарды тәрбиелеп шығаруды міндет етіп қояды.

Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» бағдарламасында «2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азия Барысына айналады және өзге дамушы елдерге үлгі болады» деп сеніммен айтылған. Сонымен бірге «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» делінген. Демек, Қазақстанның болашағы зор болса, мемлекеттік тілдің атқаратын рөлі мол. Мемлекеттік тілдің дамуы мен болашақта өсіп-өркендеуі де, ең бірінші, тіл мамандарына байланысты. Әр пән мұғалімінің міндеті – қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениеті, тарихы, әдет-ғұрпының өзіндік ерекшелігін ұғындырып қана қоймай, мемлекеттік тілде еркін сөйлей алу дәрежесіне жеткізу. Өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін жақсы меңгеріп, қызметте де, өндірісте де қазақ тілінде сөйлеп, мемлекеттік тілде іс-қағаздар жазуына ықпал ету.

Өзге ұлтты мектептерде қазақ тілі мамандарының көздейтін мақсаты – оқушыларды қазақша сөйлеуге, өз ойын біреуге түсіндіре алатын, мемлекеттік тілді жетік біліп, жаза білетін дәрежеге жеткізу. Бұл міндетті іс жүзіне асыруда сыныптық сабақтың шешуші рөл атқаратыны белгілі. Мен өзімнің іс-тәжірибемде өзге ұлтты мектепте балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін қазақ тілі сабағында ойын түрлерін көбірек пайдалану арқылы өз мақсатыма жеттім.

### **Зерттеу тақырыбының өзектілігі:**

Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» және «тіліміздің мемлекеттік қызметте де, өндірісте де білім беруде орыс тіліндей болып қолдануы үшін қолдан келгенінің бәрін істеу керек» деген тұжырымдары бар.

Бұл істегі басты тұлға, әрине, біз- мұғалімдерміз.

Мұғалімдер алдындағы отырған балаға әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы білімді жүйелі де терең беруге тырысады.

Бірақ оқушылар мектепте, ата-аналар қызметте орыс тілінде сөйлейді. Ал, өзге ұлт өкілдері әлі де қазақ тілінде сөйлеуге тырыспайды, сондықтан да оқушыларды қазақ тілінде сөйлету – ең маңызды мәселе.

**Мақсаты:** қазақ тілі сабағында ойын технологиясын қолдану арқылы басқа ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді меңгерту, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

**Міндеттері:**

1. Оқушыларды оқыту және тәрбиелеу барысында ойындық технологиялардың педагогикалық, психологиялық және әдістемелік-дидактикалық негіздеріне теориялық талдау жасауды жүзеге асыру;

2. Қазақ тілі сабағында қолданатын ойындарды жүйелеп, түрлерін анықтап, ойындарды өткізу жоспарын құру;

3. Ойын технологиялары арқылы оқушы тұлғасын дамытуға байланысты тәжірибиелік жұмыстың теориялық үлгісін жасау;

4. Тәжірибе негізінде қазақ тілін оқытуда ойын технологияларын қолданудың тиімділігін анықтау.

**Болжамы:** Егер пән мұғалімі мен оқушылардың бірлескен жұмысы әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етіліп, қазақ тілі сабағында әр түрлі ойын технологиясын әр тақырыптарына сай түрлендіріп, оқу-тәрбие үрдісінде қолданса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады.

**Қазақ тілі сабағында ойын түрлерін қолдану не береді?**

- Білімді меңгеруге, шеберлікті қалыптастыруға

ықпал жасайды;

- Ой әрекеттері тәсілдерін дамытуға және қалыптастыруға мүмкіндік береді;

- Баланы дамытады, ізденімпаздыққа, шеберлікке баулиды;

- Оқушылар грамматикадан сыныпта оқып, үйренгендерін ойын арқылы қайталап бекіте түседі;

- Жауапты тез тауып, тапқырлыққа дағдыланады;

- Сөздік қоры молаяды;

- Сонымен қатар болжамыма сәйкес, ойын технологиясы өзінің дамуы бойынша үлгерімі нашар балаларға да оң әсер етеді.

### **Тәжірибені теориялық негіздеу.**

Ақын-педагог Мағжан Жұмабаев өзінің педагогикалық еңбегінде: «Баланың қиялы, әсіресе, ойында жарыққа шығады. Ойын – балаға кәдімгідей бір жұмыс. Ойнағанда бала жанындағы әсерлер пайдаланады. Айналасындағы тұрмыстан нені көрсе, соны істейді. Мысалы, қазақ баласы біреуі ат болып қашса, біреуі құрық салады, шырпыларды тізіп-тізіп көш жасайды, балшықтан мал жасайды, қуыршақтан қыз жасап таныстырады, яғни, сөйлетіп, диалог құрады. Жас бала жалқы ойынды, жалғыз ойнауды жақсы көреді.

Әлі тілі еркін жетілмегендіктен ол басқа балалармен қатынаса алмайды. Ал, енді, өскен сайын жалпы ойынды, бірігіп ойнауды жақсы көре бастайды. Жалғыз ойнаса, іші пысады. Жалпы ойын баланың тілінің өркендеуіне көп пайда тигізіп, ойнағанда тоқтаусыз қозғалып, күліп, былдырлап сөйлей береді. Жалпы ойынмен жалпы тұрмысқа, яғни, басқа адамдармен бірігіп тұруға үйренеді, өзінің сөзін, тілін біреуге тыңдатып, басқаның тілегін, сөзін өзі тыңдап, қысқасы, біріккен тұрмыстың бірінші

шарты – жалпы заңдарды орындап, атқарып үйренеді. Ал, енді жалқы ойын, яғни, жалғыз ойнау баланың алаңғасар, еліктегіш болмай, өз ісіне ынталы, тиянақты болуына пайдалы. Бірақ осы екі түрлі ойынның екеуінің де кемдік жағы бар. Ылғи жалғыз ойнап үйренген бала тағы, менменшіл болып, көппен бірге ойнап үйренбеген бала алаңғасар, тиянақсыз, еліктегіш болып шығуы мүмкін. Абзалы – осының екеуін кезекпен ауыстырып отыру.

Осы екі түрдің қай түрімен болса да ойнап отырған баланың ойынын бақылауға тәрбиеші міндетті. Бірақ бақылаймын деп бүлдіріп алма. Бүлдіріп алу былай болады: «Былай ойна!» деп бұйырса, баланың ойыннан ынтасын суытып аласың. Баланың ойынына үлкен адам кіріссе, балаға ойынның қызығы бітеді. Ойын – баланың өз ісі. Баланың ойынына кірісуші болма. Баланы бір нәрсені бүлдірмес үшін тек шеттен бақыла. Есте болу керек, бақылау деген сөз – қарауылда тұрған солдаттай қабағыңды түйіп қақиып тұр деген сөз емес, олай тұрсаң, бала ойнай алмайды. Егер баланың ойынына қатысқың келсе, өзің бала болып қатыс. Яғни, ойындарына бөгет, оралғы болма. Балалар сенің ересек адам екеніңді сезбейтін дәрежеде болсын», - дейді. Ал, К.Д.Ушинский алғашқылардың бірі болып, ойын бала үшін тек қана көңіл көтеру емес, оның дамуы мен өзіндік өзектенуіне жол ашатын белсенді әрекет түрі дегенді атап көрсеткен. Яғни, оқыту ойындары ойынға қатысушыларды мақсатқа сай сол ортаға бейімдейді. Осы оқыту ойындарының мақсатты бейімділігіне келер болсақ, оны Г.К.Селевко былайша суреттейді:

- Дидактикалық: ойлауды кеңейту, танымдық мақсаттар, алынған білімдерді, ептіліктерді, дағдыларды практикалық әрекетке қолдану, еңбектік дағдыларды

жалпы білімдікке дамыту;

- Тәрбиелеуші: еріктілікті, дербестікті тәрбиелеу, нақтыланған адамгершілік, эстетикалық, көзқарастық ұстанымдарды қалыптастыру, ұжымда болу ептіліктерін үйрету;

- Дамытушы: ойлауды, есте сақтауды, сөйлеуді, назар аударуды дамыту, балама табу, талдау және синтездеу ептілігі, елестету, қиялдау, шығармашылық қабілеттер, эмпития, рефлексдер, тиімді шешімдер қабылдау ептілігі, оқу әрекеттерінің уәждерін дамыту;

- Әлеуметтеуші: қоғамның құндылықтары мен нормаларына қатынасу, ортаның жағдайларына бейімделу, өзіндік реттеу, оқу, әңгімелесу, психотерапия деген салаларға бөлінеді.

Ал, «Білімдегі жаңалықтар» №3/15-індегі мақаланы қарастырсақ, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түседі. Адамның жан дүниесінің дамып жетілуі, әлеуметтік өмірге бейімделіп, тіршілік етуі әр түрлі іс-әрекеттермен шұғылдану барысында қалыптасады. Сондай әрекеттердің бір саласы – ойын әрекеті. Баланың психикалық даму үрдісінде ойын әрекетінің тағылымдық және тәрбиелік маңызы осы заманғы тәлім-тәрбиелік психологиясында өзекті мәселе болып саналады. Ойын әрекетінде баланың денесі мен ақыл-ойы дамып, өзін қоршаған ортаны тани біледі.

Ойын – қоғамдық тәсілді меңгеру мақсатында, ситуациялық жағдайда, бағытты түрде іскерлігін көрсететін, өзін-өзі басқаруын жетілдіретін іс-әрекет. Әр сабақтың алдына қойған міндет-мақсатына орай оның ішкі құрылысы да белгілі оқушыға әрдайым жаңалық білдіруге, жаңа материалды жеке түсіндіріп, саналы түрде меңгеруге, оны пысықтап, бекітуге бағытталуға тиіс.

Оқыту әдістерін түрлендіру – сабаққа қойылатын негізгі, басты шарттардың мақсаты мен мазмұнына орай туады, сабақты оқыту үдерісінде мұғалім қолданған әртүрлі озат әдістер баланың ақыл-ойын, ынтасын, зейінін дамытады. Қазақ тілін оқытатын мұғалімдердің басты мақсаттарының бірі – оқушының оқу, таным белсенділігін арттыру болып табылады. Оқушыны пәнге қызықтыру, ынталандыру мақсатында сабақтың дәстүрлі емес түрін жиі қолдану қажет.

Сабақтың бұл түрі жеке оқушылармен жұмыс жүргізу, тапсырма беруде олардың қабілетін алуға мүмкіндік береді. Мұғалім қарапайым тілдік құрылымның жаңа түрлерін күнделікті сабақта ойын жаттығулары түрінде қолданып, оқушылардың білімін толықтырып отырады. Сабақта орынды қолданылатын ойын элементтері оқушының ынтасын арттырып, білім дағдыларын игеріп, іскерліктерін шыңдауға өз септігін тигізеді.

### **Ойынның атқаратын функциясы:**

1. Коммуникативтік сөйлеу тілін ұстану;
2. Көңіл аулау, қызығушылығын арттыру;
3. Әлеуметтік қарым-қатынас нормасы;
4. Қиындықты жеңу жолдары;
5. Диагностикалық өзін-өзі тану.

Сабақта қолданылатын ойын түрлерінің осы ерекшеліктері іскерліктің шығармашылық жағын арттырады. Сабақ үстінде пайдаланылатын ойын тәсілдерінің мынадай негізгі бағыттары бар:

1. Дидактикалық мақсат – тапсырма ойын түрлерінде беріледі;
2. Оқу барысы ойын шартына бағынады;
3. Оқу материалдары ойындағы жарыс элементіне кіріп, дидактикалық тапсырманы орындайды.



## **Ойын түрлерінің атқаратын қызметі:**

1. Физикалық (қозғаушы);
2. Интеллектуалды (ойландыратын);
3. Еңбектендіруші;
4. Әлеуметтік;
5. Психологиялық.

## **Ойынның педагогикалық үдерістегі қасиеті:**

1. Танымдық, тәрбиелік, дамытушылық;
2. Шығармашылық, нәтижелік;
3. Үйретуші, жаттықтырушы, бақылаушы, тіл дамытушы;
4. Коммуникативтік, диагностикалық.

## **Ойын өткізу түрлері:**

- 1) жалпы; 2) топтық; 3) жекелей.

Осылайша сабақ өткізу кезінде ойын баланың көңілін өсіріп, ойын сергітіп қана қоймай, сонымен қатар оның таным-түсінігі артады және бір-бірімен тіл табысып, ұғынысады, ептілікке тапқырлыққа үйренеді. Ойын түрлерін сабақтың әр кезеңдерінде, тақырыбына қарай мұғалім өзі таңдап алып, қолданып отырады. Ойынды әр сабақта пайдалану міндетті емес. Ойын түрлері сабақты қызықты өткізуге, оқушылардың сабаққа ынтамен қатысуына, өз бетімен жұмыс істеуіне, өздігінен қорытынды жасауына жол ашады деген тұжырымдар бар. Осындай ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге сүйене келе, оқушыларды оқыту барысындағы практикада қолдандым. Жалпы дидактикалық және грамматикалық ойындардың бірқатар жіктеу түрлерін қарастыра отырып, олардың оқытудағы, тәрбиелеудегі, дамытудағы артықшылықтарын көрдім және өзімнің тұжырымым бойынша, оқушы тұлғасын барынша дамытатындығына көзім жетті.

Енді орыс тілді сыныптарда оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыратын, сабақта қолдануға тиімді болып табылады деген ойын элементтеріне тоқтала кетелік.

**«Даналық ағашы»** ойынын өткізудегі мақсат – оқушылардың қазақ халқының ұлы адамдарының, ғұламаларының, данышпандарының нақыл сөздерін оқып-үйреніп, мазмұны мен мағына бірлігін таныта білу, даналық сөздерден дән іздете білу. Сөз қадірін, тіл құдіретін ұғындыру. Ойынның шарты бойынша, оқушылар «Даналық ағашы» деп аталатын бәйтеректің бұтақтарына жапсырылған конверттегі жазылған нақыл сөздердің авторлары кімдер екенін тауып, бәйтеректің бұтағын жаяды.

Мысалы: «Тәрбие басы – тіл» (М.Қашқари), «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды» (Абай), «Тіл – өнердің тілмашы» (С.Дөнентаев), т.б.

### **«Шашылған әріптер» ойыны.**

**Мақсаты:** сөздегі дыбыс сәйкестігін таба білуге дағдыландыру.

**Ойын барысы:** Мұғалім ақ параққа үлкен әріптермен жазу жазып, оны қояды. «Менде сөз болған еді, енді ол әріп болып шашылып қалды» деп әріптерді көрсетіп тұрып, үстел үстіне шашып тастайды. Кім сөзді тез табады? Сөзді бірінші жазған бала жеңіске жетеді деп түсінік беріледі. Жеңіске жеткен бала өз сөзін мұғалімге айтып, жазады. Сөздегі әріптерді кесіп, басқа оқушыларға көрсетеді. Ойын осылай жалғасады.

### **«Сиқырлы алма» ойыны.**

**Мақсаты:** 1. Оқушыларды сауатты жазуға дағдыландыру.

2. Сөздік қорын молайту.

**Ойын барысы:** тақтаға алманың суреті ілінеді. Сөздерге керекті әріпті кім тапса, сол алманы үзіп алып, көп нүктесі бар жерге(қалташаға) апарып салады. Мысалы; к...нделік, д...птер, кіт...п, т.с.с. Содан кейін осы сөздермен сөз тіркестерін және сөйлем құрастыру керек.

### «Пошта» ойыны.

**Мақсаты:** оқушыны дәлдікке, білімдерін тексеруге үйрету.

Тақтада, пошта жәшіктері ілулі тұрады: Әр топқа бір хат, бір жеделхат келеді. Хатта әр түрлі тапсырмалар болады. Сол тапсырманы шешіп, қай пошта жәшігінікі екенін анықтап, апарып салады.

Мысалы:

Тапсырмалары: 1. а) Хаттағы тапсырма: Сөздердің сыңарын тауып, сөйлем құра.

Дәрі-...

сый-...

билеп-...

ә) Жеделхаттағы тапсырма: *ауыл, дос* сөздері қандай сөздерге жатады?

2. а) *Мүшелтой, әжептәуір* сөздері қандай сөздер?

ә) *Іле-шала, ізет-тілек* қос сөздің қай түріне жатады?

б) БҰҰ, ТМД, ШҚО – қандай сөздер?

Тіркесті сөздердің ерекшелігі неде?

Осы сияқты хат, жеделхат түріндегі тапсырмаларды беру арқылы оқушыларды тез шешуге, ұшқырлыққа, ұйымшылдыққа баулимыз. Алған білімдерін сараптай аламыз.

Грамматика саласындағы үлкен бір бөлім – «Сөз таптары» туралы түсінік. Сөз таптарын өтуде модульдік оқыту ерекше рөл атқарады десек те болады.

**I. Кіріспе:** 1-дәріс сабағы. 45 минут оқулық бойынша

дәріс түрінде бере аламыз.

**II.** Диалог сабақтар. 2-3-4 сабақтардан тұруы мүмкін. Мұнда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушы білімін қосымша материалдармен толықтыра кетеміз.

**III.** Қорытынды бөлім бірнеше сабақтардан тұрады. Бір сабақ тест ретінде, 2 сағат сынақ түрінде өтуі мүмкін. Әр мұғалім өзінің жоспарлауы бойынша сабақты жүйелі түрде өткізе алады. Осы жоғарыда жүргізілген диалогтық, қорытынды бөлімде ойын элементтерін де кіргізе отырып өткізуге болады. Бұл ретте біз бала қызығушылығын арттыра аламыз.

Жоғарыда айтылған ойындардың әрқайсысының тұлғаны дамытуда «ойнау» түріндегі нақты болжамдары барлығын түсіне отырып, мен сол ойындардың кез келгенінің оқушылардың сөздік қорын дамытудағы нақты кемшіліктерін де сараладым. Сондықтан ойындарды кешенді түрде пайдалану қажеттігі туралы қорытындыға келдім. Сонда ғана оқушылардың тұтастай дамуына және пәнге деген қызығушылығына жол ашатынын байқадым. Ойындық әрекеттердің жүйесін жасадым.

Сөйтіп өзім сабақ беріп жүретін сыныптарға тәжірибелік база құрдым.

Оқу жылының барысында сабақ беретін сыныптарымда әр түрлі ойын түріндегі жаттығулар беріп, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында жұмыс жасадым.

Қорыта келгенде, өзімнің бірнеше жылдық зерттеуім бойынша, мемлекеттік тілді оқытуда ойындарды дұрыс ұйымдастырып, қатысушылардың әрекетін уақытында қадағалау және түзеу оқушылардың жеке тұлға ретіндегі барлық қабілеттерін дамытуға әсерін тигізеді.

Ойын түрлері білімді меңгеруге, шеберлікті

калыптастыруға, ой әрекеттері тәсілдерін дамытуға және қалыптастыруға мүмкіндік береді, баланы дамытады, ізденімпаздыққа, шеберлікке баулиды, оқушылар грамматикадан сыныпта оқып, үйренгендерін ойын арқылы қайталап бекіте түседі, жауапты тез тауып, тапқырлыққа дағдыланады, сөздік қоры молаяды, оқушының тіл үйренуге қызығушылығы артады. Пән мұғаліміне де кез келген жағдайда қосымша материал ретінде тиімді.

Сонымен қатар болжамыма сәйкес, ойын түрлері өзінің дамуы бойынша үлгерімі нашар балаларға да оң әсер етті. Осындай іс-тәжірибелер арқылы әрбір ұстаз өзінің көздеген мақсатына жете алады деген ойдамын.

Үнемі оқумен, еңбекпен, ізденіспен келе жатқан ұстаз – барлық істі атқаруға уақыт таба білетін жан.

«Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау» деген екен белгілі философ Жан Жак Руссо.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ә.Ишмұхамедов. Қызықты грамматика. А., 1972.
2. Бегман Ысқақ. Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстар. А., 2000.
3. А.К.Жанәбілова. Технология талаптары тіл дамыту үрдісінде (6-7-сыныптарға арналған шығармашылық тапсырмалар). Астана, 2008.
4. Н.В.Савин. Педагогика. А., 1983.
5. Ойын феноменінің психологиялық-педагогикалық негіздері / Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының хабаршысы. 2008, №2.
6. Ойын технологияларының психологиялық-педагогикалық негіздері / Филология: Кеше, бүгін және ертең: Х.ғ.п.к.м. Павлодар, 2008.

## ҚАБЫСУДЫҢ НЕГІЗІ – АНАЛИТИКАЛЫҚ СӨЙЛЕМДЕР

**Жұмыстың мақсаты мен міндеттері:** қабыса байланысқан сөйлемдердің шығу тегін анықтау, аналитикалық сөйлемдердің жасалу жолына мән бере отырып, көпшілікке ол туралы өз көзқарасымызды ұсыну. Сонымен қатар, оқушыларға аналитикалық сөйлемдердің түрлерін ажырата білуді ұғындырып, оқытуды көздеу.

Аталған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді орындау қажет: көркем әдебиеттерден мысалдар жинақтау; табылған мысалдарды тілдік жағынан талдау.


Қабысудың, аналитикалық форманың не екендігін ұғындыру.

**Жұмыстың өзектілігі.** Қабыса байланысқан аналитикалық сөйлемдер жайлы зерттелген еңбектер жоқтың қасы. Тіпті, талданып жазылған еңбектер де жоқ.

Аналитикалық сөйлемнің негізі – қабысу. Қабысуды зерттеудің нәтижесінде көптеген жаңалықтарға қол жеткізуге болады. Сондықтан да қабысуды зерттеу нысанына алып отырмыз.

**Жұмыстың жаңалығы.** Бұл жұмыстың жаңалығының өзі – қабысудың негізінде жасалып отырған аналитикалық сөйлемдерді алғаш рет қолға алып, зерттеу болып отыр.

Сөз тіркесі – мағыналық жақтан да, грамматикалық жақтан да өзара байланыста, бірлікте болатын, толық мағыналы екі сөздің тіркесі.



Қабысу – қазақ тілінде өте жиі қолданылатын синтаксистік байланыс формасының бірі. Қабыса байланысқан сөз тіркестері өзара ешқандай жалғаусыз, тек қатар тұру арқылы тіркеседі. Сонда қабыса байланысқан сөз тіркестерінің грамматикалық байланыс амалы сөздердің орын тәртібі.

Қабыса байланысудың екі түрі бар:

1. Есімді қабысу; 2. Етістікті қабысу.

**Қабыса байланысатын сөз тіркестерінің түрлері:**

Зат есімдерден құралған сөз тіркестері: темір пеш, ағаш күрек, ат қора, тау теке, қалта сағат, төс қалта, т.б.

Сын есімдер мен зат есімдер: ақ қар, көк шөп, қалың карағай, салқын жел, жақсы кісі, жаман жолдас, тәтті тамақ, т.б.

Есімшелердің зат есімдермен тіркесуі: орылған егін, жайнаған дала, көгерген шөп, айтар сөз, түсінетін бала, т.б.

Еліктеуіш сөз тіркестері: жалт бұрылу, тарс жабылу, кілт тоқтау, жалт-жұлт қарау, тарс-тарс соғу, т.б.

Көсемшелі сөз тіркестері: ашуланып сөйлеу, күлімсіреп сөйлеу, түсініп сөйлеу, еңтігіп сөйлеу, ұшып тұрды, сопайып көрінеді, т.б.

Сан есімді сөз тіркестері: он сағат істеді, бес километр жүгірді, үш есе ұлғайды, екі-үш күн.

**Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің өзіндік**

## негізгі ерекшеліктері:

1. Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің әрбір сыңары жеке сұраққа жауап береді;

2. Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің әрбір сыңары өзіндік мағыналық дербестігін сақтайды;

3. Қабыса байланысқан сөз тіркесінің әрбір сыңары сөйлемде грамматикалық сипатына байланысты әр түрлі қызмет атқарады. Көбінесе, бағыныңқы сыңарда тұрған сөздер анықтауыштық қызметте, ал басыңқы сыңардағы сөз сөйлемдегі орыны мен қызметіне, грамматикалық сипатына қарай бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, т.б. болуы мүмкін.

### **Аналитикалық сөйлемдердің құрылымы.**

**Аналитикалық форма** – толық мағыналы сөз бен көмекші сөздер тіркесуі және сөздердің орын тәртібі арқылы жасалған грамматикалық форма. Аналитикалық форма арқылы қабыса, кей жағдайда қиыса және жанаса байланысқан сөз тіркестері аналитикалық сөйлем құрай алады.

Аналитикалық сөйлем көп жағдайда етістікке тәуелді.

### **Екі және одан да көп сөзден құралған аналитикалық сөйлемдер.**

#### **Екі сөзден құралған аналитикалық сөйлемдер:**

Дала жел. (Б.Майлин).

Дала боран. (Б.Майлин).

Көше шаң. (А.Алтай).

Қыз – қонақ. (мәтел).

Тыныш кеш. (Б.Майлин).

Жай хабар. (І.Есенберлин).

Сұм заман. (М.Мағауин).

Таза ауа. (Ә.Нұрпейісов).

Кең зал. (М.Мағауин).



Қалың топ. (М.Әуезов).

Тар бөлме. (Б.Майлин).

Жас жігіт. (М.Әуезов).

Әлсіз жел. (С.Мұқанов).

Көгілдір ауа. (Б.Майлин), т.б.

### **Үш сөзден құралған аналитикалық сөйлемдер:**

Клуб толы адам. (С.Ерубәев).

Төңірек түгел қамыс. (М.Мағауин).

Дала тас қараңғы. (Ә.Нұрпейісов).

Күн жылы шақ. (Б.Майлин).

Үй лық толы. (Ә.Нұрпейісов).

Нәзік те терең лиризм. (З.Қабдолов).

Төңірек түгел жарық. (М.Мағауин).

Аспан ала бұлт. (Ә.Нұрпейісов).

Кішкене жел бар. (М.Жұмабаев).

Бір үйір қасқыр. (З.Қабдолов), т.б.

### **Төрт сөзден құралған аналитикалық сөйлемдер:**

Аз ас, көп ниет. (мәтел)

Жасырын хат, жасырын сөз. (Р.Мұқанова).

Жақсы сөз – жарым ырыс. (мақал)

Асыл аға, алғыр іні. (мақал)

Жаңа із, жаңа тезек. (Б.Нұржекеев).

Еңбек ет те, міндет ет. (мәтел)

Отау үй, оңаша бас. (мақал)

Бұл – анық жаман белгі. (М.Әуезов).

Бар – бақыр, жоқ – алтын. (мәтел)

Ол жас жігіт – Әбдікәрім. (М.Әуезов).

Шабын биыл ересен биік. (Ғ.Мұстафин), т.б.

### **Бес сөзден құралған аналитикалық сөйлемдер:**

Бас, жамбас, қазы-қарта түгел. (М.Мағауин).

Алтын деген – алпауыт патша бар. (Ш.Айтматов).

Көңіл жүйрік пе?

Көк дөнен жүйрік пе? (мақал)

Енді егін де жоқ, шөп те жоқ. (М.Мағауин).

Осы, ана Ысқақ бір жошын! (М.Әуезов).

Жақсы жорға – сұлу қыз сияқты. (Ш.Айтматов).

Үлкен сары шкаф, айна, ... этажерка. (С.Ерубәев).

Бір жуан, бір жіңішке дауыс. (З.Қабдолов).

**Алты сөзден құралған аналитикалық сөйлемдер:**

Қазір мол азық, кең дүние жоқ. (М.Мағауин).

Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ. (мақал)

Тамыр – төбе жау,

Құрдас – төбе жау. (Б.Нұржекеев).

Көз – жіті, құлақ – сақ, көңіл – кең. (мақал)

Төңірек тегіс шоқы-шоқы, белес-белес. (М.Мағауин).

Жеті рет піш,

Бір рет кес. (мақал)

Әкім ел үшін ие, ел жер үшін ие емес пе? (М.Әуезов).

Қалың сақал, мұрт та, ұзын шаш та сап-сары.

(М.Мағауин).

Бір пайда – пайда,

Екі пайда – қайда? (мәтел)

Неке – ғайып, нәсіп – ғайып, дидар – ғайып. (мақал)

Неміс – жат жұрт, жат жұрт – жау. (А.Алтай).

Жақсы қатын – зейнет, жаман қатын – бейнет. (мақал)

Күн жексенбі, жұмыс жоқ, өте жақсы отыр.

(Ғ.Мұстафин).

**Жеті сөзден құралған аналитикалық сөйлемдер:**

Көп сөз – боқ сөз, аз сөз – алтын. (мақал)

Ол Дәрмен, Баймағанбет және жас жігіт Серкеш.

(М.Әуезов).

Халық – қалың орман,

Әрі пана, әрі орман. (мақал).

**Сегіз сөзден құралған аналитикалық сөйлемдер:**

Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ. (мақал)  
Жүйрік ат, құмай тазы, сұлу қыз – бәрі жақсы.  
(Ғ.Мұстафин).

Қалың қабақ, қыр мұрын, бозғыл түс, құмай көз...  
(І.Есенберлин).

Аяқ – азамат, Қол – мүлік,  
Бас – сандық, Тіл – кілт. (мақал)

Мал семіз – төл егіз,  
Жер семіз – дән егіз. (мақал)

Аяқ – арғымақ,  
Қол – азамат,  
Көз – жанат,  
Сөз – қанат. (мақал)

Батыр ортақ, ер ортақ,  
Күн ортақ, ай ортақ. (мәтел)  
Тамаша өмір, шаттық жыр,  
Қала, дала, ой мен қыр... (Жамбыл).

**Тоғыз сөзден құралған аналитикалық сөйлемдер:**

Батыр деген бір ақ ат,  
Би деген ақ шарифат. (мәтел)  
Өмір мен өлім, махаббат пен қасірет, нихам шабыт:  
бәрі-бәрі – музыкада. (Ш.Айтматов).

**Он екі сөзден құралған аналитикалық сөйлемдер:**

Қасқыр – жүйрік, жылыс жоқ,  
Түлкі – жүйрік, дыбыс жоқ,  
Қоян жүйрік, тыныс жоқ. (мақал)

Бір адам – самал,  
Екі адам – амал,  
Үш адам – жамал,  
Төрт адам – қамал. (мақал)

Жабайы қонақ бір күн,  
Құдайы қонақ үш күн,

Әдейі қонақ отыз күн. (мақал)

Айт пен той, қалың базар, жақын жәрмеңке, оқыс бір апат, қат-қабат әбігер кез.

**Он бес сөзден құралған аналитикалық сөйлемдер:**

Бір қыдыр бар: құт-қыдыр,

Бір қыдыр бар: жұт-қыдыр,

Бір қыдыр бар: бұт-қыдыр. (М.Ж.Көпеев).

**Қорытынды.**

Қазақ тіл білімінде қабыса байланысқан сөз тіркестері бұрыннан ғылыми зерттеудің нысаны болып келе жатыр. XX ғасырдың 40-жылдарынан бастау алатын зерттеулерде сөз сипаты мен негізгі ерекшеліктері анықталған. «Аналитизм» ұғымы сөз тіркесінде бар, дегенмен, бүгінгі таңда біз бұл ұғымның сөйлемге де қатысы бар екенін дәлелдедік. Тілдің сонау тарихын қазбаласақ, алғашқы сөйлемдер де аналитикалық болғанға ұқсайды.

Қазақ тіл біліміндегі қабыса байланысудың зерттелуіне шолу жасай отырып, сөз тіркесі мен сөйлем арасындағы басты-басты ерекшеліктерге назар аудардық.

Сонымен қатар, қабыса байланысқан сөз тіркесінің байланысу сипатында жалғау болмағандықтан, ол атауыш сөз жасауға икемді, яғни, басқа сөз тіркестерімен салыстырғанда, қабыса байланысудың лексикалануға бейімділігі, болмаса терминді жасауға икемділігі бар.

Қазақ тілі агглюнативті тілге жатады. Яғни, біздің сөйлемдеріміз жалғаулар арқылы байланысады. Дегенмен, қазақ тілінің құрылымында аналитизмнің де элементтері бар.

Қабыса байланысқан аналитикалық сөйлемдер күні бүгінге дейін зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Сондықтан бұл жұмысым әрі қарай жетілдіруді қажет етеді.

Зүлқия ҚАППАСОВА,  
Павлодар облысының  
Ақсу қаласындағы  
№4 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

«Тәрбие басы – тіл» дегенді Махмуд Қашқари неге айтты? Бүгін біздің ортада неге өз ана тілін білмейтіндер көбейді? Осылай тізе берсең қазақ тілінің бүгінгі жайы, ақын тілімен айтқанда, «Мың өліп, мың тірілген» қазақ ұлтының дәл өзі сияқты. Бірақ айтылуы көп, орындалуы жоқ мемлекеттік тіл туралы заңды орындамайтындар бізде жетіп жатыр.

Ата Заңда «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп анық та айқын жазылған.

XX ғасырдың басында ғалым Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлттың жоғалуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл, сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп еді.

Туған тіліміз – халқымыздың кешегі жүріп өткен жолын, бүгінгі жалғасқан ғұмырының ертеңге апарар мүддесін бейнелейтін ең басты қазынамыз, әйтсе де біздер оны құрметтеп, қолдап, аялау керектігі жөнінде көп ой толғаған емеспіз. Еліміз тәуелсіздік жолының жиырма екінші жылына қадам басқан тарихи шақта, басқа елдермен иығын тең тіресер кезеңде мені тіліміздің қазіргі жайы толғандырады. Әсіресе, жастар, өкінішке орай, ана тіліне менсінбей қарауға әуес. Көшеде жүрген екі қазақтың бірі орыс тілінде сөйлейді, дүкенде де, қоғамдық орындарда жүрсек те көретініміз – сол. Жасы да, кәрісі де тілін бұрап орыс тілінде сөйлеп жатқаны.

Өз тілімізде сөйлеуге неге арланамыз? Білмесек, үйренуге неге тырыспаймыз?

Жалпы, қай тәрбиенің де бастауы отбасынан басталатынын білмей, патриоттық сезім де отбасынан қалыптасады. Тіл туралы айтылғандардың бәрі желге ұшып, қоқысқа айналмасын десе, әр қазақ өз шаңырағында ағарту ісімен айналысса деймін. Сонда ғана әр адамның санасында ұлттық намыс, патриоттық сезімдер оянар еді. Сөйтіп ол да ана тілін қадірлеуге, сыйлауға, қамқорлыққа, ұмытпауға, патриоттық сезімнің оянуына ат салысар еді.

Қазақ халқы «Отан» ұғымын бала бойына ерте сіңіруіне себепті, ана тіліне тырысқан, оны туған жер, ана тіл, атамекен, ел-жұртпен байланыстырған. Отан – отбасынан, ата-жұртынан, туып өскен топырақтан, ана тілінен басталған. Бірақ қазіргі жастардың көбі мұны білмейді, түсінбейді, менсінбейді. Сондықтан да мен тіліміздің мәселелерінің біріне өзегін жастар бойындағы намыстың, патриоттық қасиеттерінің жоқтығымен байланыстырамын. Олай болса жастар арасында ұлттық патриоттық тәрбиеге мән беру қажет. Нағыз патриот әрқашан ұлтына тән ерекшеліктерді түсініп, сезініп, өз ұлтының құндылықтарын басқа ұлттармен біреулердің тепкісіне ешқашан бермейді деп ойлаймын.

Ана тілі туралы ұлы адамдардың ой-пікірлері көп. Соның бірі – жүрегіме ұялаған жазушы Ғабит Мүсіреповтің сөзіне тоқтала кетсем. «Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана оны аяққа басады» деген екен Ғабит атамыз.

«Дос жылата айтады» дегендей, жан жүрегімен, ақыл-парасатымен айтып та, жазып та жатқан елдің жоғын жоқтаушы ағаларымыздың сөзіне құлақ асайық. «Өз-өзіңді сыйласаң, жат жанынан түңілер» деген ғой бабаларымыз. Сондықтан өз тілімізді, дінімізді сыйлайық. Өз жерімізге, өз

елімізге, ұлтымыздың атымен аталатын республикада өмір сүріп, өзіміздің тілімізді білмейтініміз, түсінбейтініміз – ұят.

«Елге деген сатқындық оның болашағына сенбеуден басталады. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Тілсіз ұлт болмайды. Өз тілімізді сақтау, өз тілімізді құрметтеу отаншылдық рухты оятуға қызмет етеді. Әрі ол – ата-баба алдындағы ұлы парызымыз да» деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтатып, оның қолданылу аясын кеңейтуге, дамытуға ат салысу, ең алдымен, білім ордаларынан бастау алуы тиіс.

Адам баласы тек қана білім арқылы дүниенің құпия сырын ашады. Білімді адамның жолы әрқашан ашық. Білімнен тағылым алып, болашағын болжап, келешегіне бағыт белгілейді. Білім алдымен тіл арқылы, әсіресе, ана тілі арқылы игеріледі. Адам жақсы оқып, білім алса ғана өзіне, өзгелерге, қоғамға пайда әкелмек. Ол өткен тарихтан мәлімет ала отырып, жаңалық ашады. Сонымен бірге әрбір адам бірнеше шет тілін де меңгеруі қажет. Қазақта бір жақсы мақал бар: «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген. Бұл – бекерге айтылмаған сөз.

Сондықтан біз тек мектепте оқытылатын шет тілін білумен ғана шектелмеуіміз керек. Әркім өз бетінше ізденіп оқулықтарын тауып, жаңадан шет тілін үйренсе – өте жақсы. Өйткені, біздің қоғамымыз өркениеттілікке бет алып барады. Болашақтың иесі – қазіргі жастар, сондықтан бірнеше шет тілін меңгеру керек.

«Тіл бесікте бекиді, үйде қалыптасады, бойға ұялайды, шаңырақта шындалады, мектепте дамиды, сөйлегенде жетіледі, жазғанда қалыптасады» депті ғалым Асылы Османова. Өте әдемі айтылған, терең мағыналы сөз.

Ендеше, Асылы апамыздай өзге ұлттың азаматшасы біздің ана тілімізде өте керемет сөйлеп тұрғанда, өзіміздің еліміздің азаматтары не ойлайды екен?

**Бибинур КИСИКОВА,**  
доцент КазНПУ им. Абая.

## **МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ВИДЕОМАТЕРИАЛОВ НА УРОКЕ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА**

Коммуникативно-когнитивный подход к обучению иностранным языкам как основополагающий фактор построения методики работы с видеоматериалом.

Практикой сегодняшнего дня в обучении иностранным языкам стал личностно-деятельный, коммуникативно-когнитивный подход, который явился плодом совместных усилий ученых, занимающихся разработкой этой проблемы в области когнитивной психологии и лингвистики, лингводидактики и лингвострановедения, теории коммуникации и методики преподавания иностранных языков, психолингвистики и теории информации и др.

Методическая наука сегодня вновь обратилась к рассмотрению давно зарекомендовавших себя и вошедших в широкую практику методов и приемов работы, обратив к ним свои взоры с новых точек зрения. Получив новое осмысление и рассмотрение, старые добрые методы вновь засверкают в работе преподавателей - практиков, обретая благодаря исследованиям теоретиков второе дыхание. Однако параллельно ведется и разработка новых методов и форм работы, соответствующих требованиям сегодняшнего дня и основанных на достижениях научно-технической революции.



Многообещающим в этом плане является все более широкое внедрение новых технологий обучения, таких как видео и компьютер, в широкую практику преподавания иностранных языков.

Поэтому в настоящее время, когда технизация учебно-воспитательного процесса продолжает усиливаться, уже существуют объективные условия для того, чтобы видеозапись прочно вошла в учебно-воспитательный процесс по иностранным языкам, как вспомогательное средство с большим дидактическим и психологическими возможностями.

Использование аутентичных видеоматериалов позволяет преподавателю не только приобщить студентов к культурным ценностям народа-носителя языка, но и способствует реализации важнейшего требования коммуникативной методики-представить процесс овладения языком как постижение живой иноязычной культуры; индивидуализации обучения и развитию мотивированности речевой деятельности обучаемых.

Использование видеоматериалов на занятиях предполагает не только активный просмотр, но и вовлечение студентов в разнообразные виды деятельности, начиная с драматизации студентами ситуации, близких к просмотренным и ролевым играм, и заканчивая самостоятельной работой студентов над созданием собственных учебных фильмов и передач. Использование изучаемого языка как в процессе подготовки, так и непосредственно во время съёмки обеспечивает коммуникацию, максимально приближенную к реальной. В случае, если удастся привлечь к участию в съёмке, например, интервью, носителя изучаемого языка, коммуникация носит уже реальный характер, что, без сомнения служит укреплению коммуникативной

мотивации студентов.

В последнее время много методических работ посвящено аспекту межкультурного общения так такому и обучению такому виду коммуникации. Культурологическая коммуникация – взаимодействие между людьми по сложным культурным и социальным вопросам. Преподавание иностранного языка должно основываться на стремлении, идти дальше, чем просто из вежливости реализовать в языке некоторые знания об образе жизни народа, на языке которого мы учимся говорить о том, что оно готовит обучающихся к общению и взаимодействию с иностранцами когда они будут приняты такими, как есть, вместо того, чтобы унижать их, считая их «почти такими же как мы».

Лингвострановедческому компоненту содержания обучения иностранным языкам в последние годы уделяют особое внимание. Это и понятно, так как любой язык существует только в обществе носителей языка и неразрывно связан с развитием этого общества. Лингвострановедческий компонент связан с развитием этого общества. Лингвострановедческий компонент включает в себя лингвострановедческие и страноведческие знания, а также владение экстралингвистическим материалом (т.е. жесты, мимика, реалии) и паралингвистическими средствами (т.е. интонация, паузация, дикция, темп речи).

При соответствующем подборе видеофрагментов преподаватель может предъявлять студентам элементы культуры стран изучаемого языка. Культурный аспект, как правило, включен во все существующие видеокурсы, ряд курсов прямо направлен на формирование лингвострановедческой компетенции.

Для того, чтобы сформировать у студентов полноцен-

ные коммуникативные умения, преподаватель может с большой эффективностью использовать видеоматериалы. Как гласит известная русская пословица, «Лучше один раз увидеть, чем сто раз услышать» - вместо сложных правил и долгих объяснений о тонкостях построения разговора на английском языке достаточно продемонстрировать в видеозаписи различные разговоры между людьми в различных ситуациях и затем предоставить студентам возможность попрактиковаться, используя увиденное в качестве образца.

Сегодня это уже не подлежит сомнению и достижениями психологической и методической науки доказан факт влияния изучения языка и культуры другой нации на личность человека: в абсолютном большинстве случаев это влияние положительное: расширяется кругозор, развивается мышление. Очень хорошо эту мысль выразил американский психолог Уинч: «то, что мы можем узнать изучая другие культуры, это не только другие способы действия. Что наиболее важно, мы можем узнать о других возможностях привнести смысл в человеческую жизнь, о различных идеях, о возможной важности выполнения определенных действий, которые человек может предпринимать, размышляя о смысле жизни в целом».

### **Использованные литературы:**

1. Концепция развития иноязычного образования. А., 2005, стр. 4, 6, 7.
2. М.И.Кудрицкая. Методика работы с видеоматериалами на занятиях по практике речи английского языка. А., 2010.
3. И.В.Даниловская. Вопросы об использовании аутентичных видеоматериалов в обучении иностранному языку. Иностранные языки в школах Казахстана. 2004, №4.

Гүлзат БАҚТЫБАЕВА,  
Шығыс Қазақстан облысының  
Семей қаласындағы  
№ 22 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## АСАН ҚАЙҒЫ

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларға жыраулар поэзиясы туралы мағлұмат беру. **Міндеттері:** білімділік – Асан қайғының өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін тереңдету; дамытушылық – ойлау қабілеттерін шыңдау, талдау жұмыстарына жұмылдыру; тәрбиелік – Асан қайғы толғаулары арқылы адамгершілікке, ізгі қасиеттерге баулу.

**Түрі:** жаңа сабақты игеру.

**Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, талдау.

**Сабақ барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:**

Оқушылармен амандасу, сыныпты түгелдеу. Сынып назарын жаңа тақырыпқа аудару.

**II. Үй тапсырмасын сұрау.**

1. Жыраулар поэзиясы қай ғасырларды қамтиды?
2. Қандай жырауларды білеміз?

3. «Жыршы», «жырау» сөздерінің айырмашылығы неде?

4. Жыраулар поэзиясының негізгі тақырыптары?

5. Жыраулар поэзиясының зерттелуі неше кезеңге бөлінеді?

### III. Жаңа сабақ.

**Асан қайғы (Хасан) Сәбитұлы** – XIV ғасырдың соңы, XV ғасырдың басында өмір сүрген мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған. Әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария жағасын мекен еткен. Қызылорда облысы, Шиелі ауданының “Жеті әулие” қорымындағы Асан ата кесенесі Асан қайғы мазары деп аталады.

Оның өмір сүрген тұсы қазақ халқының қалыптасу кезеңіне сай келеді. Асан қайғы шығармашылығында негізгі орын алатын – қазақ тұрмысының өзекті мәселелерін арқау еткен философиялық-нақылдық жанрлар: толғау, терме, шешендік сөздер болып табылады. Асан қайғының шығармаларын жинап, зерттеумен Ш.Уәлиханов, Г.П.Потанин, М.Ж.Көпеев, С.Сейфуллин, М.Әуезов айналысты. Жыраудың ақындық мұрасын бастыру XIX ғасырдың соңында басталды. Асан қайғы заманында Алтын Орда ыдырап, оның орынына Қырым, Қазақ, Өзбек хандықтары пайда болды. Ноғай ордасы тарап, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы хандықтар арасындағы қым-қиғаш, талас-тартысты, аласапыран кезеңмен тұспа-тұс келді. Кейінгі ұрпақ әулие танып, аты аңызға айналған *«көшпелілер философы»* (Ш.Уәлиханов) атанған Асан Қайғы *«өзінен қалған қысқа сын болжаулары,*

өсиеті арқылы өзінің жайынан да, заман аңғарынан да бірталай көрініс, білік-дерек береді» (М.Әуезов). Шоқан Уәлихановтың айтуы бойынша, қазақ халқының қамын, болашағын ойлаған “дала философы”, осындай ойшыл, ел қамын жеп, қайғы-қасірет кешкен Асан атына кейін “қайғы” сөзі қосылып аңыздалып кеткен. Шежіре-аңыздардың айтуынша Асанның әкесі Сәбит ұзақ жасаған, он сегіз мың ғаламның, құстың, жан-жануардың тілін білетін, өзі көріпкел әулие, атақты саятшы болса керек. Ол баласы Асанды ес білгеннен осындай қасиеттерге баулып өсіреді. Сондай өнегелі, ұлағатты тәрбие көрген Асан жас кезінен-ақ туған халқының қамын, оның келешекте ірі де, іргелі ел болу жағын ойластыра бастайды. Сондықтан да ол жас болса да хан, сұлтан, би, бектермен бірге жүріп, оларға ақыл қосысады, ой-пікір жарыстырып, тайталасып ержетеді. Бозбала кезінен-ақ ол ақындық-жыраулық, шешендік, тапқырлық өнерді жете меңгереді. Ел дауын, жер дауын, әдет-ғұрып мәселесін шешерде оның ақылдылығы, алғырлығы, кесімді, шешімді билік сөздері өзге би, шешендерден үстем боп шыға береді. Осындай ерен зор талантын байқаған Алтын Орда ханы – Ұлұғ Мұхамед оны өзіне ақылгөй бас би етіп, сарайында ұстайды.

#### **IV. Оқулықпен жұмыс.**

#### **Шығармашылық жұмыс.**

#### **V. Бекіту.**

#### **VI. Бағалау.**

**VII. Үйге тапсырма:** Асан қайғы толғауын оқу, талдау, үзінді жаттау.

# ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН. «БАЙ БАЛАСЫ МЕН ЖАРЛЫ БАЛАСЫ»

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығымен таныстыру арқылы қазақ әдебиетінен білімдерін кеңейту.

**Сабақтың міндеттері:** **білімділік** – оқушылардың танымдық қабілеттерін жетілдіре отырып, әңгіме мазмұнын толық білуге, өз ойын тұжырымдап жеткізуге үйрету; **дамытушылық** – ауызекі сөйлеу дағдысын қалыптастыру, қызығушылығын ояту, ойын еркін жеткізуге баулу, әдеби таным негіздерін білуіне жағдай жасау; **тәрбиелік** – жаман қасиеттерден жирендіру, еңбекті, татулық пен достықты бағалауға тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдіс-тәсілі:** топтастыру, сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, аудару, іздендіру. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, орыс тілі, орыс әдебиеті, тарих. **Көрнекілігі:** суреттер, кесте, презентация.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:**

- оқушыларды түгелдеу;
- көңіл-күйлерін сұрау;

- назарларын сабаққа аудару.

## II. Үй тапсырмасын тексеру.

Шоқан Уәлиханов туралы білімдерін тексеру.

### Сұрақтар /Кластер түрінде/:

1. Шоқан Уәлихановтың шын аты? / *Шоқан Уәлихановтың шын аты – Мұхаммедханафия/.*

2. Шоқан Уәлихановтың туған жері? / *Шоқан Уәлиханов 1835 жылы туды/.*

3. Шоқан Уәлиханов қайда туды? / *Шоқан Уәлихановтың туған жері – қазіргі Қостанай облысындағы Құсмұрын көлінің жағасы/.*

4. Шоқан Уәлихановтың қандай еңбектерін білесіңдер? / *Шоқан Уәлиханов қазақ халқының «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лиро – эпостық жырын, қырғыз халқының «Манас» жырын зерттеген, «Жоңғария очерктері» туындысын жазған. Қазақ-қырғыз халықтарының ауыз әдебиеті үлгілерін, тарихы мен этнографиясына, дәстүрі мен салтына байланысты материалдар жинайды.*

5. Шоқан Уәлиханов қайда саяхат жасады? /*Жоңғар қақпасына, Алакөл, Тарбағатайға саяхат жасады/.*

6. Шоқан Уәлиханов қай жылы қайтыс болды? /*Шоқан Уәлиханов 1865 жылы қайтыс болды/.*

7. Орыс халқының ұлы ғалымдары Шоқан Уәлиханов туралы не деген? / *Шоқан туралы Г.И.Потанин былай деп жазған: «Бізден жасы кіші болса да, өзімізбен салыстырғанда, жалпы жолдастарына, соның ішінде маған, ол еріксіз «Еуропаға ашқан терезе» сықылды болды». Шоқан туралы академик И.И.Веселовский: «Шоқан Уәлиханов шығыстану әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келген ұлы ғалым, орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдары оны ерекше құбылыс*



деп түгел мойындаған»,- деп жазды. 1857 жылы Шоқан Орыс география қоғамының толық мүшелігіне сайланады/.

8. Шоқан Уәлиханов кім? /Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов – қазақтың ұлы ғалымы, тарихшы, фольклоршы, саяхатшы, этнограф, географ, демократ. ағартушы/.

### **III. Жаңа сабақ.**

- Өздерің білетіндей, қазақ әдебиеті бірнеше кезеңдерден тұрады.

XIX ғасыр әдебиеті – ағартушылық әдебиет деп аталады. Ағартушылық әдебиеттің негізін салушылар – халқын өнер-білім алуға шақырған, мәдениетті, ғылымды насихаттаған – Ш.Уәлиханов, А.Құнанбайұлы, Ы.Алтынсарин бабаларымыз. Бүгінгі сабақта осы ағартушылардың бірі де бірегейі – Ыбырай Алтынсарин атамызбен жақынырақ танысамыз.

/Кластер түрінде/. Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы қазіргі Қостанай облысы, Қостанай ауданында дүниеге келген. 1857 жылы мектепті үздік бітіреді. 1860 жылдан бастап Ыбырайдың ағартушылық – ұстаздық қызметі басталады. Ыбырай атамыздың тікелей араласуымен бірнеше мектептер ашылады. Ақынның «Өнер-білім бар жұрттар», «Жаз», «Өзен» атты өлеңдері, «Әке мен бала», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бай баласы мен жарлы баласы» атты әңгімелері бар. Ұлы ағартушы «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулық, «Қазақ, орыс тілін үйретудегі бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын жазды.«Кел, балалар, оқылық!» атты өлеңінде:

Кел, балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге,

Ықыласпен тоқылық!

Оқысандар, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.  
Тілегенің алдыңнан,  
Іздемей-ақ табылар,- деп жастарды білім алуға  
шақырумен қатар білімнің маңыздылығы мен  
қажеттілігін баса көрсетеді. Ақынның барлық  
шығармалары еңбексүйгіштікке тәрбиелейді. Ыбырай  
Алтынсарин – қазақ халқының аса көрнекті ағартушы-  
педагогы, жазушы, этнографы, фольклоршы,  
аудармашы, қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы.  
Қазақтың тұңғыш педагогы, ақын, балаларға арнап  
тұңғыш әңгімелер жазған жазушы Ыбырай Алтынсарин  
1889 жылы дүние салды.

**/Кластер түрінде/. Әңгіме туралы түсінік.**

Әңгіме – көлемі жағынан шағын, қарасөзбен жазыл-  
ған, оқиғаға құрылған көркем шығарма. Әңгімеде өмірдің  
бір мезеті, қысқа оқиғалар суреттеледі. Кейіпкерлер саны  
шектеулі болады.

**Сөздікпен жұмыс** ( топпен, жұппен, жекелей):

*тікелей – напрямую;*

*жазба әдебиетінің негізін салушы – основатель  
письменной литературы;*

*бай баласы – сын богача;*

*жарлы баласы – сын бедняка;*

*құрдас – ровесник;*

*ескерілмей – незаметно;*

*жұртта қалу – остаться на месте кочевья;*

*малдың жас тезегі – свежий помет скота;*

*тұзақ – силки, ловушка;*

*таса жер – неприметное место;*

*мұқтаждық – нужда;*

*әуре ету – мучить;*

бауыздау – резать, забивать скот;  
шақпақ тас – кремень, огниво;  
мақта – вата;  
қу тал – сухие ветки;  
отқа қақтау – коптить;  
уайым – переживание;  
қыл – конский волос;  
сүрлеу – тропинка;  
қарыны ашу – проголодаться;  
үйрек – утка;  
көзі сынған ине – иголка со сломанным ушком;  
сусындарын қандыру – утолить жажду;  
сәске – позднее утро;  
дағдару – растеряться;  
мола – могила, кладбище;  
ортаң – солончак;  
киік – сайгак;  
құлан – кулан;  
ұлу – выть;  
күншығыс – восток;  
өткел – переправа;  
кідірмеу – не мешкать;  
тайыз – мелкая вода;  
қармақ – крючок;  
шегіртке – кузнечик;  
жем – корм;  
шабақ – чебак;  
сүйінші – сообщение радостной вести;  
ымырт жабылу – вечереть;  
адасу – заблудиться;  
шортан – щука;  
тәкаппарлық – высокомерие;

алабұға – окунь;

бесін – полдень.

- Мәтінмен жұмыс (мәтіннің мазмұны бойынша 2-3 оқушыны тыңдау).

**Тапсырма** (жазбаша түрде, дәптермен жұмыс):

Мына кесте арқылы әңгімедегі кейіпкерлерге мінездеме беріңдер.

Әңгіме кейіпкерлері	Қандай
Асан	Бай баласы, жылауық, ерке, жалқау, өмірге бейімделмеген.
Үсен	Кедей баласы, ақылды, еңбекқор, көреген, өмірге бейімделген.

**Тапсырма:** Асан мен Үсенді не байланыстыратынын айтыңдар (Олар бір-біріне кім? Мысалы: дос, құрдас, бір ауылдікі).

**Тапсырма:** Үсен мен Асан үйлеріне қайту мақсаттарына жету үшін жолда тапқан заттарын рет-ретімен айтыңдар.

Көзі сынған ине	Шегіртке
Пышақ	Киік
Қыл	Құлан
Сүрлеу	Қасқырлардың ұлығанын естиді
Тезек	Мола
Үйрек	Қаз
Жұмыртқа	Көл
Өзен	Қой, жылқы, түйе, сиыр (төрт түлік)
Шақпақ тас	
Балық (шабақтар, шортан, алабұғалар)	

**Тапсырма** (жазбаша түрде, дәптермен жұмыс):

Үсен тапқан заттарынан не істеді?

- Қылдан тұзақ, бау істеді.

- Пышақпен үйрек бауыздады, тасқа ұру арқылы от жақты.

- Инеден қармақ жасады.

**Тапсырма:** Мәтіннің композициясын анықтайық.

<b>Бастамасы</b>	<b>Вступление</b>	Бір күні ел көшкенде қыр астында ойнап жүріп, ескерілмей, екеуі жұртта қалыпты.
<b>Дамуы</b>	<b>Основная часть</b>	- Жылағанмен еш нәрсе өнбес, көшкен ауылды іздеп табалық, - деді Үсен.
<b>Шарықтау шегі</b>	<b>Кульминация</b>	Үсен жақын жерде көл бар екенін енді білді. Қаз сусыз жерді мекен етпейді...
<b>Шешуі</b>	<b>Развязка</b>	Көп қиындықтан кейін, нақ бесін мезгілінде балалар аман-есен үйлеріне келіп, әке-шешелеріне қосылды.

**Тапсырма:** Еңбек пен жалқаулық туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

**Мысалы:**

- Жұмыстың жаманы жоқ.

- Еңбек ширатады,

Өмір үйретеді.

- Еңбек патшалықты асырайды.

- Еңбек – адамның көркі

Адам – заманның көркі.

**IV. Сабақты қорыту, бекіту.**

1. Әңгіме не себепті «Бай баласы мен жарлы баласы» деп аталған?

2. «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі бізді неге үйретеді?

3. */Миза шабуыл/ Үсен мен Асанды неге немесе кімге теңер едіңдер? /Плакаттарда сурет түрінде өз ойларыңды жеткізіңдер/.*

**V. Бағалау.** Түрлі-түсті стикерлерге бүгінгі сабақ туралы пікірлеріңді жазыңдар.

**VI. Үйге тапсырма:** жаңа сөздердің мағыналарын түсіну, әңгіменің мазмұнын кеңінен ашу.



**Майра ҚАЛДЫБАЕВА,**  
Алматы облысының  
Сарқан ауданындағы  
Тополевка орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ**

*(6-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – оқушылардың ұлы ақын жайлы білетін білімдерін жинақтап, оларды толықтыру, шығармашылығымен таныстыру; **дамытушылық** – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, ауызекі тілде сөйлеу мәдениеттерін қалыптастыру; **тәрбиелік** – ақынның табиғат лирикасын оқыту арқылы оқушыларды отансүйгіштікке, туған елін, жерін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Негізгі дереккөздер:** ақынның шығармалар жинақтары, слайдтар, ақынның портреті, қорықтардың суреттері, бағалау парақтары, стикерлер.

**Түрі:** біріктірілген. **Әдіс-тәсілдері:** мотивациялық сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыстар, топтық жұмыстар.

## **Сабақтың барысы:**

### **I. Психологиялық ахуал.**

Сынып оқушылары бір-бірлерінің қолдарынан ұстап дөңгелене тұрады. Сағат тілінің бағытымен қарай бір-бірлеріне жақсы, жылы сөздер айтады.

### **II. Үй тапсырмасын тексеру:**

а) Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы жайлы өткен мәліметтер бойынша әңгімелету;

ә) Үй тапсырмасын пысықтау мақсатында тест жұмыстарын жүргізу. Жұмыстарын берілген жауап парақтары арқылы тексеріп, бағалау парақтарына өздеріне баға қояды.

### **III. Жаңа сабаққа кіріспе:**

Оқушыларға «Қорық дегеніміз не?», «Қазақстанда қандай қорықтар бар?», «Ол қорықтар не үшін қажет?» деген сияқты сұрақтар қойып, берілген жауаптарын жинақтай келе, бүгінгі сабақтың тақырыбына келу (оқушылардың жауаптарынан кейін қорықтардың суреттерін, олар бойынша мәліметтер көрсету).

### **IV. Жаңа тақырыпқа түсінік:**

Абайдың табиғат лирикасы жалаң келмей, жамыраңқы келеді. Оның пейзажы қимылға, адаммен қарым-қатынасқа, мағыналыққа толы. Абайдың пейзажы біздің қанымызға дарып, санамызға сіңіп кеткен. Көктем келсе, біз Абайдың сөгілген бұлтын, ойнаған найзағайын еске аламыз. Жаз шықса, біз Абайдың көкорай шалғынына ауаңдай боламыз. Күз болса, біз Абайдың дымқыл су бүріккен тұманына шомылғандай әсерленеміз. Қыс түссе, біз қалтыраған ақ сақалды шалды көз алдымызға

естетеміз. Абайдың самалы, сағымы, желі, жаңбыры, үскірігі, аязы баяғы күйінде тұрғандай сезінеміз. Оның байлығы баршамызға жетіп жататындай. Абайдың бір ұлылығы – осында.

**V. Оқулықпен жұмыс.** Ақынның табиғат лирикасына байланысты берілген өлеңдерді мәнерлетіп оқыту, өлеңдерге талдаулар жасату (ұйқас түрлеріне байланысты, тармақ, бунақ түрлеріне, айшықтаудың түрлеріне қатысты).

**VI. Сергіту кезеңі.** Абайдың «Желсіз түнде – жарық ай» әнін нақышына келтіріп орындату.

**VII. Топтық жұмыс.** Сынып оқушыларын түрлі-түсті қағаздар арқылы екі топқа бөлу.

Топтық жұмыс орындату.

Абайдың табиғат лирикасына байланысты ұнаған өлеңдерінің бірін постерге бейнелеу арқылы көрсету;

**VIII. Сабақты бекіту.** Сабақты «Абай кім?» деген сұраққа жауап беру арқылы бекіту.

**IX. Бағалау өлшемдері:**

*Үй тапсырмасының орындалуы;*

*Оқулықпен жұмыс;*

*Топтық жұмыс.*

Оқушылар бағалау парақтарына қойылған бағаларын қорытындылап, мұғалімге өткізеді.

**X. Рефлексия:**

Оқушылар алдыларындағы сабақтың басында таратылып берілген стикерлерге сабақтан алған әсерлерін, ұнаған, ұнамаған жақтарын белгілеп, көрсетіп, тақтада ілулі тұрған смайликтердің біріне жабыстырады (қызғылт түс – өте жақсы, жасыл түс – жақсы, сары түс – нашар).



Толқын ДҮЙСЕНҒАЛИЕВА,  
Алматы мемлекеттік  
жаңа технологиялар колледжінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің оқытушысы.

# КИИМ СТИЛІНІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ШАРТТЫ БАҒЫНЫҢҚЫ САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

**Сабақтың мақсаты (флипчарттан көрсету):**  
**білімділік** – стиль туралы түсініктерін кеңейту, жаңа сөздермен таныстыру; **тәрбиелік** – оқушыларды әсемдікті, әдемілікті түсінуге баулу, талғам мен таңдаудың берер көмегі туралы әңгіме ете отырып, жақсы киінуге, ұқыпты болуға шақыру, өз мамандығына деген қызығушылығын арттыру, адал еңбек етуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – жаңа сөздермен сөз тіркестерін, сөйлем үлгілерін дұрыс құру, мәтінді мәнерлеп оқи білу, бір-біріне сұрақ қою, сұрақтарға дұрыс жауап беру, тақырып бойынша әңгімелеу, сауатты жаза білу дағдыларын дамыту.

**Түрі:** аралас, жаңа білімді игеру сабағы. **Тәсілі:** әңгіме, сұхбат, өз бетімен жұмыс істеу. **Сабақта қызметті ұйымдастыру түрлері:** жеке, топтық, жалпы. **Көрнекілігі:** дидактикалық материалдар: кеспелер мен мәтіндер; интерактивті тақта, кестелер, слайд, фильм. **Пәнаралық байланыс:** мататану, костюмдер тарихы. **Әдебиет:** альбомдар, сөздіктер, технология оқулықтары, интернет материалдары.

## Сабақтың жүрісі/ход урока:

### 1. Ұйымдастыру сәті:

- Сәлеметсіздер ме, оқушылар?

- Сәлеметсіз бе?

- Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! Біздің колледжге қош келдіңіздер!

- Сабақта кім жоқ, кім келмеді?

- Сабақта ... жоқ( немесе бәрі келді).

- Қыздар, сабақты әдеттегідей Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын орындаудан бастаймыз. Орындауға дайындаламыз.

### 2. Үй тапсырмасын тексеру:

- Қыздар, өткен сабағымызда «Стиль туралы түсінік» мәтінімен танысқан болатынбыз. Осы мәтін бойынша қандай сөздермен танысып едік? Бүгін сөздік жұмысын кім жүргізеді? (Бір оқушы тақтаға шығып, сөздік жұмысын жүргізеді).

А) Жаңа сөздермен жұмыс: бір оқушы орыс тілінде сұрайды, екіншісі қазақ тіліндегі баламасын табады, сөйлем құрастырады, бір-біріне сұрақтар қояды, жауап береді.

- Жарайсың, көп рахмет! Енді үй тапсырмасын, яғни, «Стиль туралы түсінік» мәтінін кім толықтырып әңгімелеп береді?

- Мен жауап берейінші (1-2 оқушыны сөйлету).

- Ал тақтаға кім шығады? Ол шартты сабақтас құрмалас сөйлемге мысал жазып, оны талдайды (Қарапайым тақтада бір оқушы сөйлем құрып, оны талдайды)

3. - Сонымен, қыздар, біздер бүгін өткен сабақтағы тақырыпты одан әрі жалғастырамыз. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: **Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді жалғастырамыз** (Сабақтың міндеті

мен мақсатын хабарлау).

- Біз бүгін «Киім стилінің түрлері» тақырыбы бойынша жаңа сөздермен танысамыз, мәнерлеп оқу дағдысын, екеуара сөйлесуді, өзіндік пікір білдіруді жандандырамыз.

- Сіздер қандай стиль түрлерімен таныссындар?

- Қазіргі кезде стиль түрлері өте көп. Мысалы: классикалық, спорттық, сафари, ретро, т.б.

- Дұрыс, қазіргі кезде киім стилінің түрлері көп, бірақ біз бүгін солардың халық арасында кең тараған түрлерімен мәтінді оқи отырып танысамыз.

#### **4. Жаңа материалды мазмұндау.**

*Мәтінмен жұмыс.*

**Киім стилінің түрлері:**

*а) - Ең алдымен жаңа сөздермен танысамыз. Тақтаға назар аударайық!*

**Флипчарт №2**

**Лексикалық минимум:** уақыт сүзгісінен өткен — проверенный временем; көзге оғаш көрінбейді — не бросается в глаза; сенімділік — надежность; жаралықтырмайды — не утомляет; бәсекелестік — конкуренция; сапалы — качественный; ашық түсті — светлый, яркий; пішін — форма; шешім — решение; әшекейлер — украшение; талғам — вкус; үйлесім — сочетание; кесте — вышивка; шілтер — кружево; бау — шнур.

*ә) жаңа сөздерді қазақ және орыс тілдерінде оқимыз және сөз тіркестерін құрамыз;*

**б) аудармасын табыңыз:**

уақыт сүзгісінен өткен	не бросается в глаза
жалалықтырмайды	конкуренция
жарасымды	не утомляет
көзге оғаш көрінбейді	проверенный временем

сенімділік	надежность
ашық түсті	к лицу
ыңғайлы	светлый, яркий
бәсекелестік	качественный
белсенді	удобный
сапалы	активный

**в) - Енді, оқушылар, мәтінмен танысайық.**

**г) - Бүгін аударма жұмысын жұптасып орындаймыз (мәтінді азат жол (абзац) бойынша 5 жұпқа бөліп беру).**

**Киім стилінің түрлері:**

**Классика** - бұл уақыт сүзгісінен өткен, тұрақты қалыптасқан стиль. Басқа стильдерден оның артықшылығы: барлық жерде жарасымды, жас айырмашылығын қажет етпейді, көзге оғаш көрінбейді, өзінің иесін жалықтырмайды.

**Спорт стилі** – күнделікті өмірде киюге **ыңғайлы**, жұмысқа да, демалыс үшін де **жарасымды**, **жайлы**. Спорт стиліне **белсенді** қозғалысты қамтамасыз ететін формалар тән.

**Қиял немесе фантазиялық стиль** – ол өзінің ешкімді қайталамайтын пішінімен, күрделі құрылымдық шешімдерімен, көзге түсетін әшекейлерімен, батылдығымен сипатталады.

**Ұлттық немесе фольклорлық стиль** – ұлттық сипаттағы осы заманғы киімдер. Бұл стильде ұлттық ою-өрнектер, кестелер, шілтер, баулар, қол жұмыстарын кеңінен қолданамыз.

**Диффуз стилі** – бірнеше стильдің бір ансамбльде бір-бірімен үйлесім табуы. Мысалы: жейде – ұлттық стильде, шалбар – спорттық стильде.

Бір ескертетін жайт: диффуз стилі биік талғамды кажет етеді.

### Флипчарт №3

ә) - Сөз тіркестерін стиль түрлеріне қарай топтастырыңдар (берілген сөздерді бес стиль түріне сай топтастыру керек)

**Классика:** сәнді, жарасымды, мінсіз, сыпайы.

**Спорт:** ыңғайлы, жайлы, қанықтылық, заманауи.

**Диффуз:** үйлесімді, аралас, еркін.

**Қиял:** таңқаларлық, ерекше.

**Ұлттық:** келісті, көркем.

### Флипчарт №4

б) - Сөйлемдерді аяқтаңыз:

**Классика** – бұл уақыт сүзгісінен өткен, ....

**Спорт стилі** – күнделікті өмірде кюге **ыңғайлы**, ...

**Ұлттық немесе фольклорлық стиль** – ұлттық сипаттағы ...

**Диффуз стилі** – бірнеше стильдің ...

**Қиял немесе фантазиялық стиль** – ол өзінің ешкімді қайталамайтын пішінімен, ...

Керекті сөздер: *бір ансамбльде бір-бірімен үйлесім табуы; жұмысқа да, демалыс үшін де жарасымды, жайлы; осы заманғы киімдер; көзге түсетін әшекейлерімен; батылдығымен сипатталады; тұрақты қалыптасқан стиль.*

- Тест сұрақтарына жауап беріңіз (слайд түрінде).

**1. Ұлттық сипаттағы осы заманғы киімдер қай стильге жатады?**

а) классикалық;

ә) фольклорлық;

б) романтикалық.

**2. Келісті, іскерлі, өзгермейтін стиль –**

- а) спорттық;
- ә) классикалық;
- б) романтикалық.

**3. Киімде әйелдің нәзіктік қасиеттерін бейнелейтін**

**стиль:**

- а) фольклорлық;
- ә) классикалық;
- б) романтикалық.

**4. Өте ыңғайлы стиль:**

- а) классикалық;
- ә) спорттық;
- б) романтикалық.

**5. Диффуз стилі қайсысы?**

- а) уақыт сүзігісінен өткен, тұрақты қалыптасқан стиль;
- ә) күнделікті өмірде киюге ыңғайлы;
- б) бірнеше стильдің бір ансамбльде бір-бірімен үйлесім табуы.

**6. Қиял немесе фантазиялық стиль:**

- а) күнделікті өмірде киюге ыңғайлы.
- ә) ешкімді қайталамайтын пішінімен, батылдығымен сипатталады.
- б) ұлттық сипаттағы осы заманғы киімдер.

**7. Ұлттық ою-өрнектер, кестелер, шілтер, баулар, қол жұмыстары қандай стильде кеңінен қолданылады?**

- а) фольклорлық;
- ә) классикалық;
- б) романтикалық.

**8. Өзінің иесін жалықтырмайтын, бірнеше маусым бойына бәсекелестікке шыдамды стиль:**

- а) фольклорлық;

ә) классикалық;

б) романтикалық.

**9. Белсенді қозғалысты қамтамасыз ететін стиль:**

а) спорттық;

ә) классикалық;

б) романтикалық.

**10. Ұлттық стильдегі жейдені спорттық стильдегі**

**шалбармен кию қандай стильге тән?**

а) фольклорлық;

ә) диффуз;

б) романтикалық.

**5. Өткен материалдарды қайталау, еске түсіру**

(онлайн-тәжірибе алмасу түрінде).

- Иә, оқушылар, сонымен сәнді киіну қандай қасиет екен?

- Сәнді киіну – мақтауға тұрарлық қасиет.

- Сәнді киіну стильге ғана байланысты ма?

- Жоқ, ол талғам мен таңдауға, материал мен тігіске де байланысты.

- Тігіс демекші, біз өткен модульде «Тігіс түрлері, тігін машинасы түрлері, мата түрлері» сияқты мәтіндермен танысқан болатынбыз. Осы тақырыптарды еске түсіріп, тігін шеберханасымен онлайн режимде байланысқа шығамыз. Қазір МК-32 тобы шеберханада іс-тәжірибеден өтіп жатыр, сол топпен тәжірибе алмасып көрелік.

- Сәлеметсіздер ме, МК-32 тобы!

- Сәлеметсіздер ме? Сіздердің назарларыңызда МК-32 тобы! Біз кешеден бері осы шеберханада іс-тәжірибеден өтіп жатырмыз. Яғни, теориялық алған білімімізді тәжірибе жүзінде жүзеге асырудамыз.

- Шеберханада қандай жұмыс түрін орындап жатырсындар?

- Қазір ..... (орындап жатқан істерін әңгімелейді)

- Біз қазір тігіс түрлерін қайталап отырмыз, бізге сұрақ қойып, білген, үйренгендеріңмен бөліссеңдер, қалай болар екен?

- Әрине, сұрақ қоюға болады.

(Оқушылар тігіс, машина, стиль түрлерін сұрайды, кабинетте отырған оқушылар жауап береді).

- Көмектеріңізге рахмет! Сау болыңдар!

- Міне, өткен тақырыптарды да еске түсіріп, қайталап шықтық.

**6. Үйге тапсырма беру:** «Мен ұнататын стиль» тақырыбына бүгінгі жаңа сөздерді қатыстыра отырып шағын әңгіме жазу. Жаңа сөздерді жаттау.

**7. Сабақты қорытындылау:**

- Оқушылар, біз бүгін қандай сөздермен, мәтінмен таныстық? Бүгінгі сабағымызды фильм көре отырып, қорытындылайық (Фильм көрсетіледі. Фильмде бүгінгі жаңа сөздер мен сөйлем үлгілері берілген, сазды әуеннің ырғағымен сабақты қорытамыз).

**8. Оқушыларды бағалау:** бүгінгі сабаққа белсене араласқан оқушыларды мадақтау, тиісті бағаларын қою.

- Қыздар, сабаққа белсене араласып, сабақтың қызықты өтуіне атсалысқандарың үшін алғыс жариялаймын (оқушылардың алған бағаларын журналға қою).

- Осымен сабағымыз аяқталды, сау болыңыздар!

- Сау болыңыз!



Майра БЕЙСЕБЕКОВА,  
Алматы қаласындағы  
№97 жалпы білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ШОҚАН ЖӘНЕ ФРАНЦУЗ ТІЛІ

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларға Шоқан Уәлиханов туралы түсінік беру. **Міндеттері:** ғалымның жан-жақтылығын ашу арқылы сөйлеу дағдысын қалыптастыру; оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру, сөздік қорын молайту, сөйлем талдай білуге баулу; оқушыларды Шоқан Уәлихановтың жүрген жолын, еңбегін, ізденістерін қадірлей білуге, білімге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

**Типі:** білім мен іс-әрекет тәсілдерін жүйелеу және қорытындылау. **Түрі:** әңгімелесу және өзіндік жұмыс. **Әдісі:** түсіндірме, сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** БДҚ-21; ҚТҰТ-22; слайд, активтақта.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:**

**Білімділік міндеттері:**

1. Сабақта жұмыс жүргізу үшін жалпы сыртқы жағдайды қамтамасыз ету;
2. Оқушыларды психологиялық түрде қарым-қатынасқа дайындау.

### **Сабақ кезеңінің мазмұны:**

1. Сәлемдесу. Сабаққа даярлығын тексеріп, орындарына отырғызу;
2. Оқушылардың көңілін сабаққа аудару;
3. Сабақты жүргізу мақсаты мен жоспарын ашу.

### **Білімділік міндеттердің орындалу көрсеткіштері:**

1. Мұғалім мен оқушылардың мейірімді көңіл-күйі;
2. Оқушылардың жұмысқа жылдам көңіл бөлуі;
3. Сабақ мақсаты мен жұмыс жоспарының тұжырымдалуы.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгінгі сабақ ерекше сабақ, сондықтан сабақтың жақсы өтуіне белсенді жұмыс істеп, жақсы баға алуларыңа сендердің көңіл-күйлеріңнің әсері ерекше екенін білгендерің дұрыс. Олай болса, сәттілік тілеймін.

Назарларыңды мына слайдтағы: «**Шоқаны бар ел – шоқтығы биік ел!**» деген Ғабит Мүсіреповтің тамаша сөзіне аударындаршы, ендеше рухани асқарға жетелейтін қасиетті қазақ тілі сабағын бастаймыз. (Слайд № 1)

### **II. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі.**

#### **Білімділік міндеттері:**

1. Оқушылардың тапсырманы толық білуін, дұрыстығын, байыбына жетіп орындағанын анықтау;
2. Оқушылардың білімі мен іс-әрекетіндегі кемшіліктерді анықтау;
3. Үй жұмысын жасаудағы туған қиындықтардың себебін оқушылармен бірге анықтау;
4. Тексеру кезінде пайда болған олқылықтарды жою.

#### **Сабақ кезеңінің мазмұны:**

1. Берілген оқу материалының игеру деңгейін анықтау;
2. Барлық оқушыларға тән білімдеріндегі қателіктерді және олардың болу себебін анықтау;

3. Кездескен кемшіліктерді жою.

**Білім беру міндеттерінің орындалуының көрсеткіштері:**

1. Оқушы білімін және іс-әрекетін аз уақыт ішінде мұғалімнің тексеріп, оны түсінудегі кемшіліктерді анықтауы;

2. Жеке оқушылардың үй тапсырмасын орындамау себептерін анықтау, оны болдырмау үшін шара қолдану;

3. Оқушылармен бірге сабақтың мақсатын және сабақты өткізуді анықтау;

4. Оқушылардың бірін-бірі және өзін-өзі бақылауымен мұғалім бақылауының сәйкестігінің тиімділігі.

**- Сабақтың эпиграфынан байқадыңдар, біз Шоқан туралы әңгімемізді жалғастырмақпыз.**

Яғни, бүгінгі сабақта:

1. *Шоқан туралы өз білгендеріңді ортаға саласыңдар;*

2. *Шоқанмен танысуды жаңа сабақта жалғастырамыз;*

3. *Жаттығу жұмыстарын орындаймыз;*

4. *Шоқан жайында түрлі тапсырмалар арқылы білімімізді қорытындылаймыз.*

- Шоқан кім?

- Ғалым, этнограф, кәсіби суретші, географ, саяхатшы, зерттеуші, шығыстанушы, тарихшы, философ, ағартушы.

**Үй жұмысын тексеру:**

Активтақта арқылы I бағанда берілген тіркестерге II бағандағы сөздерді сәйкестендіру.

Шоқанның туған жері –	Қостанай облысы Құсмұрын бекеті.
Шоқанның шын аты –	Мұхамедханафия.
Оқыған жері –	Омбыдағы кадет корпусы.
Айналысқан ісі –	аңыз, әңгімелерді жазып алу.
Жан-жақты зерттеген еңбегі –	«Алты шаһардың жайы туралы».

Шоқанның ең қызықты шығармасы –	Қазақтың ескі дінінің тарихы.
Әулиеатаға келуінің себебі –	генерал Черняевтің шақыруы.
Әулиеатадан кейінгі барған жері –	Верный қаласына жақын Тезек төренің ауылы.
Қайтыс болған жылы –	1865.
Сүйегі қойылған жер –	Алтын Емел тауындағы Көшен-Тоған жері.
	Әлімбай.
	Батыс-Қытай-Қашқария.

- Енді маған артық қалған «Әлімбай», «Қашқария» туралы не білесіңдер, соны айтып беріңдерші!

**Сандар сөйлейді.** Берілген сандар арқылы Шоқанның тарихи даталарын еске түсіру

1847 жыл	1835 жыл	1864 жыл
1865 жыл	12 жаста	1853 жыл
1857 жыл	6 ай	6 жыл

**III. Оқушының субъекті тәжірибесін өзектілеу кезеңі:**

**Білімділік міндеттері:**

1. Оқушылардың оқу мотивациясын қамтамасыз ету;
2. Сабақ мақсатын анықтауға оқушымен бірлесе іс-әрекеттерді кірістіруді қамтамасыз ету;

Оқушылардың субъект тәжірибесін өзектендіру.

**Сабақ кезеңінің мазмұны:**

Сабақ тақырыбын хабарлау;

Сабақ мақсатын оқушылармен бірге тұжырымдау;

Оқылатын материалдың практикалық және әлеуметтік маңызын көрсету;

Оқушылар алдына оқу мәселесін қою.

## **Білімділік міндеттерін орындау көрсеткіштері:**

Оқушылардың оқу әрекетіне белсенді дайындығы;

Сабақ мақсатын оқушылармен бірге тұжырымдау;

Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау әдісінің түрлілігі;

Сабақтың мақсатын қоюдағы сабақтастық пен болашағы.

«Менің елім – Қазақстан» деген әр азамат Шоқан сияқты өз еліне беріле қызмет етіп, Шоқан өз елін сүйгендей туған жерді сүйе білуі керек.

## **IV. Жаңа тақырыпты оқып-білу кезеңі.**

### **Білімділік міндеттері:**

1. Оқушының оқу материалын қабылдауын, түсінуін, алғашқы есте сақтауын қамтамасыз етеді. Жаңа сөздер арқылы сөйлеу дағдысын қалыптастыру;

2. Оқушыға мәтінді қорытындылауға мүмкіндік беретін әдіс, амалдарды меңгеруін қамтамасыз ету;

3. Оқушылар меңгерген зат есім ережесінің философиялық мәнін түсінуін қамтамасыз ету.

### **Сабақ кезеңінің мазмұны:**

1. Оқушылардың назарын сабаққа аудару;

2. Оқу материалындағы негізгі ойды хабарлау (ереже);

3. Жаңа тақырыпты түсіндіру әдістерін пайдалану.

### **Білімділік міндеттердің орындалу көрсеткіштері:**

1. Оқушылардың білім алуда өз бетінше жұмыс істеу қабілетін мүмкіндігінше пайдалану;


2. Мұғалімнің қосымша материалдарды пайдалануы;

3. Жаңа тақырыпты ашудағы оқушылардың субъектілік тәжірибесін пайдалану.

**Шоқан туралы тағы не білетінімізді мына сөздер арқылы байқайық:**

пікірлер меңгеру дерек естелігінде еркін түсіну ықпал әсіресе терең білгірі дәлел	мнение, соображение усвоить, изучить сведения, информация воспоминание свободно понимать влияние особенно знаток аргумент
---	---

Шоқантану ғылымында Шоқанның тіл біліміне байланысты зерттеулер, пікірлер көп. Қазақ, орыс тілдерінен басқа бірнеше Еуропа тілдерін меңгергендігі туралы деректер бар. Белгілі фольклоршы, публицист Г.Н.Потанин Шоқан туралы жазған естелігінде Шоқанның француз тілін жақсы меңгергенін және сол тілде жазылған еңбектерді еркін түсініп, оқығанын сөз етеді. Орыс ғалымы П.П.Семенов-Тянь-Шанский Шоқан туралы былай деп жазады: «Петербургте жүргенде менің ықпалыммен университетте лекция тыңдап, француз және шет тілдерін меңгеріп кеткені сонша, Шығыс тарихының, әсіресе қазақ халқы тарихының терең білгірі болып шыққаны дәлелденді».



## **V. Жаңа білім және іс-әрекет амалдарын алғашқы**

**тексеру кезеңі.**

### **Білімділік міндеттері:**

1. Оқушының өткен оқу материалдарын дұрыс және саналы қабылдауын анықтау;
2. Оқушылардың өткен материалды түсінудегі олқылығын, қате қабылдауын айқындау;
3. Оқушының жаңа материалды түсініп қабылдауындағы анықталған олқылықтарға түзету жүргізу;
4. Оқушының субъекті тәжірибесінің ғылыми білім белгілері мен қатынасын қамтамасыз ету.

### **Сабақ кезеңінің мазмұны:**

1. Мұғалімнің оқушының сабақ мазмұнын негізгі мәнін, меңгеруін тексеруі;
2. Оқушының жаңа білімді, іс-әрекет амалдарын толық, саналы меңгеруін тексеруі;
3. Оқушының жаңа материалды алғашқы қабылдауындағы олқылықты айқындау;
4. Оқушының жаңа білімді қабылдауындағы түсініксіздікті жою.

### **Білімділік міндеттердің орындалу көрсеткіштері:**

1. Репродуктивті (төменгі) және конструктивті (жалпы) деңгейдегі көпшілік оқушылардың өткен материалдардың негізгі мазмұнын дұрыс және саналы қабылдауы;
2. Оқушының жауабын нақтылауға және толықтыруға басқа оқушыларды қатыстыру.

**2-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін сөз құрамына қарай талдау.**

Шоқантану ғылымында, орыс тілдерінен, еркін түсініп, жазылған еңбектері, менің ықпалыммен.

**3-тапсырма. Берілген сөйлемдерге синтаксистік талдау жасау.**

Шоқантану ғылымында Шоқанның тіл біліміне байланысты зерттеулер, пікірлер көп болғандықтан, Еуропа тілдерін меңгергендігі туралы деректер бар.

Қазақ, орыс, француз тілдерін үйрену үшін Шоқан көп еңбек жасаған.

## **VI. Жаңа білімді және іс-әрекеттер амалдарын бекіту кезеңі.**

### **Білімділік міндеттері:**

Өзіндік жұмыс жүргізуге қажетті оқушылардың білім мен іс-әрекет тәсілдерін бекітуді қамтамасыз ету;

Бекіту барысында оқушылардың өткен тақырыпты меңгеру деңгейінің жоғарылауына, түсінудің тереңдеуіне жағдай жасау;

Оқытылған материалды бекітуде оқушының жеке өзіндік тәсілдерін анықтауға жағдай жасау;

Білімді бекітудегі жеке өзіндік әдістерді ескере отырып, оқытылған жаңа материалды бекітуді қамтамасыз ету.

### **Сабақ кезеңінің мазмұны:**

Оқытылған танымдық объектілердегі мәнді белгілерді есте сақтау үшін оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру.

**Білімділік міндеттердің орындалу көрсеткіштері:** оқушылардың фактіні, түсініктерді ережелер мен ұсыныстарды салыстыра білуі. Оқыған танымдық объектіні оқушылардың қайта еске түсіру дағдысы.

30 жыл өткенде ғалым, географ және Азияны зерттеуші Г.Н.Потанин Шоқанның әкесі Шыңғыс сұлтанның ауылында болды. Осы сапарының нәтижесінде ол «Қырғыздың ең соңғы ханзадасының отауында» деген еңбек жазып қалдырды.

Шоқан Уәлихановтың құрметіне оның атында Көкшетау облысында аудан, Талдықорған және Көкшетау облыстарында бірнеше ауылдар, Көкшетаудағы



педагогикалық институт, Алматыдағы Тарих, археология және этнография институты, №68 мектеп пен көше аты ғалымның есімімен аталады. Алматы мен Көкшетау қалаларында Ш.Уәлихановқа орнатылған ескерткіш бар.

Омбы қаласындағы Шоқан оқыған бұрынғы Кадет корпусының ғимаратына ескерткіш тақта қойылған.

С.Мұқанов Шоқан туралы «Аққан жұлдыз» атты романын жазды. Шоқан туралы көптеген көркем фильмдер, деректі фильмдер қойылды. Шоқанның рөлін атақты қазақ актері Асанәлі Әшімовтің ұлы Сағи Әшімов ойнады.

И.Стрелкова «Жизнь замечательных людей» атты серия бойынша «Ч.Валиханов» атты кітап шығарды. Оның қабірінің басына ескерткіш пен құлпытас орнатылды. Ескерткішті саяси жер аударылып келген поляк революционері Лепольд Ластовский жергілікті мәрмәр тастан қашап жасады. Сарыөзек маңында Шоқан атында мұражай бар.

**VII. Жаңа білім және іс-әрекет амалдарын қорытындылау, жүйелеу кезеңі.**

**Білімділік міндеттері:**

1. Оқушыларда жетекші білімнің біртұтас жүйесін қалыптастыруды қамтамасыз ету;
2. Оқушылардың пәнаралық және пәнішілік білімдерді анықтауын қамтамасыз ету;
3. Философиялық көзқарастардың түпкі негізін меңгеруге жағдайлар жасау.

**Сабақ кезеңінің мазмұны:**

Жеке білім мен іс-әрекет амалдарын біртұтас жүйелі білім, білікке айналдыруда оқушылар жұмыстарын ұйымдастыру.

**Білімділік міндеттердің орындалу көрсеткіштері:**

Мазмұнының жеке бөлімін толық біртұтастыққа айналдыруда, жіктеуде және жүйелеуде оқушылардың белсенді және нәтижелі іс-әрекеттері;

Оқушылардың пәнішілік және пәнаралық байланыстарын анықтау;

Шоқан туралы жазған орыс ғұламаларының пікірімен танысып көрейік.

Академик **И.И.Веселовский:** «Шоқан Уәлиханов шығыстану әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, орыстың шығыс зерттеуші ғалымдары оны ерекше құбылыс деп түгел мойындап, түркі халықтарының тағдыры туралы одан маңызы зор, ұлы жаңалықтар ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті».

**Е.И.Ковалевский:** «Шоқан – данышпан жігіт».

**Г.И.Потанин:** «Шоқан қазақ ішінен оқырман қауымын тапқан болса, ол өз халқының шын мәніндегі асқан данышпаны болар еді».

### **VIII. Сабақты бекіту кезеңі.**

#### **Білімділік міндеттері:**

1. Оқушылардың түсінгенін байқаудың жеке тәсілін анықтауға жағдай жасау.

#### **Сабақ кезеңінің мазмұны:**

1. Жеке білім мен іс-әрекет амалдарды біртұтас жүйелі білім, білікке айналдыруда оқушылар жұмыстарын ұйымдастыру.

#### **Білімділік міндеттердің орындалу көрсеткіштері:**

1. Мазмұнның жеке бөлімін толық біртұтастыққа айналдыруда, жіктеуде және жүйелеуде оқушылардың белсенді және нәтижелі іс-әрекеттері;

2. Оқушылардың пәнішілік және пәнаралық байланыстарын анықтау;

3. Әлемдік көзқарас идеяларын анықтау.

Сұраққа жауап айт:

- Шоқан қай жылы, қай жерде туған?
- Ол кейін қайда, қалай оқыған?
- Шоқанның зерттеушілік қабілеті қашан оянған?
- Жазғы демалыс кезінде ол немен айналысқан?
- Ш.Уәлихановтың ең қызық шығармаларының бірі неге арналған?

## **IX. Бақылау және өзін-өзі бақылау кезеңі:**

### **Білімділік міндеттері:**

Оқушының білімді, іс-әрекет амалдарын меңгеру сапасын анықтау;

Оқушы біліміндегі, іс-әрекет тәсіліндегі кемшіліктерді табу. Байқалған кемшіліктердің себебін анықтау.

### **Сабақ кезеңінің мазмұны:**

Оқушы білімін және іс-әрекет амалдарын жан-жақты тексеру.

Жалпы оқу мүмкіндіктерінің қалыптасуын тексеру.

### **Білімділік міндеттердің орындалу көрсеткіштері:**

Оқушы білімінің дұрыстығы мен көлемі ғана емес, терең түсінгендігін мұғалімнің тексеруі.

Оқушылардың белсенді іс-әрекеттері:

#### **1. Шоқанның әжесі кім?**

А) Зере; Ә) Ұлпан; Б) Айғаным.

#### **2. Шоқан қалай оқыды?**

А) үздік; Ә) орысша; Б) нашар.

#### **3. Шоқанның еңбегі:**

А) «Аққан жұлдыз»;

Ә) «Алты шаһардың жайы жөнінде»; Б) «Ботагөз».

#### **4. Қай жерде қайтыс болды?**

А) Жамбыл тауының баурайында;

Ә) Шыңғыстау етегінде;

Б) Алтын емел тауының етегінде.

**5. Қашқарияда қанша уақыт болды?**

А) 1 жыл; Ә) 3 ай; Б) 6 ай.

**6. Кадет корпусында оқыған жылдары:**

А) 1852-1858; Ә) 1848-1853; Б) 1849-1856;

В) 1850-1856; Г) 1847-1853.

**7. Бірге оқыған досы:**

А) Григорьев; Ә) Достоевский; Б) Потанин.

**8. Шоқанның 1858-59 ж.ж. саяхаты:**

А) Ыстықкөл; Ә) Қашқария; Б) Жоңғария.

**9. Шоқан рөлін сомдаған актер:**

А) С.Әшімов; Ә) Т.Жаманқұлов; Б) С.Қожамқұлов.

**10. Шоқанның әйелі:**

А) Зейнеп; Ә) Айсары; Б) Тоғжан.

Х. Үй тапсырмасы жайында мәлімет беру кезеңі.

**Білімділік міндеттері:**

1. Оқушыларға үй жұмысының мақсатын, мазмұнын орындау тәсілдерін түсіндіру.

**Сабақ кезеңінің мазмұны:**

1. Үй жұмысы жайында мәлімет;

2. Оқушылардың үй жұмысын жасаудағы мотивациясы;

3. Үй жұмысын орындау жайында ұсыныс;

4. Үй жұмысын орындау тәсілін түсінгенін тексеру.

**Білімділік міндеттердің орындалу көрсеткіштері:**

1. Оқу мүмкіндігіне қарай оқушылардың үй тапсырмасын дұрыс орындалуына қажет жағдайларды іске асыру;

2. Оқушының үй жұмысын таңдау мүмкіндігі;

3. Жеке тапсырма болуын қамтамасыз ету;

4. Оқушының субъектілік тәжірибесін ескеру.

**Үйге:** Шоқан туралы шағын шығарма жазып келу.

**XI. Сабақты қорытындылау кезеңі.**

## **Білімділік міндеттері:**

Жеке оқушының және сыныптың жұмысына сапалы баға беру.

## **Кезеңнің мазмұны:**

1. Оқу жұмысының нәтижесін шығару;
2. Білімділік міндеттердің орындалу көрсеткіштері.

## **Білімділік міндеттердің орындалу көрсеткіштері:**

1. Кезеңнің қысқалығы, нақтылығы;
2. Бүкіл сыныптың және жеке оқушының жұмысының нәтижелілігі.

«Қазақ жері талай ғұламаларды дүниеге әкелді. Өздерінің барлық ізгі тілектерін жас жеткіншектердің ұлттық дүниетанымының қалыптасуына, дамуына арнаған ағартушыларымыз – Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы. Халықтың дүниетанымы – өзен болса, ал үшеуі сол өзенге құйған үш саласындай». *Мұхтар Әуезов.*

- Біз де оларды туралы ұмытпайық. Еліміздің дана адамдарын құрметтейік. Әрқашанда Шоқанды ұмытпаңдар, балалар.

## **XII. Рефлексия кезеңі.**

**Білімділік міндеттері:** Оқушының жеке көңіл-күй жағдайын, іс-әрекетін, өзара қатынас рефлексиясына жағдай жасау;

Оқушылардың өзін-өзі ұстай білуі және ынтымақтастық қағидаларын түсінуін қамтамасыз ету.

**Сабақ кезеңінің мазмұны:** Оқушыларды рефлексияға бағыттау.

**Білімділік міндеттерінің орындалу көрсеткіштері:** оқушылардың өз әрекеттерін ойлануда, тәртібі мен көңіл-күй жағдайларындағы ашықтық. Өзін-өзі ұстау жолдары мен ынтымақтастықты алдын ала жобалау:

1. Мен сабақта (көп, аз) жұмыс істедім;
2. Сабақтағы өз жұмысыма (ризамын, риза емеспін, мұғалім риза);
3. Мен үшін сабақ (қызықты, қызықсыз, түсініксіз) өтті;
4. Мен сабақта ... (тыңдадым, ұйықтадым, жұмыс істедім).
5. Менің көңіл-күйім ... (жақсы, жаман, бірқалыпты);
6. Сабақ материалы маған (қиын, жеңіл, орташа).



Айгүл АҒЗҰМОВА,  
Қостанай облысының  
Қарасу ауданындағы  
Ушаков орта мектебінің  
мұғалімі.

## САН ЕСІМНІҢ ТҮРЛЕРІ

*(7-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** сан есімнің түрлерін оқыту. Сан туралы қазақ халқының ұғымдарын оқып, аударып, олармен сан есімге қатысты грамматикалық жұмыстар жүргізу. **Міндеттері:** біліктілік – сөйлемде барлық сөйлем мүшелерінің қызметін атқаратынын айта отырып, орыс тіліндегі сан есіммен салыстырып, оны практикалық жолдармен меңгеруін қалыптастыра отырып оқушы санасына сіңіру; **дамытушылық** – сан есім бойынша алған білімдерін пысықтау және сан есімнің түрлерін қалыпты түрде оқыту. Сөздік қорын кеңейту,

ауызекі сөйлесуді дамыту, тіл байлықтарын нормалық қалыпта жетілдіру; **тәрбиелік** – мемлекеттік тілге деген құрмет және қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік, мақал- мәтелге деген көзқарас, оның терең мәнін оқушы санасына ұялату.

**Ұраны:** «Жүз жасаған білмейді, жүз кітап оқыған біледі». (М.Әуезов)

**Типі:** жаңа тақырыппен таныстыру. **Түрі:** саяхат, аралас. **Әдіс-тәсілі:** жаңа сабақ түсіндіру, оқу, аудару, сауатты жазу, агенттік қызметкерлері арқылы сан есімге саяхат жасау.

**Сабақтың барысы:** Сабақ ұйымдастыру кезеңнен басталып, оқушылармен сабақтың мақсатына көңіл бөлеміз. «Бүгін қандай күн?, қандай ай?, қандай жыл мезгілі?, кім кезекші?, кім жоқ?» екені арқылы оқушылармен ауызекі сөйлесіп, тіл байлығын кеңейту.

- Бүгінгі сабақ ерекше өйткені, біз сіздермен «сан есімге» саяхатқа шығамыз. Сіздер дайын болсаңыздар, бізді бүгін «сан есімге» саяхатқа «Білгіш» агенттік қызметкері, жолсерік Дарын таныстырады.

### 1. Бірінші аялдамамыз – ұйымдастыру кезеңі.

Саяхатқа шығудың екі түрі бар, бірі орыныңнан тұрып шалғайға аттану, бірі – орыныңда отырып жер шарына шолу жасау.

**Бөлшектік**  
қанша? неше?  
7

**Есептік**  
қанша? неше?  
2

**Топтау**  
нешеден?  
6

**Сан есімнің**  
түрлері  
1

**Реттік**  
нешінші?  
3

**Екінші аялдамамыз** – сан есім шаһары. Сан есім заттың санын, ретін білдіреді. «Қанша? неше? нешінші?» деген сұрақтарға жауап береді. Сан есімнің алты түрі бар. Олар – есептік, реттік, жинақтық, болжалдық, топтау, бөлшектік.

**Үшінші аялдамамыз** – есептік сан есім. Ол заттың нақты санын білдіреді. «Қанша? неше? деген сұраққа жауап береді. Мысалы: бес, отыз, елу.

**Төртінші аялдамамыз** – реттік сан есім. Ол заттың ретін білдіреді. Нешінші? деген сұраққа жауап береді. Мысалы: жетінші, оныншы.

**Бесінші аялдамамыз** – жинақтық сан есім жинақталған санды білдіреді. Нешеу? деген сұраққа жауап береді. Мысалы: бесеу, алтау, жетеу. Қазақ тілінде 1-7-ге дейін.

**Алтыншы аялдамамыз** – болжалдық сан есім, заттың санын шамамен болжамдап көрсетеді. Қанша? неше? қай шамалы? деген сұраққа жауап береді. Мысалы: жетідей, он тоғыздай.

**Жетінші аялдамамыз** – топтау сан есім заттың санын топтап көрсетеді. Нешеден? деген сұраққа жауап береді. Мысалы: оннан, бестен.

**Сегізінші аялдамамыз** – бөлшектік сан есім заттың бөлшектік санын білдіреді. Қанша? неше? деген сұраққа жауап береді. Мысалы: сегіз жарым, он бес жарым.

**Тоғызыншы аялдамамыз** – мәтінмен жұмыс. Қарқаралы.

Атыңнан айналайын, Қарқаралы,

Сенен бұлт менен қайғы тарқамады. (Мәди)

Қарқаралы – Сарыарқадағы тау. Солтүстіктен Солтүстік-Батысқа қарай 35-40 шақырымға дейін созылып жатыр, ені 20-25 шақырым. Биік жері – Жиренсақал тауы – 1338 м. Оңтүстік жағында Балқаш, Теңіз, Қарасор көлдерінің су айырығы болып табылатын биіктігі 1000 метрдей тау тізбегі



бар. Ең биіктеу жері Қушоқы тауы (1283 м), Кіші және Үлкен Қарақуыс (1327м), Түнқатар Қарқаралы таулары (Комсомол шыңы, 1403м). Қарқаралы өзенінің әртүрлі тас мүсіндердің 200 жақын түрі бар («Бала Би» журналынан).

**Оныншы аялдамамыз** – талдау жұмысы (дәптермен жұмыс).

### I. Фонетикалық талдау.

Тәуелсіз. Тәу- ел- сіз

1-буын бітеу , 2-буын тұйық, 3-буын ашық.
8 әріп, 8дыбыс, 3буын.
Т-дауыссыз, қатаң, шұғыл дыбыс.
Ә – дауысты, жіңішке дыбыс.
У – дауыссыз, үнді дыбыс.
Е – дауысты, жіңішке, езулік, ашық дыбыс.
Л – дауыссыз, үнді дыбыс.
С – дауыссыз, қатаң, тіс, ызың дыбыс.
І – дауысты, жіңішке, қысаң езулік дыбыс.
З – дауыссыз, ұяң, ызың дыбыс.

### II. Морфологиялық талдау.

<u>Мен</u> <u>әкеме</u> <u>келдім</u> .
Әке. Сөздің түбірі.
Зат есім.
Кім?
Әке+ <u>м</u> тәуелдік жалғауы, I жақ, <u>е</u> -барыс септік жалғауы.
Дара, негізгі тұлға.
Жалпы есім, деректі.
Толықтауыш қызметін атқарады.

### III. Фонологиялық талдау.

Туған <u>тілім</u> – тірлігімнің айғағы.
Тілім
Жіңішке сөз.

Тіл. Сөздің түбірі, тіл+ім екпін екінші буындағы і-ге түседі.

Тіл+і III жақ, жекеше, тәуелдік жалғау.

Тілі+м I жақ, жекеше, тәуелдік жалғау.

Ті-лім. 2 жағдайда тасымалданады.

Ті-лім. Буын үндестігі жоқ, дыбыс үндестігі жоқ.

**Он бірінші аялдамамыз** – мақалдар мен жұмбақты оқып мағанасын аударып түсіндіріп сан есімдерге мән беріңіздер.

1. Жеті рет өлшеп, бір рет кес.
2. Жүз теңгең болғанша, жүз досың болсын.
3. Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені.
4. Бір кісі қазған құдықтан мың кісі су ішеді.
5. Жеті түрлі ілім біл, жеті жұрттың тілін біл.

Бір құрсақты,

Екі құлақты,

Он екі белбеулі,

Бір түймелі,

Екі желілі,

Күйдің көрігі

Әннің көлігі. (Домбыра)

**Он екінші аялдамамызға келіп жеттік.**

1. Агенттік қызметкер бізге мынандай тапсырма дайындап қойған.

б	е	с				
		а	л	т	ы	
о	н					
	*					
ж	е	т	і			
	с	е	г	і	з	
б	і	р				
	м	ы	ң			

1. пять;
2. шесть;
3. десять;
4. семь;
5. восемь;
6. один;
7. тысяча.

Он үшінші аялдамамыз – сандарды сөйлет  
аялдамасында, кім шапшаң?

365-----12-----4-----7-----24-----60.

Он төртінші аялдамамыз – үй жұмысы.

Он бесіеші аялдамамыз – «Құттықтау» арқылы әр  
оқушының еңбегіне байланысты тиісті бағаларын қою.



Гүлжәмила ҚАЛМАҒАМБЕТОВА,  
Ақтөбе қаласындағы  
№1 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## АУЫЗША СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНДЕ – ҚАНЫШ СӘТБАЕВ

*Қазақтың тамырында тек болмаса*

*Құдай бізге Қанышты берер ме еді?!*

*Кесек алтын секілді кеннен шыққан*

*Кең дүниеге Сәтбаев келер ме еді?! (М.Тазабеков).*

**Сабақтың мақсаты:** Ғалым, Қазақстан Ғылым  
Академиясының академигі, тұңғыш президенті  
Қ.И.Сәтбаев туралы мәлімет беру. **Міндеттері:** білімділік  
– Қаныш Имантайұлының жасаған игі істерін зерттей,  
еңбектерін оқушыларға таныстыра отырып, бағыт-  
бағдар беру; **дамытушылық** – оқушылардың танымдық,

білімділік деңгейін көтеру, ой белсенділігін дамыту, шығармашыл ізденіске бағыттау, ізденімпаздық ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын байыту, оқытуда ақпараттық технологияны пайдалана отырып, ауызша сөйлеу мәдениетін дамыту; **тәрбиелік** – Қаныш ағаның өнегелі өмірін, еңбегін үлгі ете отырып, оқушыларды туған халқы үшін аянбай еңбек етуге, мейірімділікке, ерлікке, елін сүйуге баулу, елінің адал перзенті болуға, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

**Түрі:** «БЖС» технологиясының «Ауызша сабақ-2» картасы. **Картаның мақсаты:** оқу әрекетіне жататын ойлау қабілетінің негізгі түрлерін дамыту, зерттеу түйсігін ынталандыру. **Әдісі:** баяндау, сұрақ-жауап, ойтолғау, тірексызбалар. **Көрнекілігі:** Қаныш Сәтбаевтың портреті, бейнефильм, интерактивтік тақта, күйтаспа. **Пәнаралық байланыс:** математика, тарих, география, дүниетану, музыка.

### **Сабақтың барысы:**

#### **I. Ұйымдастыру бөлімі:**

- сәлемдесу; сабақтың мақсатын айқындау.

#### **II. Сергіту бөлімі:**

15, 1, 18, 37, 34

24, 2, 25, 3, 1, 8, 4

(Қазақ тілінің әліпбиін еске түсіріп, берілген сандар бойынша жасырынған әріптерді тауып, сабақтың тақырыбын анықтау.)

#### **Қ А Н Ы Ш**

15, 1, 18, 37, 34

#### **С Ә Т Б А Е В**

24, 2, 25, 3, 1, 8, 4.

**III. Кіріспе** (Жаңа сабақты игеру мақсатында Қаныш Сәтбаев туралы бейнетаспа.)

**IV. Мәтінмен жұмыс** (оқушылар оқу барысында, 14-кілттік сөздерді жазады, жұмыс барысында жәй ырғақты күй орындалады.)

**V. Мәтіннің мазмұнын ашатын тірек сөздерді анықтау** (оқушылар өздерінің жазған он төрт тірек сөздерін тақтамен өзара тексеріп, сәйкестігін анықтап, көршісі бағалайды).

1. Баянауыл.
2. Президент.
3. Академия.
4. Ғалым.
5. Қағида.
6. Мақсат.
7. Еңбегі.
8. Аты.
9. Халық.
10. Ер.
11. Ерлік.
12. Күш-жігер.
13. Сарп ету.
14. Тұлға.

**VI. Қарама-қарсы сұрақ бөлімі** (сұрақты мұғалім дайындайды, орынынан тұрған оқушы жылдам, уақытты үнемдеу мақсатында тез, дұрыс жауап беруі керек).

**Қарама-қарсы сұрақтар:**

1. **Қаныш Сәтбаевтың туған жері?** Павлодар облысы, Баянауыл ауданы.
2. **Ғалымның қағидасы қандай?** «Бейнетте – береке».
3. **Ғылым Академиясының ашылған жылы?** 1946 жылы 1 маусымда.
4. **Қаныш Имантайұлы Ғылым Академиясының нешінші президенті?** Тұңғыш президенті.

**5. Қаныш қандай ғалым болған? Жан-жақты ғалым болған.**

**6. Ер дегеніміз кім? Халықтың тірегі, қамқоры, қорғаны.**

**7. Қаныш Сәтбаевтың қандай салалардан хабары болған? Тарихтан да, әдебиеттен де, өнерден де хабары мол.**

**8. Қаныштың әкесінің аты қалай? Әкесінің аты – Имантай.**

**9. Халық мақалын айт. «Жер елсіз болмайды, ел ерсіз болмайды».**

**10. Қандай гүлдер академиктің атымен аталған? Баршынгүл және бөртегүл.**

**11. Қаныш Сәтбаевтың туған жылы? 1899 жылы 12 сәуірде.**

**12. Жоңғар Алатауында академиктің атымен не аталған? Мұздақ пен шың.**

**13. Қ.Сәтбаевтың есімін ненің тарихынан бөлуге болмайды? Ғылым Академиясы тарихынан бөлуге болмайды.**

**14. Әуе кеңістігінде академиктің атымен не аталған? Әуе кеңістігінде планета академиктің атымен аталған.**

**15. Ерлік кімнің ісі? Ерлік – ердің ісі.**

**16. Қаратауда қандай кен орыны академиктің атымен аталған? Қаратауда ванадий кен орыны ғалымның атымен аталған.**

**17. Алға қойылған мақсатқа жету үшін не істеу керек? Білімді білетіндерден үйрену керек.**

**18. Қаныш аға «ғалым» туралы не айтқан? «Ғалым болу үшін, ең алдымен, адам болу керек. Ғалым барлық өмірін, еңбегін өзі үшін емес, халық үшін, адамзат үшін сарп етеді» дейтін.**

19. **Адамды ізденіске не әкеледі?** «Білмегенін білу» адамды әрдайым ізденіске әкеледі.

20. **Қаныш Сәтбаев туған халқы үшін кім?** Бүкіл қазақ халқының ардақты ұлы, дарынды ғалым, қайталанбас тұлға.

21. **Қаныш Имантайұлының ғылыми атағы** Академик.

22. **Адамдар елі үшін не істеуге дайын?** Біреулер адал еңбегімен елінің байлығын көбейтеді. Біреулер даналығымен елінің ынтымағын біріктіреді.

**VII. Сын тұрғысынан ойлау сұрақтары** (сұрақты оқушылар өздері дайындайды, әр оқушы өзінің сұрағына жауап беретін адамды өзі таңдайды).

**VIII. Қорытынды бөлімі:** «Қаныш Сәтбаев — жарық жұлдыз» тақырыбына эссе жазу.



Айнагүл ЖҮЗІКЕЕВА,  
Қостанай облысының  
Жітіқара ауданындағы  
Степная орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ГРАММАТИКАСЫ ҚЫЗЫҚТЫ ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Республикасы 1920 жылы 20 тамызда құрылды және алғашқы кезде Қырғыз АССР-і деп аталып,

РСФСР-дің құрамына кірді. 1936 жылы 5 желтоқсанда одақтас республикаға айналды. 1990 жылдың 25 қазанында Қазақ Советтік Социалистік республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Еліміз егеменді мемлекет болып жарияланды.

Ал 1991 жылғы 16 желтоқсан еліміздің тарихында алтын әріптермен жазылды. Қазақстан Республикасы бұл күні тәуелсіз мемлекет ретінде дүниежүзілік қауымдастықтан өз орынын алды.

Қазақстан Республикасы солтүстігінде Ресеймен, оңтүстігінде Өзбекстан, Қырғыстан және Түрікменстанмен шектеседі. Республика шығысында Қытай мемлекетімен, ал батысында Каспий теңізімен шектеседі. Жерінің көлемі – 2724,9 мың шаршы км.

Мәтінді пайдаланып сұрақтарға жауап беріңіз.

Қазақстан – көп ұлтты мемлекет пе? Халқының саны қанша? Қазіргі Қазақстанда қанша ұлттың өкілдері тұрады? Қазақстан қай жерде орналасқан? Оның жер көлемі қанша? Табиғаты қандай? Қазақстан жері қандай пайдалы кендерге бай? Пайдалы кендерді игеру барысында қандай жаңа қалалар пайда болды? Бүгінгі Қазақстан қандай елге айналды? Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті кім және қашан сайланды?

Жаттығу. Сөйлемдерді толықтырып жазыңыз.

1. ... миллионнан асады. 2. ... өкілдері тұрады. 3. ... созылып жатыр. 4. ... бір – біріне ұқсамайды. 5. ... өте бай. 6. ... пайда болды. 7. ... айналды. 8. ... сайланды.

Жаттығу.

Жолдасыңызбен сөйлесіңіз.

- ...?

- Менің туған елім – Қазақстан.

- ...?



- Иә, Қазақстан – көп ұлтты емес, көп диаспоралы мемлекет.

- Халқының саны қанша екенін білесіз бе?

- ... .

- Ал қазіргі Қазақстанда қанша ұлттың өкілдері бар?

- ... . ...?

- Иә, дұрыс айтасыз. Қазақстан жері пайдалы кендерге өте бай. Ал Қазақстан жерінде кен байлықтарынан нелер бар? Айта аласыз ба?

- ... . ...?

- Н.Ә.Назарбаев 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып сайланды. Ал ҚР-ның Ата Заңы қашан қабылданды?

- ... .

Мақал-мәтелдерді оқып, жаттап ал:

Аққу көлін аңсайды,

Адам туған жерін аңсайды.

Лебедь тоскует по родному озеру,

А человек тоскует по Родине.

Туған жердің ауасы да – ем.

На родине воздух – лекарство.

Грамматика. Зат есімнің септік жалғаулары.

В казахском языке в отличие от русского имеется 7 падежей.

Септіктер	
В казахском языке	В русском языке
1. Атау септік.	1. Именительный падеж.
2. Ілік септік.	2. Родительный падеж.
3. Барыс септік.	3. Дательный падеж.
4. Табыс септік.	4. Винительный падеж.
5. Жатыс септік.	5. Творительный падеж.
6. Шығыс септік.	6. Предложный падеж.
7. Көмектес септік.	

Жаттығу.

Выпишите из текста выделенные слова, поставьте к ним вопросы. Слова *бақшалар, малдары* разберите по составу.

Көктем – жаздың басы. Наурыз, көкек, мамыр – көктем айлары. Көктемде егін егіледі. Колхоз малдары төлдейді. Қыс бойы інінде ұйықтап жататын жәндіктер тіріледі. Көк шығады.

Жаттығу. Прочитайте, переведите. Найдите в предложениях имена существительные в Атау септік, поставьте к ним вопросы.

Құстың ең қырағысы – сұңқар. Құстардың ішіндегі жүзгіші – пингвин. Дүниеде күн көзіне тура қарай алатын құс – бүркіт. Түйеқұс – құстардың ең үлкені. Торғай көлдері су құстарының тұрақты мекені.

Жаттығу. Спишите предложения, вместо точек вставьте нужные окончания.

Нұрлан... ағасы. Әлім... әжесі. Бақыт... кітабы. Есет... дәптері. Омар... інісі. Әмір... баласы. Аман... мекенжайы. Ахмет... қарындашы. Өзен... суы. Балық... майы. Бұғы... терісі.

Жаттығу. Из данных слов составьте словосочетания, поставив их в Ілік септік.

Ұл, Отан, Асхат, кітап, кітапхана, қыз, көйлек, қалам, Сапар, басқарма, совхоз, қазақ тілі, бала, ойыншық, бөрік, Әсет.

Жаттығу. Спишите. Переведите на русский язык, подчеркните окончания существительных.

Егорды көрдім. Ақшаны бердім. Шайды іштім. Киноны қарадым. Алманы жедім. Есікті жаптым. Терезені аштым.

Жаттығу. Спишите, вместо точек вставьте нужные окончания из правого столбика.

Кімде? Неде?		Қайда?	
Қағаз Ажар...	-та	Киім шкаф...	-та

Дәрі дәріхана...	-да	Студенттер лекция...	-да
Білім кітап...	-та	Сәлім жұмыс...	-та
Телефон үй...	-де	Кітап портфель...	-де

Қазақстан Республикасы – тәуелсіз мемлекет.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң 1991 жылғы желтоқсанның 16-сында Жоғары Кеңестің 7-сессиясында қабылданды. Бұл күн – ҚР-ның тәуелсіздік күні деп жыл сайын тойланады. Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, демократиялық және хұқылық мемлекет деп жарияланды. Қазақ ұлтының және Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, дәстүр-салтын, тілін қайта түлетіп, дамыту, ұлттық қадір-қасиетін нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының өз мемлекеттік рәміздері бар.

Қазақстан Республикасының территориясы қазіргі шекараларында біртұтас, бөлінбейтін және қол сұғуға болмайтын территория болып табылады.

Қазақстан Республикасының өз азаматтығы бар. Басқа мемлекеттерде тұратын республика территориясын тастап шығуға мәжбүр болған барлық қазақтардың сол мемлекеттердің азаматтығымен бірге, егер бұл олар азаматы болып отырған мемлекеттердің заңдарына қайшы келмейтін болса, Қазақстан Республикасының азаматтығын алу хұқы танылады.

Жаттығу. Мына сөз тіркестерін оқып, орыс тіліне аударыңыз.

Көп диаспоралы егеменді мемлекет; халқының саны; археологтардың айтуы бойынша; алғашқы адамдар; ұлттардың өкілдері; жер көлемі; шаршы шақырым; жерінің үлкендігі; табиғаты бір-біріне ұқсамайды; оның үстіне; қажет етеді; түсті және асыл тастар; игеру

барысында; пайда болу; ауыл шаруашылығы; мәдениетті және білімді елге айналу; егеменді тәуелсіз мемлекет; тұңғыш президент болып сайлану.

Жаттығу. Сөйлем құраңыз.

Многодиаспорное суверенное государство

Қазақстан

Простирается с запада на восток на 3000 км.

И с севера на юг на 1500 км.

Превратился в развитую страну.

Выращивают арбузы, дыни, яблоки,

Республиканың оңтүстігінде

виноград, свеклу, рис, хлопок.

Погода жаркая и сухая.

Редко идут дожди.

Растет хлеб и овощи.

Республиканың солтүстігінде

Погода нежаркая.

Часто идут дожди.

Выращивают зерно и овощи.

Жаттығу. Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Бүгінгі Қазақстан қандай елге айналды? Республиканың оңтүстік аудандарында не өсіріледі? Республиканың солтүстігінде не өседі? Қазіргі Қазақстанда қанша ұлттың өкілдері тұрады? Қазақстан қай жерде орналасқан? Қазақстан Республикасында өз мемлекеттік рәміздері бар ма? Ауа райы қандай?

Ал Қазақстан жерінде кен байлықтарынан нелер бар? Ал Ата Заңы қашан қабылданды?

Грамматика. Сын есімнің жұрнақтары.

Образование имен прилагательных в казахском языке отличается многообразием способов. В отличие от

образования прилагательных в русском языке основными способом образования прилагательных в казахском языке является суффиксальный. В казахском языке прилагательные образуются при помощи суффиксов: -лы, -лі, -ты, -ті, -ды, -ді, -сыз, -сіз, -лау, -леу, -тау, -теу, -дай, -дей, -шыл, -шіл, -шаң, -шең. Мысалы: су – вода, сүт – молоко, білім – білімді, талант – талантты.

Жаттығу. От данных существительных образуйте прилагательные с суффиксами -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті, -дай, -дей, -тай, -тей.

Үлгі: су – лы.

Су	ауа	бала	мал
Тұз	теңіз	ай	мұхит
Май	көл	тас	шөл
Тәртіп	тау	жаз	қыс

Жаттығу. Скажите, при помощи каких суффиксов образованы имена прилагательные. Переведите.

Үлгі: таулы.

Таулы, ақшыл, көкшіл, айдай, таудай, үйдей, үйсіз, көңілсіз, баласыз, ашушаң, тершең, тәртіпті, білімді.

Қазақстан Республикасының ұлттық мерекелері.

Мерекенің екі түрі бар: бірі – үкіметіміз ресми түрде бекіткен тойлар, екіншісі – ресми емес ұлттық мерейтойлар. Қазақстан Республикасы – егеменді, тәуелсіз ел. Тәуелсіз ел – бақытты ел. Бақытты елде мереке көп. Қазақстанның Тәуелсіздік күні желтоқсанның 16-нда тойланады. Бұл мереке және Ата заң күні, республика күні – ұлттық ресми мереке күндері. Қантардың 1-2-сі тойланатын Жаңа жыл мерекесі, наурыздың 8-інде тойланатын Халықаралық әйелдер күні, наурыздың 22-сінде тойланатын Наурыз мейрамы, мамырдың 1-де Халықаралық Ынтымақ күні және мамырдың 9-да тойланатын Жеңіс күні – бұрыннан

келе жатқан ресми ұлттық мерейтойлар.

Ал екіншісі – 1991 жыл – тұңғыш рет Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сайланған жылы; 1998 жыл – мемлекетіміздің жаңа астанасының Ақмолаға көшіп Астана аталуы. Абай, Жамбыл, М.Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Қаныш Сәтпаев мерейтойлары, Түркістанның 1500 жылдығы, Тараз қаласының 2000 жылдығы, Алматы қаласының 150 жылдығы – ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен тойлар.

Қазақ халқы – тойшыл халық. Тәуелсіз ел болғалы облыстарда, аудандарда, тіпті, ауылдарда тойлар өтуде. Бұл – еліміздің әл-ауқатының жақсарып келе жатқанының белгісі. Мұның бәрі – тәуелсіз ел болғанымыздың арқасы. Қазақ халқында жақсы тілек бар: «Той тойға ұлассын!» Біз осы тілекті тәуелсіз елімізге тілейік.

Жаттығу. Перечислите праздники по их типам.

Жаңа жыл; Абай мерейтойы; республика күні; Түркістанның 1500 жылдығы; Тараз қаласының 2000 жылдығы; Наурыз мейрамы; Алматы қаласының 150 жылдығы; Халықаралық ынтымақ күні; Халықаралық әйелдер күні; Жеңіс күні; Жамбыл мерейтойы...

Үкімет ресми түрде бекіткен тойлар: ...

Ресми емес, ұлттық мерейтойлар: ...

Жаттығу. Прослушайте и прочтите стихотворение, переведите на русский язык, используя словарь.

Көш көлікті болсын,  
Дос серікті болсын,  
Жан ерікті болсын,  
Жар көрікті болсын,  
Ер беделді болсын,  
Зер бедерлі болсын,

Тұз шұрайлы болсын,  
Қыз шырайлы болсын,  
Қарт көреген болсын,  
Мәрт берген болсын,  
Тау өрісті болсын,  
Бау жемісті болсын,

Жер құнарлы болсын, Жыр намысты болсын,  
Бел шынарлы болсын, Жыл табысты болсын!

*Мұзафар Әлімбаев.*

Жаттығу. Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Мерекенің қандай түрлері бар? Қазақстан қандай ел? Қазақстанда мереке көп пе? Олар қандай мерекелер және қашан тойланады? Мерекенің екінші түрі қандай? ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен тойлар қандай? Қазақ халқы қандай халық? Тәуелсіз ел болғалы не өтуде? Бұл ненің белгісі? Мұның бәрі ненің арқасы? Қазақ халқында қандай тілек бар?

Жаттығу. К каждому из знаменательных дат напишите свои собственные пожелания.

Жаттығу. Запишите словами.

Үлгі: 02.05 – мамырдың екісі;

01.06; 14.01; 16.07; 15.02; 07.04; 17.10; 03.17; 06.11; 10.08; 25.09; 19.03.

Жаттығу. Используя календарь, задайте вопросы.

Үлгі: Қарашаның он бесі қай күн? – Қарашаның он бесі – сенбі.

Грамматика. Келер шақ (будущее время).

Келер шақ (будущее время) показывает, что действие будет происходить после момента речи.

Келер шақтың түрлері:

1. Болжалды келер шақ (будущее предположительное время) образуется при помощи суффиксов -ар, -ер, -р. И имеет оттенок значения “возможно,” “может быть”.

1.	Мен демал- ар - мын	Біз демал- ар - мыз
2.	Сен демал- ар - сың	Сендер демал- ар - сыңдар
	Сіз демал- ар - сыз	Сіздер демал- ар - сыздар
3.	Ол демал- ар	Олар демал- ар

Отрицательная форма образуется при помощи

суффиксов -с, и слова емес – мен демал – ма – с – пын.

Мен демал – ар емес – пін.

2. Мақсатты келер шақ (неопределенная форма будущего времени) образуется при помощи суффиксов -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек и имеет оттенок значения намерения.

1.	Мен қала – мақ – пын	Біз	қала – мақ – пыз
2.	Сен қала – мақ – сың	Сендер	қала – мақ – сыңдар
	Сіз қала – мақ – сыз	Сіздер	қала – мақ – сыздар
3.	Ол қала – мақ	Олар	қала – мақ

Отрицательная форма образуется путем присоединения суффиксов – шы, - ші в сочетании с частицей емес.

Ол хат жаз – бақ – шы емес.

3. Ауыспалы келер шақ (переходное будущего времени) образуется при помощи суффиксов -а, -е, -й.

1.	Телефон шал – а – мын	Телефон шал – а – мыз
2.	Телефон шал – а – сың	Телефон шал – а – сыңдар
	Телефон шал – а – сыз	Телефон шал – а – сыздар
3.	Телефон шал – а – ды.	Телефон шал – а – ды

Отрицательная форма.

Мен телефон шал – ма – й – мын.

Жаттығу. Прочитайте, переведите на русский язык.

Выпишите мақсатты келер шақ.

- Сен демалыста қайда бармақшысың?

- Демалыста Сарыағашқа бармақшымын.

- Ал, өзің қайда бармақшысың?

- Мен Көкшетаудағы Бурабайға барып демалмақшымын.

- Сен қашан жол жүрмекшісің?

- Алла жазса, ертең поезбен жүрмекшімін.

- Жолың болсын демекпін.

Жаттығу. Вместо точек вставьте нужные суффиксы ауыспалы келер шақ. Мен кітап оқ...мын. Сен дәптерге жаз... сың. Ол сурет сал...ды. Біздер бүгін бар...мыз. Сіздер



ертең кел...сіздер. Мен өлең оқ...мын. Сен ән айт...сың. Ол би бил...йді.

## Астана

Қазақстан Республикасының ең алғашқы астанасы — Орынбор /1920–1925/, одан кейін Қызылорда /1925–1929/, 1929 жылдан 1997 жылға дейін Алматы қалалары болды.

1997 жылы қазанның 20-нда Н.Ә.Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау» туралы жарлыққа қол қойды. 1998 жылы мамырдың 6-нда Елбасының жарлығымен Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қаласы Астана қаласы болып аталады. Осы жылғы маусымның 10-нда тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Сөйтіп, енді Астана қаласы Қазақстан Республикасының жаңа астанасы болды.

Аз уақыттың ішінде Астана қаласы көрікті қалаға айналды. Қаланың ортасынан ағып өтетін Есіл өзенінің екі жағындағы батпақ, қалың өскен қамыстың орыны қала халқы демалатын жағажайға айналды. Астана қаласында Президент сарайы, Парламент ғимараты, «Интерконтиненталь» қонақ үйі, Еуразия университетінің жаңа корпусы, Жастар сарайы, министрліктердің үйлері, көп қабатты тұрғын үйлер мен ғимараттар бой көтерді. Парламент үйінің алдында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ескерткіштері орнатылды. Аспанға атылған ақ барыс мүсіні Қазақстанның ХХІ ғасырдағы бақытты болашағын білдіріп тұр.

Әсем Есілдің оң жағында салынып жатқан жаңа Астананың сұлулығы ерекше. Мұндағы салынып жатқан құрылыстар алыстан көз тартады. «Бәйтерек» ғимараты Астана тұрғындарын, жақын, алыс шетелдерден келген қонақтарды таңқалдырады.

Астананың болашағы алда. Ол Еуразиядағы ең әсем, сұлу, әйгілі қала болмақ.

Астана – Қазақстан Республикасының саяси, әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы, бас қала.

Жаттығу. Ответьте на вопросы:

ҚР-ның ең алғашқы астанасы қай қала болды? Одан кейін қай қала астана болды? Алматы қай кездерде Қазақ Республикасының астанасы болды? 1997 жылы қазанның 20-нда.

Қазақстан Республикасының Елбасы қандай жарлыққа қол қойды? Қай жылы Ақмола Астана қаласы болып аталды? Осы жылғы маусымның 10-нда Астанада не өтті? Астана қаласы қандай қалаға айналды?

Астана қаласында қандай көрікті жерлер бар? Әсем Есілдің оң жағында нелер бар? Астана ненің орталығы?

Жаттығу. Асты сызылған сөздерді қайталап сұраңыз.

Үлгі: Қазақ Республикасының ең алғашқы астанасы

– Орынбор.

1925 жылдан 1929 жылға дейін Қазақ Республикасының астанасы Қызылорда болды. Алматы 1929 жылдан 1997 жылға дейін Қазақстанның астанасы болды. 1997 жылы қазанның 20-нда Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болды.

Жаттығу. Кестедегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіз Астанаға қашан бардыңыз?	В прошлом году; прошлой весной; два года назад; на прошлой неделе;...
Астанаға немен бардыңыз?	На поезде; на самолете; на автобусе; на машине;...

Барғаннан кейін қайда орналастыңыз?	В гостинице; в доме своего друга; у родственников;... у знакомых;...
Саяхат жетекшісі не туралы әңгімеледі?	История; промышленность; сельское хозяйство; наука; культура; достопримечательности Астаны;...
Астананың қандай көрнекті жерлерін араладыңыз?	Здание Парламента; Президентский дворец; новый корпус Евразийского университета;...

Жаттығу. Мына жоспар бойынша Астана туралы әңгімелеп беріңіз.

1. Астана тарихы; 2. Астана өндірісі;
  3. Астананың көрнекті жерлері,
- Грамматика. Етістік - глагол.

Етістік – глагол обозначает действие и отвечает на вопросы не істеді? Не істемек? Не қылды? Например: Амантай лекцияға келді. (Не қылды?) Олар киноға барды. (Не істеді?)

Основа глагола в казахском языке по внешней форме соответствует форме повелительного наклонения 2-го лица ед.числа. Например: бар, кел, отыр, ал, жүр.

Етістік в казахском языке имеет следующие грамматические категории: рай(наклонение), етіс (залог), шақ (время), жақ (лицо), сан (число).

Етістік в казахском языке бывает негізгі етістік (корень или неразложимые основы). Например: жаз, оқы, өт.

Туынды етістік(производные глаголы), образованы путем прибавления к основе слова словообразовательных суффиксов. Например: ас + а, іс + те.

Етістік в казахском языке образуются путем прибавления к основе частей речи глагообразующих

суффиксов.

1. -ла, -ле, -да, -де, -та, -те. Например: бас + та, ой + ла, шеге + ле, қол + да.

2. -лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес. Например: серт + тес, ақыл – дас; -а, -е. Например: тең + е, түн + е, сан + а.

Жаттығу. Прослушайте и прочтите, переведите. Из каждой группы однокоренных слов выпишите только етістік.

1. Жаз, жазу, жазушы, жазушылар.

2. Оқы, оқу, оқушы, оқулық, оқушылар.

3. Отыр, отырғыш, отыру.

4. Ал, алу, алынды, алыңыз.

5. Бар, бару, барыңыз.

6. Көр, көру, көріну, көріңіз.

Жаттығу. Вместо точек вставьте нужные суффиксы и переведите туынды етістік.

-ла, -ле, -да, -де, -та, -те.	-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес.	-а, - е. -ай, -ей.	-қар, -кер, -ғар, -гер, -ар, -ер, -р.
Баға...	Хабар...	Сан...	Жас...
Көз...	Аман...	Ат...	Ақ...
Дайын...	әңгіме...	Жас...	Оң...
Аяқ...	сәлем...	Тең...	Су...
Ақ...	ұйым...	Көп...	Қысқа...
Сақ...	пікір...	Кең...	Таза...

Жаттығу. Найдите туынды етістік, объясните образование.

Сен бізді ойла. Сен қиярды тұзда. Сен үйді әкте. Сен онымен бірлес. Сен бізбен ақылдас. Қонақүйде түне. Сен оларды басқар. Сен менің айтқанымды ескер. Калькулятормен есепте. Сен ән баста. Сен үйді тазала. Жаттығуды орында. Ағарту жұмысымен айналыс.

(Жалғасы келесі санда).

# ЖАҢА СӨЗДЕРМЕН ҚУАНТҚАН АСТАНА

(3-сынып)

**Мақсаты:** Астана қаласы туралы білімдерін кеңейту және жаңа сөздерін бойға сіңіру. **Міндеттері:** **білімділік** – әртүрлі іс-әрекеттер арқылы сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін, тапқырлық қасиеттерін қалыптастыру, өз ойын жеткізе білуге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың тілін, ой-өрісін дамыту, мәнерлеп, байланыстырып сөйлеуін арттыру; **тәрбиелік** – Отанын, туған жерін сүюге тәрбиелеу.

**Типі:** білімін және іс-әрекет тәсілдерін жетілдіру. **Түрі:** әңгімелесу және түсіндіру сабағы. **Көрнекіліктер:** ТДМ-10, слайдтар, оқулық, сандықша, бейнефильм, музыка, ойын.

## Сабақтың барысы

### 1. Ұйымдастыру кезеңі:

#### Міндеттері:

*Сабақта жұмыс жүргізу үшін қалыпты сыртқы жағдайды қамтамасыз ету;*

*Оқушыларды қарым-қатынасқа психологиялық дайындау;*

*Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру;*

*Оқушылардың көңілін сабаққа аударуды ұйымдастыру.*

#### **Сұрақтарға жауап беру:**

1. Сенің атың кім?

2. Сен неше жастасың?

3. Сен нешінші сыныпта оқисың?

4. Сен қай мектепте оқисың?

5. Қазір қай сабақ басталды?

6. Үйге қандай тапсырма берілді?

## 2. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі:

Міндеттері:

А) үй тапсырмасының орындалу деңгейі мен сапасын тексеру;

Ә) кемшіліктер мен қателіктерді анықтау;

Б) қатемен жұмыс.

**«Сиқырлы сандықша» ойыны бойынша үй тапсырмасын тексеру.**

98-бет, 3-жаттығу. Жақшадағы сөздерді аударып жаз.

1. Менің сыныптастарым топсеруенге (пошли). 2. Біз мұражайда түрлі экспонатты (видели). 3. Сенің ағаң қалаға (поехал). 4. Мұзайдынында біз (катались). 5. Қалада биік ғимараттар (много). 6. Бізге театрдағы қойылым (понравился). 7. Сен қалаға (поедешь)? Мен троллейбусқа (сел).

## 3. Өткен сабақ пен жаңа сабақты сабақтастыру.

Міндеттері:

А) өткен сабаққа шолу;

Ә) өткен тақырыппен жаңа тақырыпты байланыстыру;

Б) жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту.

- Балалар, өткен сабақта біз сүйікті қаламыз Алматы туралы әңгімелестік. Осы тақырып бойынша тапсырмалар орындадық.

Ал бүгінгі сабағымыздың тақырыбы еліміздің бас қаласы – Астанаға арналады.

## 4. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі.

Міндеттері: грамматикалық форманы, жаңа сөздерді, жаңа материалды таныстыру, меңгерту.

**Мұғалімнің Астана туралы кіріспе сөзі. Астана туралы бейнефильм.**

Астана – Қазақстан Республикасының елордасы.

Астанада 773 мыңнан астам халық тұрады. «Астана» сөзі қазақ тіліне парсы тілінен ауысқан. Онда ол «киелі орын», «босаға» деген мағынаны береді.

1998 жылы Қазақстанның жаңа елордасы Астананың халықаралық тұсауы кесілді.

1998 жылы ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша Астана қаласына «Бейбітшілік» қаласы деген атақ беріліп, медальмен марапатталды.

### **Слайд.**

1. Жаңа сөздер мен сөз тіркестері алдын ала интерактивті тақтаға жазылып, түсіндіріледі.

*Елорда – главный город, столица;*

*Есіл өзенінің жағасында – на берегу реки Ишим;*

*Орналасқан – расположен;*

*Көрікті – красивый;*

*Жылдан-жылға – из года в год.*

2. Сөздерді мұғалім мәнерлеп оқиды.

3. Оқушылар дауыстап қайталап оқиды, бір-бірден оқиды.

4. Әр түрлі сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырады.

### **Слайд.**

## **5. Мәтінмен жұмыс.**

### **1-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы.**

#### **Астана**

Астана – Қазақстан Республикасының елордасы. Ол Есіл өзенінің жағасында орналасқан.

Астана – көрікті қала. Мұнда әсем ғимараттар, музейлер, ескерткіштер бар.

Астана жылдан жылға көркейіп келе жатыр.

### **Сергіту кезеңін өткізу.**

## **5. Жаңа материалды меңгеру дәрежесін тексеру кезеңі.**

Міндеті: жаңа материалды оқушының қаншалықты меңгергенін тексеру.

### **Слайд.**

**«Өз жартынды тап» ойынын ойнату.** Сұрақ-жауап

арқылы өз жартыларын табу керек.

1. Қазақстан Республикасының елордасы қай қала?
2. Ол қайда орналасқан?
3. Астана қандай қала?
4. Астанада не бар?

**Слайд.**

**Аудармасын табындар.**

*көрікті қала*

*большой памятник*

*әсем ғимарат*

*главный город*

*бас қала*

*из года в год*

*Есіл өзені*

*красивый город*

*үлкен ескерткіш*

*река Ишим*

*жылдан жылға*

*красивое здание*

**6. Жаңа материалды бекіту кезеңі:**

Міндеті: жазба материалды ауызекі және жазба тілде қолдана алу біліктілігін қалыптастыру.

**Слайд.**

**Көп нүктенің орынына тиісті сөзді қойып оқы.**

**Астана - ... қала.**

Үлгі: Астана – әсем қала.

Астана – көрікті қала.

Астана – үлкен қала.

Астана – әдемі қала.

**7. Жаңа сабақты қорытындылау.**

Міндеті: сабақтың тәрбиелік мақсатын ашу, жаңа материал бойынша ойын қорытып айта алуға дағдыландыру.

**Слайд. Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Астана қандай қала?

2. Астана қайда орналасқан?

3. Сен Астанаға барып көрдің бе?

4. Астана саған ұнады ма?

**8. Бақылау және өзін-өзі бақылау кезеңі.**

Міндеттері:

Оқушылардың материалды меңгеру сапасын анықтау;



Өзін-өзі және өзара бақылаушылық мүмкіндігін дамыту.

## 9. Үй тапсырмасы.

Міндеттері: оқушыларға үй тапсырмасының мақсатын, мазмұнын, орындау тәсілдерін түсіндіру.

**Слайд**

**94-бет, жаңа сөздерді жаттау. 94-бет, мәтінді мазмұндау.**

## 10. Сабақтың бағалау кезеңі.

Міндеті: өзара бақылау, жеке оқушының және сыныптың жұмысы мен қабілеттілігіне сапалы баға беру (ынталандыру, мадақтау, ескерту, т.б.).

Оқушылардың алған бағаларын күнделікке қою.

## 11. Рефлексия кезеңі.

Міндеттері:

Оқушының көңіл күйін, іс-әрекетін, оқушылар мен мұғалімнің өзара қатынас рефлексиясына жағдай жасау.

Оқушылардың өзін-өзі ұстай білуі және ынтымақтастық қағидаларын түсінуін қамтамасыз ету.

**Слайд.** Астана қаласы туралы сабақта үйренгендерін, білгендерін қағазға жазып, тақтаға ілу.



**Жайнагүл ЖҰМАБАЕВА,**

**Павлодар облысының**

**Ақсу қаласындағы**

**№7 жалпы орта білім**

**беретін мектептің қазақ тілі мен**

**әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

# ЕТІСТІКТЕРДІ ҚАЙТАЛАУ

**Мақсаты:** етістіктерді қайталау, білімдерін пысықтау, дағдыларын бекіту. **Міндеттері:** етістіктерді тани білу, олардың шақтарын, райларын дұрыс анықтау дағдыларын

дамыту. Сөйлеу, сұрақ қою, әңгіме құрау, мазмұндау дағдыларын дамыту. Сабақта белсенділікке, жауапкершілікке баулу. Соғыс ардагерлеріне, Батыр жерлестеріне деген құрмет сезімдерін ояту.

**Типі:** ББД жетілдіру. **Әдіс-тәсілдері:** көрнекілік (суреттер), сұрақ-жауап, әңгімелеу. **Практикалық әдіс-тәсілдері:** іздендіру. **Техникалық құралдар:** интербелсенді тақта.

### **Сабақ барысы:**

#### **I. Ұйымдастыру кезеңі.**

1. Сәлемдесу, түгелдеу. 2. Дәптерлерін дайындау.

#### **II. Мотивациялық кезең.**

1. Өткенді қайталау.

- Өткен сабақтарда біз Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақстандық батырлар туралы айтқан болатынбыз. Мына интербелсенді тақтада сол тақырыпқа бірнеше суреттер берілген, соған назар аударайық.

- Кімдерді көріп тұрсындар? (*Т.Бигелдинов, Ә.Молдағұлова және басқа жауынгерлердің суреттері*).

2. Ойтолғау.

- Талғат Бигелдинов жаудың 800-ден астам техникасын не істеді? Мерген қыз Әлия Молдағұлова соңғы шайқасында жаудың 42 адамын бір өзі не істеген? Ал мына жауынгерлер не істеп жатыр?

- Осы сұрақтарға жауап беріп тұрған сөздер қай сөз табынан? (*Бәрі де етістіктер*).

3. Тақырыпты анықтау, сабақтың мақсаттарын қою.


- Ендеше, бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай деп ойлайсындар? (*Етістіктерді қайталау*).

- Мұндай тақырыптағы сабаққа қандай мақсат қоюға болады? (*Етістіктерді қайталау, білімдерін пысықтау, дағдыларын бекіту*).

#### **III. Операциялық кезең:**

1. Етістік туралы не білесіңдер – *тірек-сызба жасау (топпен жұмыс)*

- *тақтаға шығару:*



- Етістіктердің шырайлары мен райларын қайталаймыз.

2. Мәтінмен жұмыс.

- Мәтінді оқып, түсініп аударыңдар.

Ұлы Отан соғысы 1945 жылдың 9 мамырында жеңіспен аяқталды. Биыл жеңіске 66 жыл болды. Осы күнді біздің елде де жыл сайын тойлайды. Бұл соғыста көптеген қазақстандық жауынгерлер ерлік көрсетті. Олардың 518-іне Кеңес Одағының Батыры атағы берілген. Біз олардың ерліктерін әрқашан есте сақтамақпыз.

3. Етістіктердің жақ, шақ, райларын анықтау, түрлендіру.

- Етістіктерді 1 бағанға теріп жаз (*интербелсенді тақтада етістіктер жазылған*). Тақтамен салыстырып тексеру.

- Әрбір етістіктің қай шақта, нешінші жақта тұрғанын анықта. (*Тақтадағы әр етістіктің үстінде шақтары жасырылған*). Балалардың жауабынан кейін бір бала жасырылған сөзді ашып, салыстырып тексереді.

- Осы етістіктер қай райда тұр? (*Ашық райда*). Ендеше оларды басқа (бұйрық, қалау, шартты) райларға түрлендіріп жазыңдар.

*Тексеру:* әр бала бір сөзден түрлендіріп оқып береді.

4. Деңгейлік тапсырмалар:

III. Мәтінге 3 сұрақ қойып жаз.

II. Мәтіннің мазмұнын қысқаша айтып бер.

1. Қазақстандық батырлар тақырыбына қысқаша мәтін құрап жаз.

- Әр баланың жұмысын тексеру.

5. Бекіту.

Интербелсенді тақтада «сиқырлы сандықтағы» етістіктерді өз үйлеріне орналастыру, өз жауаптарын дәлелдеп отыру.

6. Білімдерін тест арқылы тексеру.

I нұсқа

II нұсқа

оқыдың

армандасақ

1. а) негізгі;

ә) туынды;

2. а) дара;

ә) күрделі;

3. а) жекеше;

ә) көпше;

4. а) I жақ;

ә) II жақ;

б) III жақ;

5. а) ашық рай;

ә) бұйрық рай;

б) шартты рай;

в) қалау рай.

6. а) өткен шақ.

ә) келер шақ.

б) осы шақ.

*Жауаптар:*

I нұсқа: 1.а; 2.а; 3.а; 4.ә; 5.а; 6.а (ж.ө.ш.)

II нұсқа: 1.ә; 2.ә; 3.ә; 4.б; 5.в; 6.ә.

Әр бала тестінің жауаптарын қағазға жазып, өздері тақтамен салыстырып тексереді, өздері бағалайды. Қағаздағы бағаны, сабақтың барлық кезеңіндегі жауаптарды ескере отырып әр балаға баға қойылады.

**IV. Қорытынды кезең.**

**1. Рефлексия.** - Бүгін сабақта не істеп үйрендің? Нені қайталадың? Не түсіндің?

**2. Бағалау.**

**3. Үй тапсырмасы:** жазыңдар, атқарыпты сөздеріне морфологиялық талдау жасау.

Жанна СҮЛЕЙМЕНОВА,  
Ақмола облысының  
Қорғалжын ауданындағы  
Қорғалжын мектеп-гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

# СЫН ЕСІМДІ АЛЫП КИТ

(6-сынып)

**Мақсаты:** көк кит туралы толық мағлұмат беру.  
**Міндеттері:** **білімділік** – сандарды дұрыс айтуды үйрету;  
**дамытушылық** – оқушылар ойлау қабілеттерін шыңдайды.  
Сын есім шырайлары туралы түсініктерін кеңейтеді. Әр түрлі тапсырмалар арқылы сыни тұрғысынан ойлауға үйренеді, өздеріне жауапты қарайды, топтастардың ой-пікірлерін сыйлайды; **тәрбиелік** – судың тіршілік көзі екендігін түсінеді. Топта жұмыс істеу арқылы ұйымшылдыққа үйренеді.

**Түрі:** СТО. **Сабақта қолданылатын стратегиялар:** топтастыру, ЖИГСО-1, бес жолды өлең. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс, топтық жұмыс, тапсырмалар. **Көрнекілік:** оқулық, интерактивтік тақта, бағалау парағы. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, биология.

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі.

1. Сыныппен амандасу.
2. Сынып кезекшісімен диалог.

**Мұғалім:** - «Мемілекет тілін білмей күнелту -  
Өміріңнің келешегін түнерту.  
Қазақ елін сыйлап өскен азамат  
Бақытының шыңына бұл тігер Ту»-

деп жазған ақынның жыр жолдарында терең шындық, жарқын бағыт жатқандығы айдан анық.

Міне, сондықтан да, балалар, кемеңгер ғұлама ақын-жазушыларымыздың тілі, туған тіліміз – қазақ тілі сабағын бастаймыз.

### **Үй тапсырмасын тексеру:**

а/ Сыныптың үй тапсырмасын орындағанын тексеру;  
ә/ Сабақта өткен жаңа сөздерді дәптерлеріне жазып алып, қазақ тіліне тән дыбыстардың астын сызу.

### **Жаңа сабаққа көшу.**

- Ал, енді, балалар, біз жабайы жануарлар модулін жалғастырамыз.

### **I. Қызығушылықты ояту.**

- Сендерге мынадай сұрақ қойғым келіп тұр. Сендер суда тіршілік ететін қандай жануарларды білесіңдер?

Оқушылардың жауабы.

- Онда сендер қазір мына бейнефильмге назар аударыңдар. Оқушыларға «Кит» туралы бейнефильмді көрсетемін. Көріп болғаннан соң, сыныпқа сұрақ:

- Сендер мына бейнефильмнен қандай су жануарын көрдіңдер? (Оқушылардың жауаптары).

- Онда бүгінгі сабағымызда біз әлемдегі ең ірі китпен танысамыз. Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстырып өтейін.

«Гигант» сөзінің аудармасы – алып. Ал кім «алып» сөзінің синонимін біледі? (үлкен, ірі)

### **«Топтастыру» стратегиясын қолданамын:**

а) «Кит» сөзін естігенде ойларыңа не келеді, еске түскен сөздерді тізбектеп, тоқтамай жазып шығамыз;

ә) Қасындағы оқушымен жұптасып, ой бөлісеміз;

б) Топта ой бөлісеміз;

в) Әр топтан спикер сөйлейді.

суда өмір сүреді  
жануарлардың  
ең үлкені



ұсақ балықтармен  
қоректенеді  
өкпесімен дем алады

## II. Мағынаны ажырату. *Сөздікпен жұмыс:*

а) жаңа сөздерді оқиды, сөз тіркесін, сөйлем құрастырады.

Енді 125-беттегі «Кит» мәтініне назар аударамыз.

а) Мәтінді оқимыз; ә) Қасындағы оқушымен жұптасып, жаңа мәліметтермен ой бөлісеміз; б) топта ой бөлісеміз;

в) Әр топтан спикер сөйлейді.

**Мұғалім:** - Ұшқыр ойға серік болсын шеберлік,

Сөз кезегін топтарға бұл берелік.

Кит мәтінің жақсы оқып, меңгердік,

Енді олардың жауаптарын көрелік.

Ең үлкен кит – блювал деп аталады. Ұзындығы – 28,7 метр, салмағы 140 тонна. 1926 жылы Норвегияның кит аулаушылары ұзындығы 33,3 метр болатын кит ұстады.

**Мұғалімнің толықтыруы:** - Киттердің бастарының үстіндегі тесіктен су шашатынын көрген болуларың керек. Бірақ сол жер киттердің мұрыны екенін білетін бе едіңдер? Киттер мұрындарын тек дем шығару үшін ғана пайдаланады. Кейбір адамдар киттерді сол тесіктен су шығарады деп ойлайды. Алайда киттер өкпелеріндегі ауаны шығаруда. Бұл ауа су буына қанық және сырттағы ауадан ыстығырақ болғаны үшін алыстан қарағанда су тіреуіші сияқты көрінеді.

Киттің көздерінің үстіндегі майлы және тұнық болған секрет бөлгіш жасушалар жануардың көздерін теңіз суының кері әсерлерінен қорғайды. Киттердің сезу және есту мүшелері өте жақсы жетілген. Су астында әр түрлі дыбыстар шығарады және сол дыбыстардың жаңғырығын тыңдап, бағыттар таба алады. Бұл есту сезімінің қызмет атқаруы радарлардың қызмет атқару жүйесімен бірдей. Тіпті, радарлар да киттердің осы ерекшеліктеріне қарап жасалған. Ғалымдар киттердің шығаратын осы дыбыстарды бір-бірімен хабарласу үшін пайдаланылатын бір тіл екеніне

сенеді.

Сергіту сәті. Ойын: «Мен қандаймын?»

Шарты: Сыныптағы әр оқушы өзінің аты қандай әріптен басталса, оған сол әріптен басталатын сын есім сөзін және сын есім шырайларын қосып айтады. Мысалы: Томирис – тәртіпті, тәртіптілеу, ең тәртіпті, өте тәртіпті.

**Мұғалім:** - Қолға қалам алайық,  
Салақтықтан қашайық.  
Тапсырмаларды біз дұрыстап,  
Әдемілеп жазайық.

Тапсырмаларды орындау (Жигсо-1 стратегиясын қолдану. Жұмыс тобына бөліну, топта тапсырманы бірігіп талқылау, үй тобына келіп тапсырманы түсіндіру, орындағанын қадағалау).

1-топ «Жануарлар» сөзіне фонетикалық талдау жасайды. 2-топ сөздерді аударып, сын есім шырайларын жасайды. Большой, крупный, длинный, высокий. 3-топ берілген сөздерді жұптастырып, сөз тіркесін, сөйлем құрастырады.

- |                |             |
|----------------|-------------|
| 1. ең.         | а) кит.     |
| 2. көк.        | ә) бірі.    |
| 3. ірілерінің. | в) ұсталды. |
| 4. біреуі.     | г) үлкен.   |

**III. Ой толғанысы. Берілген көздермен 5 жолды өлең құрастыру:** кит, үлкен, салмақты, қоректенеді, жүзеді, аталады, жануарлардың ең үлкені екен, балық /жануар/.

**Бағалау.**

№	Оқушының аты-жөні	Үй жұмысы	Мәтін бойынша	Тапсырмаларды орындау	Қорытынды баға

**Үй тапсырмасы:** мәтінді мазмұндау, жаңа сөздерді жаттау (мәтін бойынша сурет салу).



Карима МАДАЛИМОВА,  
Алматы қалалық әдістемелік  
кабинетінің «ғылыми-әдістемелік  
зертханасының» қазақ тілі мен  
әдебиеті пәнінің әдіскері.

## ТІЛДІ ДЕҢГЕЙЛІК ТҰРҒЫДАН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

Тілді деңгейлік тұрғыдан оқыту мәселесі 1971 жылы Еуропа Кеңесі дайындаған «Общеввропейские компетенции владения иностранным языком: Изучение, преподавание, оценка» («Common European Framework of Reference: Learning, Teaching, Assessment») атты құжаттан бастау алғаны мәлім. Аталған құжат Еуропа және Ресей елдерінде шет тілін оқыту үрдісінде негізге алынды. Тілді деңгейлік тұрғыдан жүйелі меңгерту, білім нәтижесін білім алушының құзыреттілігі арқылы бағамдау, яғни, тілді коммуникацияда ұтымды қолдану үшін қандай білім мен қабілетті игеру керек деген мәселелерге мән беріле бастады.

Жоба авторлары тілді меңгеруге байланысты стандарт терминдерді ұсынды. Әр деңгейде игерілуі тиіс білім мазмұнын да нақтылап беруге тырысты. Тілді игеруге арналған бұл жоба барлық тілдерді оқытуда негізге алынды.

Тілді еуропалық стандарт негізінде оқыту жүйесі әлемнің көптеген елдерінде тәжірибеден өткізілді. Оны оқыту әдістемесі бірнеше рет сынақтан өтті. Нәтижесінде тілді меңгерудің деңгейлері анықталып, әр деңгейге қойылатын талаптар сұрыпталды. Тілді меңгерту алты деңгейге жіктеліп, ол үш жүйеге (А, В, С) негізделді.

Қазақстандағы тілді Еуропалық стандарт негізінде оқыту жүйесі 2007 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген мемлекеттік тілді алты деңгейге бөліп оқытуға бағытталған оқу-әдістемелік кешеннен бастау алады. Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұжымы дайындаған (Ф.Ш.Оразбаева, Т.Т.Аяпова, Р.С.Рахметова, Ұ.К.Исабекова және т.б.) оқу-әдістемелік кешенде алты деңгейдің аттары қазақ тіліне аударылып, әр деңгейге қойылатын талаптар нақты, жүйелі түрде берілген. Мысалы:

1.	Қарапайым деңгей.	$A_1$ – бастапқы игерім.
2.	Негізгі деңгей.	$A_2$ – қалыптасу қарсаңындағы игерім.
3.	Орта деңгей.	$B_1$ – қалыптасқан игерім.
4.	Ортадан жоғары деңгей.	$B_{1+}$ – тереңдетіле қалыптасқан игерім.
5.	Жоғары деңгей.	$B_2$ – ілгеріле қалыптасқан игерім.
6.	Жетік деңгей.	$B_{2+}$ – тереңдетіле, игеріле қалыптасқан игерім. $C_1$ – кәсіби игерім.

Авторлар әр деңгейге арналған оқулықта тіл үйренуші аталған деңгейде нені игеруі керек, қандай тілдік құрылымдарды білуі қажет деген мәселелерді нақтылап береді. Мәселен, қарапайым деңгейде тіл үйренуші төмендегі мәселелерді меңгеруі тиіс:

- Қарапайым сұрақтар мен сұхбаттар құру;
- Жеке басқа қатысты сұрақтар қою және ол сұрақтарға жауап беру;
- Таныс тақырыптар төңірегінде әңгімелесе білу;
- Адамның қайда тұратыны, кім екендігі жөнінде сұрап біле алу;
- Өзінің қайда тұратыны жайлы айта алу;
- Қысқа, жеңіл мәтіндерді түсіну;
- Қысқа құттықтаулар жаза алу;
- Сөздерді суреттер арқылы сәйкестендіру;

- Қазақ тіліне тән дыбыстарды орфоэпиялық нормаға сай айту;
- Қысқа сөйлемдерді түсінікті құрау;
- Берілген сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс орналас-тырып, сөйлем құрай білу;
- Күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөз бен сөз тіркестерін білу;
- Қарапайым, түсінікті, нақты айтылған сөйлемдерді түсіну;
- Арнайы берілген тақырыптар бойынша сөздер мен сөз тіркестерін білу.

Сонымен бірге сөйлесім әрекеті бойынша төмендегідей талаптарға жауап бере алулары шарт:

<b>Ұғыным</b>	<b>Тыңдалым</b>	Таныс сөздер мен қысқа фразаларды ұғамын; күнделікті өмірде жиі қолданылатын сұхбаттарды (өзім туралы, менің отбасым жайында, т.б.) пікірлесуді түсінемін; таныс тақырыптар бойынша қойылған сұрақтарға жауап беремін.
	<b>Оқылым</b>	Таныс атауларды, сөздерді және әр түрлі хабарландыруларды оқып, түсінемін. Түрлі-түсті суреттермен безендірілген мәтіндерді оқимын, түсінемін. Нақты үлгі бойынша тапсырмаларды орындаймын.
<b>Айтылым</b>	<b>Диалог</b>	Баяу, нақтылы, түсінікті берілген, жүргізілген сұхбаттарды түсінемін, айтамын. Өзіме қойылған қарапайым, жеңіл сұрақтарға жауап бере аламын.
	<b>Монолог</b>	Таныс сөздер мен сөз тіркестерін, фразаларды қолдана отырып, өзім туралы, мекен-жайым, отбасым, жұмысым, т.б. жайлы айта аламын.
<b>Жазылым</b>	<b>Жазылым</b>	Мерекелерге арналған қысқа құттықтаулар жазамын. Аты-жөнім, мекен-жайым, т.б. туралы жаза білемін.

Оқу-әдістемелік кешен авторлары тіл үйренушінің түпкі нәтижесін былайша көрсетеді:

<i>Өрістік</i>	Өзі және өзіне қатысты мәселелер жөнінде айта алатындай сөздік қоры бар.
<i>Нақтылық</i>	Қарапайым түрде берілген грамматикалық және синтаксистік құрылымдарды меңгереді.
<i>Шапшаңдық</i>	Ойын қысқа жеткізеді. Кейбір сөздерді қолдануда көп кідіріс жасайды. Таныс емес сөздерден қате жібереді, бірақ өз ойын түсінікті жеткізуге тырысады.
<i>Әрекеттестік</i>	Өзіне қатысты сұрақтарға жауап бере алады және сұрақ қоя біледі.
<i>Сабақтастық</i>	Таныс сөздер мен сөз тіркестерін және жалғаулықтарды дұрыс қолдана алады.

Нәтижені нақты ашып көрсету тіл үйретушінің жұмысын жеңілдетте түсері сөзсіз. Бұл оқытушының алдына мақсатын айқын қоюына да мүмкіндік туғызады.

К.Жақсылықова бұл оқу-әдістемелік кешеннің маңызын: «Мемлекеттік тілді көпдеңгейлі оқыту жүйесінің негізгісі болып саналатын бұл оқу құралының басты ерекшелігі – еуропалық және халықаралық стандартқа негізделуінде және инновациалық технологиялардың басты қағидаларын басшылыққа алып, қатысымдық бағытта жасалынуында. Елімізде мемлекеттік тілді көпдеңгейлі оқытуға арналған осындай оқу-әдістемелік кешеннің жасалынуы – мемлекеттік тілді оқытып-үйретуді – дүниежүзілік еуропалық стандарттық үлгілерге жақындастыру жолдарының басы деп айтуымызға болады», – деп атап көрсетеді де, оның басты ерекшеліктерін төмендегідей саралап береді:

**Біріншіден,** инновациалық технологияға негізделген кешенді әзірлеуде автор көп диаспоралы Қазақстан халқының өзіндік ерекшелігі мен менталитетін басты назарға алатырып, тілдік білімді халықаралық, еуропалық стандарттар арқылы бағалау жүйелерінің басты қағидаларын өте ұтымды қолдану нәтижесінде **мемлекеттік тілді үйретудің жаңа бағыттағы Қазақстандық үлгісін** жасап, ұсынған. Бұл –

аталмыш кешеннің басты ерекшелігі.

*Екіншіден,* алты деңгейлі оқу кешенінің мазмұны мен құрылымы тіл үйренушінің мемлекеттік тілде белсенді тілдік қатынасқа түсуіне баса назар аударады.

*Үшіншіден,* кешен тіл үйренушінің рухани, танымдық өресінің кеңеюін қамтамасыз ету бағытында жасалынғандығын атап айтқан жөн.

*Төртіншіден,* алты деңгейде оқыту кешенінің тағы бір ерекшелігі – тіл үйретудің әрбір деңгейіне сай тілдік қарым-қатынастың үздіксіз жетіліп, дамып, нығайып отыруында. Мемлекеттік тілді алты деңгейде оқыту кешені қарапайым деңгейден бастап жетік деңгейге дейін тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым, тілдесім тәрізді сөйлесім әрекетінің барлық түрлері бойынша біліктілікті дамыта келіп, ең соңында тіл үйренушінің еркін тілдік қатынасқа түсуге қол жеткізуіне мүмкіндік жасайды.

*Бесіншіден,* мемлекеттік тілді алты деңгейлі оқытуға арналған оқу кешені арқылы ұлттық инновациялық технологияға негізделген оқыту мазмұны айқындалып, тіл үйренуші қауымға жаңа сападағы оқу-әдістемелік кешеннің моделі ұсынылған [2,44].

Бұл оқу-әдістемелік кешенде тақырыптар түрлі бағытты қамтып, әр деңгейде тақырыптар бірте-бірте күрделене түседі. Электронды оқулықтағы «Жеті қазына» бөлімі бірнеше айдарлардан тұрады. Олар қазақ халқының ұлы тұлғалары, дәстүрі, мәдениеті, тілі, т.б. маңызды мәселелерден ақпарат береді. Кешен мемлекеттік тілді оқытудағы ең басты еңбек болып табылады.

Мемлекеттік тілді оқытуға байланысты жарық көрген тағы бір кешен «*Жаңа толқын*» деп аталады. «*Жаңа толқын*» — барлық тіл үйренушілерге арналған еңбек. Кешеннің тақырып аясы кең, мәтіндері мол. Кешенде ақпараттық технологияның, мультимедиалық, интерактивтік жүйенің

қолданылған. Қазақ тілін оқытудың «Лингвоелтаным» саласына лайықталып әзірленіп, соның нәтижесінде лингвоелтанымдық құзырет қалыптастыру мақсат етілген. «Жаңа толқын» оқу-әдістемелік кешені мемлекеттік тілді үйретумен бірге тіл үйренушінің бойына отансүйгіштік, патриоттық сезім қалыптастыруға баса мән берген. «Жаңа толқын» 18 кітаптан тұрады. Ол 3 үлкен кешенді қамтиды. Мемлекеттік тілді жеделдете деңгейлік оқытуға арналған «Жаңа толқын» оқу-әдістемелік кешені мемлекеттік тілді 3 деңгей бойынша оқытуға бағытталған. Бір кешен 3 негізгі оқулық, 3 грамматикалық анықтағыш, 3 оқу сөздігі және 3 CD дискіден құралған мемлекеттік тілді жеделдете деңгейлік оқытуға арналған «Жаңа толқын» электрондық оқулығын қамтиды. 2-кешен – 3 CD дискіден құралған мемлекеттік тілді жеделдете деңгейлік оқытуға арналған «Жаңа толқын» аудиокурсы. Әрбір деңгей екі сағаттан тұрады:

**Қарапайым деңгей:** *«Бағдар» және «Тілашар».*

**Жалғастырушы деңгей:** *«Тіл дамыту» және «Тіл ұстарту».*

**Жоғары деңгей:** *«Тіл мәдениеті» және «Тілдік тұлға болмысы».*

Б.Белғара, Н.Құрман кешеннің маңыздылығын былайша дәйектейді: ««Жаңа толқын» оқу-әдістемелік кешені – қазақ тілін дүниежүзілік тіл үйретудің озық технологиялары арқылы оқытуға болатынын дәлелдеген, сондай озық тіл үйрету технологиясын Қазақстанда жасауға интеллектуалдық та, әдістемелік те тұрғыдан жетілген мамандар бар екенін дәлелдеген, қазақ тілін үйрету құралдарын қағаз кітап, электрондық кітап, аудио-кітап түрінде біртұтас кешенді түрде беруге болатынын практикалық тұрғыдан дәлелдеген жүйе» [3].

Яғни, қазіргі таңда мемлекеттік тілді деңгейлік тұрғыдан

оқыту мәселесі жолға қойылды деп айта аламыз. Бірақ бұл жалпы тіл үйренушілерге арналған кешендер болғандықтан, оны білім беру жүйесінің барлық саласында қолдану қиындық тудырады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша өзге тілде жалпы білім беретін мектепте мемлекеттік тілді Еуропалық стандарт жүйесі арқылы оқыту қолға алынды. Осы жұмыстың аясында 1-11-сыныптарға арналған оқу бағдарламасы жасалды (авторлары: Ф.Ш.Оразбаева, Т.Т.Аяпова, Р.С.Рахметова, Ж.Т.Дәулетбекова және т.б.).

«Шетел тілдерін деңгейлеп меңгертудің еуропалық жүйесінде» белгіленген тілді игерудің 6 деңгейі мен олардың сипаттарының негізінде, Қазақстан Республикасының өзге тілді жалпы орта білім беретін мектебінің 1-11-сыныптарында қазақ тілін үйретудің 5 деңгейлі құрылымы ұсынылды.

Мемлекеттік тілдің күтілетін нәтижелері ақпараттық, қатысымдық, проблеманың шешімін табу секілді құзыреттердің қалыптасуына мүмкіндік тудыратын қарапайым, бастапқы, негізгі, орта, ортадан жоғары деңгейлердің өзара сабақтас сатылары бойынша белгіленді. Соған сәйкес оқушының білім, білік дағдылары бастауыш мектеп жүйесінде тілді меңгертудің 5 деңгейінің ішкі құрылымдық ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп, жіктелді. Атап айтқанда: 1-сынып – бастапқы қарапайым деңгей, 2-4-сыныптар – бастапқы деңгей  $A_1$  – бастапқы орта игерім ( $A_{1,1}$ ), бастапқы толық игерім ( $A_{1,2}$ ), бастапқы жетік игерім ( $A_{1+}$ ) болып үш сатыға ажыратылды.

Авторлар оқу бағдарламасының ерекшелігін былайша түсіндіреді: *Біріншіден*, Еуропалық жүйеге сәйкестелген тілдік деңгейлер жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сыныптары бойынша сараланды. *Екіншіден*,

бастапқы деңгейдің үш кезеңі айқындалды. *Үшіншіден*, бастапқы тілдік деңгей түйінді құзыреттерге негізделді. *Төртіншіден*, бастауыш сатыдағы базалық білім мазмұны тілдік деңгейлер бойынша түзілді. *Бесіншіден*, оқушының білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар бастапқы деңгей бойынша сөйлесім әрекетінің бес түрі негізінде айқындалды. *Алтыншыдан*, әр сыныптағы бағдарлама материалдары тілдік бөлім, қатысымдық-сөйлесімдік бөлім және мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі бойынша сараланып ұсынылды[4].

Орта мектепке арналған оқу бағдарламасы қазіргі талаптарға жауап беруге тырысқан. Енді осының негізінде сапалы оқу-әдістемелік кешендер дайындалса, мұғалім жұмысын жеңілдеті түсері сөзсіз.

Қорыта келгенде, мемлекеттік тілді деңгейлік тұрғыдан оқыту мәселесі жоғары және орта мектептерде де өз шешімін біртіндеп таба бастады. Оның сапалы түрде жүзеге асуы мен тіл үйренушілердің жоғары көрсеткішке қол жеткізуі үшін оқытушы қауымы көп тер төгуіне тура келеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ф.Ш.Оразбаева., Т.Т.Аяпова., Р.С.Рахметова және т.б. Қазақ тілі. Қарапайым деңгейге арналған оқулық. – Алматы:Жазушы, 2007. 496-б.

2. К.Жақсылықова. Инновациялық технологияға негізделген мемлекеттік тілді алты деңгейде оқыту кешені жайында. Парасат айдыны. Алматы, «АнАрыс», 2009, 248. 40-48.

3. Б.Белғара, Н.Құрман. Жақсыны көре білген де жақсы... // «Ана тілі» газеті. 5 мамыр, 2009.

4. Ф.Ш.Оразбаева және т.б. Оқу бағдарламасы. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт. 1-4-сыныптар (қарапайым және бастапқы деңгей). Астана, «Нұрай-Принт Сервис» ЖШС, 2010. 24-б.



Айша КУДАРБЕКОВА,  
Зураш ҚАЙЫРЖАНҚЫЗЫ,  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімдері.

Солтүстік Қазақстан облысы,  
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан,  
Ставрополка ауылы.

## СЕПТІК АТАНЫҢ КЕСПЕ ҚАҒАЗДАРЫ

(Жалғасы. Басы №5-санда)

### *Шығыс септігіне арналған кеспе қағаздар*

Сөздерді шығыс септігіне қойып, сөйлемдер құрастыр.	Жақша ішіндегі жалғаулардың тиістісін қойып, сөйлемдерді жаз.	Сөйлемдерді оқып, қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой.
Қала, өзен, ауыл, тау, сырғанақ.	Оқушылар сынып (-тан, -тен) шықты. Ағам (-нан, -нен) хат келді. Әкем өзен (-нан, -нен) балық әкелді. Әжем қала (-дан, -ден) келді.	Жұмысшы <b>цехтан</b> шықты. Ол <b>шкафтан</b> киімін алды. Ол <b>қоймадан</b> шеге алды. Үй <b>сарайдан</b> үлкен.
Сөйлемдерді көшіріп, сұрақтардың орынына тиісті сөздерді қой.	Шығыс септігіндегі сөздерді жазып, сөйлемдер құрастыр.	Мақалдардағы шығыс септігіндегі сөздерді атау септігіне қойып, септе.
Хатты (кімнен?) алдың? Хатты ... алдым. Ұста үстелді (неден?) жасады. Ұста үстелді ... жасады.	Қала, қаланың, қалаға, қаланы, қалада, қаладан, қаламен. Қағаз, қағаздың, қағазға, қағазды, қағаздан, қағазбен.	Түйе жүктен қашып құтылмас, Ат арбадан қашып құтылмас. Ауылы жақын ит қасқырдан қорықпас.
Жұмбақтарды көшіріп жазып, шығыс септігіндегі сөздердің астын сыз. Аудар.	Сөйлемдерді оқы. Кімнен? Қайдан? сұрақтарына жауап беретін сөздерді тап.	Шығыс септігіндегі сөздерді тауып, оған сұрақ қойындар. Мәтінді орыс тіліне аудар.

<p>Жұмбақтар</p> <p>1. Топырақтан нәр алып, Тамырлары таралып. Өсіп шықты екенім, Көріктенді мекенім. (Ағаш)</p> <p>2. Бақшадан жер қазып, Жиып алдым жез қазық. (Сәбіз)</p>	<p>- Балықшы балықты қайдан шығарды?</p> <p>- Балықшы балықты қайықтан шығарды.</p> <p>- Сен балықты кімнен алдың?</p> <p>- Мен балықты балықшыдан алдым.</p> <p>- Бақа қайдан шықты?</p> <p>-Бақа судан шықты.</p>	<p>Малшылар қыста басына жылы бөрік киеді, аяғына пима немесе етік киеді. Бөрікті теріден жасайды, қолғапты жүннен тоқиды, пиманы жүннен басады. Бөрік, қолғап, етік, пима дүкендерде сатылады.</p>
<p>Тиісті жалғауды қойып, мақалды жатқа айт. Аудар.</p>	<p>Жақшаны ашып, жалғауларды жалға. Зат есімдерге сұрақ қой.</p>	<p>Сөйлемдерді орысшаға аудар.</p>
<p>Қотыр қол (-дан, -ден) жұғады, Пәле тіл (-дан, -ден) жұғады.</p>	<p>Асқар Асан (-нан, -нен) шана алды. Айгүл Аяз ата (-дан, -ден) сыйлық алды. Әпкем дүкен (-нан, -нен) шырша әкелді. Қайсар мұзайдыны (-нан, -нен) келді.</p>	<p>Айзада кинодан шықты. Асқар Нұрланнан кіші. Нанды ұннан жасайды. Ол жұмысын сегізден бастады. Әсем Әсеттен кітап алды.</p>
<p>Шығыс септігіндегі жіктеу есімдіктерін аудар.</p>	<p>Сөздерге Кімнен? Неден? сұрақтарын қой.</p>	<p>Шығыс септігінің жалғауын жалға.</p>
<p><b>Кімнен?</b> От меня, от тебя, от вас, от него, от нас, от Вас, от них.</p>	<p>Баладан, қаладан, Әсеттен, ауданнан, аспаннан, Шоқаннан, мектептен, мұғалімнен, сабақтан, оқулықтан, қаздан, қардан, журналдан, анамнан, достарымнан.</p>	<p>Аудан ... – аудандар... Өзен... – өзендер... Қайық... – қайықтар... Оқулық... – оқулықтар...</p>

### *Көмектес септігіне арналған кеспе қағаздар*

<p>Өлеңді мәнерлеп оқы, көмектес септігіндегі сөзді сөз құрамына талда.</p>	<p>Жақша ішіндегі жалғаулардың тиістісін қойып, сөйлемдерді жаз.</p>	<p>Сөйлемдерді оқып, қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой.</p>
<p>Құлпыра берші, кең дала! Гүліңді мен терейін. Жапырағыңмен жасыршы, Құшағыңа енейін. Ж.Саин.</p>	<p>Мен қалам (мен, бен, пен) жазамын. Мен қайшы (мен, бен, пен) қия-мын. Мен сызғыш (мен, бен, пен) сызамын.</p>	<p>Асан <b>баламен</b> ойнады. Қыз <b>тарақпен</b> шашын тарады. Оқушы <b>қайшымен</b> қағаз қиды. Таза <b>ауамен</b> дем алған қандай рақат!</p>
<p>Сұрақтардың орынына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.</p>	<p>Көмектес септігіндегі сөздермен сөйлемдер құрастыр.</p>	<p>Сөздерді көмектес септігіне қойып жаз. Сөз құрамына талдап, сызбамен көрсет.</p>

<p>Үсен <b>кіммен</b> ойнады? Күзетші есікті <b>немен</b> ашты? Мұғалім <b>кіммен</b> сөйлесті? Тиісті сөздер: баламен, кілтпен, оқушымен.</p>	<p>Ата, атаның, атаға, атаны, атада, атадан, атамен. Ұшақ, ұшақтың, ұшаққа, ұшақта, ұшақтан, ұшақпен.</p>	<p>Қалам, қуыршақ, әкем, тарақ, машина, ұшақ, тікұшақ, күрек.</p>
<p>Көмектес септігіндегі сөздерді тауып,жалғаудың дұрыс жалғанғанын анықта.</p>	<p>Қазақшаға аударындар:</p>	<p>Сөздердің қосымша жалғанғандағы мағынасын түсіндір.</p>
<p>Мен ұшақпен ұштым. Кесемен шай іштім. Сызғышпен кесінді сыз. Қайықпен суда жүздік. Қармақпен балық ауладық. Өшіргішпен өшір. Атаммен қалаға бардым.</p>	<p>Носом дышат. Ногами ходят. Ртом разжевывают. Руками держат. Ушами слышат. Глазами видят.</p>	<p>Шаңғы-шаңғымен, кеме-кемемен, балта-балтамен, жол-жолмен, адам-адаммен, ат-атпен, бор-бормен, қасық-қасықпен, су-сумен.</p>
<p>Тиісті жалғауды жалғап, сөз тіркестерін құрап жаз.</p>	<p>Қазақшаға аудар.</p>	<p>Сөйлемдерді қазақшаға аудар.</p>
<p>Қалам (мен, бен, пен) жазу. Қайшы (мен, бен, пен) қию. Сызғыш (мен, бен, пен) сызу. Күрек (мен, бен, пен) қазу. Қармақ (мен, бен, пен) аулау. Доп (мен, бен, пен) ойнау. Өшіргіш (мен, бен, пен) өшір.</p>	<p>С учителем, с другом, со мной, с родителями, с другом, с Хасаном, с Маратом.</p>	<p>Я с Марией пошла в кино. Асан с Аскарком вошли в автобус. Марат с Айдосом уехали домой. Гулжан с Арманом пошли в парикмахерскую.</p>
<p>Көмектес септігіндегі жіктеу есімдіктерін аудар.</p>	<p>Сөздерге кіммен? немен? сұрақтарын қой.</p>	<p>Жалқы есімдерге көмектес септігінің жалғауын жалға.</p>
<p><b>Кіммен?</b> Со мной, с тобой, с вами, с ним, с Вами..</p>	<p>Сызғышпен, атаммен, қарындашпен, әжеммен, ойыншықпен, домбырамен, ата-анамен, баламен, музыкамен, қайшымен.</p>	<p>Асан, Қайрат, Аяулым, Зара, Ораз, Әсел, Аягөз, Ақмарал, Кристина, Серік, Жақсылық.</p>

## ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДЫҚ

(Жалғасы. Басы №5 санда)

101. Бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің қандай мүшесі?

102. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрі. *Сабақты жақсы оқыса, озат оқушы болады.*

103. Өздік есімдігінің септелген түрі.

104. Сөйлемді толықтырыңыз.

*Сәуле ертең Алматыға ...*

105. Тұрлаулы мүшелермен бірге тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлемнің түрі.

106. Қазақстанның ең алғашқы астанасы.

107. Мектеп туралы мақал..

108. Құрамы екі немесе одан да көп жай сөйлемнен тұратын сөйлем түрі.

109. Қазақстан Елтаңбасының пішіні (форма).

110. *Сырға, білезік, алқа* жасайтын адамды қалай атайды?

111. Соңғы қоңырау мерекесі өтетін ай.

112. Көп нүктенің орынына керекті септеулікті қойыңыз. *Қазақстанның астанасы ... не білесің?*

113. «Сен» есімдігіне шығыс септіктің тиісті жалғауын жалғаңыз.

114. «Қолөнер» сөзінің аудармасы.

115. Антонимдік күрделі сөз.

116. Қазақстан қандай ел?

117. Балқаш көліне ең жақын қала.

118. Дара бастауышты көрсетіңіз.

Ол Орта Азияның тарихын зерттеген.

119. Ашық райды табу. Мысал келтір.

120. Сөйлемнің түрін анықтаңыз. *Күн сайын жер бетінде төтенше жағдай болады, бірақ оған ешкім таңданбайды.*

121. Ойлауға үйрететін қазақ халқының ұлттық ойыны.

122. Бір жылда неше мезгіл бар екенін белгілеңіз.

...Олар:

123. Қалау рай қалай жасалады?

124. Дұрыс құрастырылған сөйлемді табыңыз.

125. Ауыспалы нақ осы шақ қалай жасалады.

126. Мен, сен, ол, біз, сіз есімдіктерінің түрі.

127. Елтаңбаның жоғарғы жағында не бейнеленген?

128. Көп нүктенің орнына тиісті шылауды қойыңыз.

*Маған өнер адамдары ... кітаптар ұнайды.*

129. Құрмалас сөйлемнің түрі.

*Автобус бірде тез жүреді, бірде баяу жүреді.*

130. Экологияның анықтамасы.

131. Қабанбай батырдың шын аты:

132. Бір айда неше апта бар.

133. Ш.Аймановтың туған жері.

134. –ғы, -гі, -қы, -кі жұрнақтары арқылы қай сөз табы жасалады.

135. Жай сөйлем түрлерінің жалпы саны. ... Олар:

136. «Тілашар» тойы қашан өткізіледі?

137. Да, де, та, те қандай шылау?

138. Сан есімді сөз тіркесіне мысал келтір.

139. «Біржан-Сара» операсының авторы.

140. Жетісуда орналасқан қалалар.

141. «Өзінде» есімдігінің қай септікте тұрғанын анықтаңыз.

142. Сөйлемдегі ашық райда тұрған етістікті көрсетіңіз.  
*Айтқандарым жаққан соң, алыс-жақын тыңдайды.*

143. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторлары.

144. Абылай кім?

145. Сын есім қандай жұрнақтар арқылы жасалады?

146. Әміре Қашаубаевтың туған жері.

147. Жер-су аттарына қатысты жалқы есім.

148. Сөйлемнің баяндауышын толықтырыңыз. *Біз бұлақтардың көзін ...*

149. Сөйлемнің түрін анықта. *Саған ертең мектепке бармауға тура келеді.*

150. Тайпаларды басқарған адамдар.

151. Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай қандай түрлерге бөлінеді?

152. Дауысты дыбыстар еріннің қатысына қарай қандай түрлерге бөлінеді?

153. Дауысты дыбыстар жақтың қатысына қарай қандай түрлерге бөлінеді?

154. «1989-ый» сөзінің дұрыс аудармасы.

155. Көсемшені белгіле.

156. Үндестік заңындағы үндестіктің атаулары.

157. Зат есімнен жасалған сын есім.

158. Ту бетіндегі ою-өрнек бейнесі нені білдіреді?

159. «Бұдан» есімдігі қай септікте тұр?

160. Тұрлаусыз мүшелердің жалпы саны. ... Олар:

161. Ұлы жүздің биі.

162. Орта жүздің биі.

163. Дыбыстардың түрлерін атаңыз.

164. Құрманғазы Сағырбайұлының шығармалары.

165. Көп нүктенің орынына қажетті сын есімді қойыңыз.  
... бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады.
166. Әбілхан Қастеев кім?
167. Қазақ хандығында ең жоғарғы билеуші.
168. Қыс мезгіліне қатысты сөздер.
169. Мемлекеттік рәміздер қабылданған жыл.
170. Тудағы қыран ненің белгісі?
171. Пысықтауыштың түрлері.
172. Сөйлемді аяқтаңыз. *Балалар қыста шанамен ...*
173. Соңғы Конституцияның қабылданған жылы?
174. Діни мейрамдар.
175. Тұңғыш қазақ драма театры орналасқан қала.
176. «Баяндама» сөзіндегі әріп пен дыбыс саны.
177. Астана қаласы қай жылдан Қазақстанның елордасы болды?
178. Ақшаны үнемдей біл. Қандай сөйлем.
179. Кім? деген сұрақ қай сөзге қойылады?
180. «Он бес» қандай сан есім?
181. Сөйлемнің түрін анықта. *Саяхатқа баратынымызды хабарламақ болып, сынып жетекшісін іздедім.*
182. Қазақстан Республикасының тұңғыш ғарышкері.
183. Астана қаласындағы өзеннің атауы.
184. Жануарлардың ұйқыға кететін мезгілі.
185. Елбасының «Қазақстан-2030» жолдауы қай жылы жарияланған?
186. Латын алфавиті қолданылған жылдар.
187. Қожа Ахмет Иассауи кесенесін салдырған адам.
188. Сөздің ауыспалы мағынасын табыңыз.
189. Керек жалғауды таңдаңыз. Сен ... досың.
190. Ядролық қаруға қарсы қоғамдық қозғалыстың атауы.

191. Киіз үй неден тұрады?
192. Сөздің басында жазылмайтын әріп.
193. Білім күні нешінші айда?
194. Қалау рай. Мысал келтір.
195. Мәншүк Маметова Ұлы Отан соғысында кім болды?
196. Бастауышы тұйық етістік, баяндауышы зат есімнен жасалған сөйлем.
197. Сөйлемнің түрі. *Ертең күн жылы болса, біз тауға барамыз.*
198. Бірінші қоңырау қашан соғылады?
199. «У» дыбысының дауыссыз дыбысты таңбалап тұрғанын көрсетіңіз.
200. Сызықша дұрыс қойылған сөйлем.
201. Қай сөйлемде «ма» болымсыз етістіктің жұрнағы ретінде бірге жазылатынын белгіле.
202. «Шахмат» сөзінің қазақшаға аударғанда білдіретін мағынасы.
203. Мекен пысықтауышты табыңыз. *Шыңғыстауда халқымыздың кемеңгерлері өмірге келген.*
204. «Уық» дегеніміз ненің бір бөлігі?
205. Мақал-мәтелдер қандай сөздікте жинастырылады?
206. Тіл дыбыстарын зерттейтін ғылым.
207. «Арық» сөзіне керекті зат есім.
208. Ақан серінің әндері.
209. Сұраулы сөйлемнің жасалу жолдары.
210. Республикада Тәуелсіздік күнін анықтаңыз.
211. Отбасы бір-бірімен қандай қарым-қатынаста болу керекін табыңыз.
212. Қазақстанмен оңтүстік шығысында және шығыста шектесетін елді табыңыз.



213. Көп нүктенің орынына тиісті көсемшені таңдаңыз:

*Қазақ жерінде қолөнер жақсы ... келеді.*

214. Көп нүктенің орынына керекті демеулікті қойыңыз.

*Сапарың сәтті болды ...?*

215. Дыбыссыз әріптерді көрсетіңіз.

216. *Еш* сөзі арқылы жасалатын есімдіктің түрі.

217. Жалғаулықтардың түрі. *Я, яки, не, немесе.*

218. Қыстың өзіне тән белгісі.

219. Адамның шашы қандай болады.

220. Сөйлемді аяқтаңыз. Табиғатты ..!

221. Шешендік сөзді аяқтаңыз. Жаңбыр жаумаса, жер  
жетім, Басшы болмаса, ... .

222. Кім? Не? деген сұрақтарға жауап беретін сөйлем  
мүшесі.

223. Осы күнге дейін сақталған ежелгі қалалардың  
атаулары.

224. Әлияның бойы қандай екенін белгіле.

225. Көктемнің алғашқы гүлі.

226. «Суық қолды» сөз тіркесі қандай мағынада тұр?

227. Септеліп тұрған өткен шақ есімше.

228. Түркістан қаласының ертедегі атауы.

229. Синонимнің анықтамасын белгілеңіз.

230. А, О, Ұ, Ы қандай дыбыстар?

231. Жыл мезгілі нешеу?... Олар:...

232. Сілтеу есімдіктерді ата.

233. Ашық рай.

234. Бастауышы жоқ жай сөйлемнің түрін белгілеңіз.

235. Баяндауыш қай сөз табынан жасалғанын көрсетіңіз. *Қымыз қандағы гемоглобинді көбейтеді.*

236. Әбілда Ақшораев айналысқан спорт түрі.

237. Фонетика нені зерттейді?

238. Сұрау мақсатында есімдіктің қай түрі

қолданылады?

239. Сөйлемдегі тұрлаулы мүшелерді көрсетіңіз. *Біз кеше мұражайға бардық.*

240. Музыкалық аспаптар жасайтын адам.

241. Мемлекеттік 1-ші әнұран қашан қабылданды?

242. «Невада-Семей» қоғамдық қозғалысы басталған жыл.

243. Көмір қай жерде өндіріледі?

244. Сөйлемнің түрін анықта. *Солардың 117-сінің аты белгілі, ал әріге табылғаны – 36 кітап.*

245. Сөйлемнің қандай мүшелерден тұрғанын анықта. *Мен құрметтеймін.*

246. Мақал не туралы?

*Аққу көлін аңсайды, адам туған жерін аңсайды. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл. Ит – тойған жеріне, ер туған жеріне.*

247. Қазақстан тәуелсіз республика болып жарияланған жыл.

248. Сөйлемнің түрін анықтаңыз.

*Көрші отырсақ та, кездесе беруге уақыт жетпейді.*

249. Шәкен Айманов - ... .

250. Атау мен ілік септіктен басқа септік сұрақтарына жауап беретін сөйлем мүшесі.

251. Соңғы дыбысы дауысты жіңішке түбірлі сөзге қай жұрнақ жалғанады?

252. Қазақтың бұлбұлы.

253. Күн салқындап, жапырақтар жерге түсетін жыл мезгілі.

254. Тек қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын септік жалғауы.

255. Халықаралық әйелдер күні.

256. Шығыс септігінің сұрағын табыңыз.

257. Реттік сан есімнің қосымшасын көрсетіңіз.

258. Сөйлем мүшелері талданбайтын сөйлем түрін белгілеңіз.

259. Қазақстанның қазіргі астанасы.

260. Шахмат ойыны пайда болған ел.

261. Анаңның анасы сізге кім болады?

262. Қарсылық мәндегі жалғаулық шылау. Мысалы:

263. Сөйлемде анықтауышты тап. *Көлдің деңгейі төмендеген.*

264. Дерексіз зат есім.

265. Жалғаулықтардың түрін анықта. *Себебі, өйткені, сол себепті.*

266. Ту бетіндегі киелі шамшырақты білдіретін бейне.

267. Тиісті сөзді табыңыз. *Дүкен ... ашылады?*

268. Зат есім сын есім жасап тұрған жұрнақты табыңыз.

269. Сөйлемнің түрін анықтаңыз. *Кәсіпкерлік жылдам дамыды.*

270. Ежелгі көктем мерекесі.

271. Қазақстанның ең тұщы көлі.

272. Қатаң дауыссыз дыбыстар саны. ... Олар:

273. Тура мағыналы сөз тіркесі. Мысалы:

274. Шығыс күнтізбегі бойынша жаңа жыл қашан тойланады?

275. Күрделі жалқы есім. .... -2 түбір бар.

276. Сан есімге керекті тыныс белгісін анықтаңыз. Атам 70 тен асты.

277. Сабақтас сөйлемді анықта. *Біз барғанда, ол мектепте жоқ еді.*

278. Жақсыз сөйлемде болмайтын сөйлем мүшесін көрсетіңіз.

279. Күн мен түн теңелетін айды белгілеңіз.

280. Қолмен түрлі бұйымдар жасайтын өнер түрі.

281. Сөйлемнің түрін анықтаңыз. *Тудың көгілдір түсі ненің белгісі?*

282. Ауыспалы мағынада берілген сөз тіркесін табыңыз.

283. Дұрыс аудармасын белгілеңіз. *Завтра у нас будет шесть уроков.*

284. Сөйлемнің түрін анықта. *Адам туған жерін аңсайды.*

285. Есімдік пен зат есім тіркесіне мысал келтір.

286. Сөйлемнің түрін анықта. *Тыңдаушы ықыласты болса, сөйлеуші шешен болады.*

287. Киіз үйге қатысты сөздерді табыңыз.

288. Досыңның мінезіне сәйкес сөздерді табыңыз. ... добрый, .. спокойный, ...

289. Жансыз зат есімді табыңыз.

290. Тымақ сөзіне тіркес бола алатын сын есімді көрсетіңіз.

291. Зергер сөзінің дұрыс аудармасын көрсет.

292. Сөздердің аудармасы. Ұста-..., тігінші-..., шебер-..., дәрігер-..., мүсінші –...

293. Сөйлемнің айтылуы мен интонациясына қарай бөліуін белгілеңіз.

294. Түркістан қаласы қай облыста орналасқан?

295. Көп нүктенің орынына сәйкес тиісті сөзді келтіріңіз. ... – теңіз, білім – қайық.

296. Сәлем берді қандай баяндауыш?

297. Наурызда не тойланады?

298. Бөлшектік сан есімге мысал келтір.

299. Кім? Не? Қандай? есімдіктің қай түріне жататынын көрсетіңіз.

300. Есімшенің жұрнағын табыңыз.

Альмира НҰРСОЛТАНОВА,  
Нұргүл ҚАЙДАРОВА,  
Шығыс Қазақстан облысының  
Риддер қаласындағы  
«Лицей» оқу-тәрбие кешенінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімдері.

## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

(5-сынып)

**Мақсаты:** оқушылардың салауатты өмір салты туралы білімдерін бекіту. Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру. **Міндеттері:** оқушылардың өз денсаулықтарын сақтауда және нығайтуда белсенді ұстанымдарын қалыптастыру; салауатты өмір салты жайлы көзқарастарын кеңейту; СӨС қажеттілік екеніне тәрбиелеу; ойын арқылы жақсы көңіл-күй тудыру.

**Көрнекілігі:** компьютер, тақта, слайдтар, сұрақтар.

**Ойын барысы.**

**Жүргізуші:**

- Қайырлы күн, балалар! Бүгін сендермен адам үшін ең маңызды нәрсе жөнінде әңгімелесеміз. Сендер үшін өмірде ең басты, маңызды нәрсе не?

Оқушылардың жауабы:

- Достар, ақша, ата-ана, денсаулық, т.б.

**Жүргізуші:**

- Адам үшін ең маңыздысы, қымбаты – оның денсаулығы. Ал, балалар – еліміздің, барша адамзаттың ең

қымбат қазынасы. Өйткені Жер бетінде күннің күлімдеп шығып, құстардың құбылта сайрауына, бір сөзбен айтқанда, болашақта мамыражай тіршілік үшін еңбек ететін – сендер. Ал мұндай еңбекті тек дені сау адам ғана атқара алады. Бүгінгі әңгімеміз де осы жайында болмақ. Біз сендермен салауатты өмір салты, яғни, ұзақ та бақытты өмір туралы сөз қозғамақпыз. Әңгімемізді сөйлесіп емес, «Ойна да ойла» демекші, «Не? Қайда? Қашан?» ойынын ойнай отырып өрбітетін боламыз.

- Бүгін бізде екі топ қонақта. Ендеше, оларды ортаға шақырамыз. (Топтар атын айтып, өздерін таныстырады. «**Көкөністер**» және «**Жемістер**» тобы.)

*(МУЗЫКА)*

- Қазір сендерді ойын ережесімен таныстырамын.

(Мұғалім сұрағы бар конвертті анықтау үшін барабанды айналдырады). Мен сендерге сұрақты дауыстап оқып беремін, бұл сұрақ сендердің алдарыңда да, тақтада слайдта да болады. Содан соң сендерге ойлану үшін бір минут уақыт беріледі. Уақыт біткен соң топ басшысы жауап беретін ойыншыны айтады. Ойыншы өз жауабын берген соң, келесі топ жауаптары да тыңдалып (бірінікін-бірі қайталап қоймауы, дау тумауы үшін алдындағы қағазға жауаптары жазылады) болған соң тақтада дұрыс жауабы ашылады. Жеңген топ 1 ұпай алады. Шот тақтада жазылып отырылады. 1 минут ойланатын сұрақтардан басқа 20 секундта жауап берілуге тиіс Блиц-турнир сұрақтары да бар.

- Қане, ойынымызды бастаймыз. 1-кезең басталды. Шот 0: 0

(Барабан дауысы)

**Математика пәнінің мұғалімі Ләззат Хамзатовна-ның сұрағы.**

**1-топқа сұрақ:** - Қанатқа шешесі 1200 тг берді. Қанат дүкенде 350 теңгеге 1 кг алма, 200 теңгеге 1кг картоп, 500 теңгеге 2 кг алмұрт сатып алды. Сұрақ: Қанатта неше теңге қалды? 1кг алмұрт қанша тұрады?

**2-топқа сұрақ:** - Әкесі Әсемге 1600 теңге берді. Әсем дүкенде 300 теңгеге алма шырынын, 450 теңгеге шие шырынын, 600 теңгеге 2 кг қызанақ сатып алды. Сұрақ: Әсемде неше теңге қалды? 1 кг қызанақ қанша тұрады?

Ойлануға – 1 минут (сағат тықылы).

- Кім жауап береді? (Дұрыс жауабы: ....).

**Қосымша:** - Балалар, Қанат пен Әсем дүкеннен не сатып алды? Адам өзіне қажетті дәрумендердің көбін жемістер мен көкөністерден алады.

**2-кезеңге көшеміз** (Барабан дауысы).

**Келесі сұрақ дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Олег Николаевичтен.**

**Екі топқа да сұрақ:** - Көп адамдардың мүмкіндіктері бола тұра спортпен немесе шынығумен осы себепке байланысты айналыспайды. Бұл қандай себеп? (Очень часто люди имеющие возможность заниматься спортом или закаливанием, не занимаются этим исключительно по причине... По причине чего?) Ойлануға – 1 минут (сағат тықылы)

- Кім жауап береді? (Дұрыс жауабы: жалқаулықтан).

**Қосымша:** - Көп жағдайда біз жалқаулықтың кесірінен өзімізге өте пайдалы нәрселермен айналыспаймыз.

**3-кезең.**

**Келесі сұрақ информатика пәнінің мұғалімі Ольга Петровнадан:** - Компьютер ойындары тек логика, ойлау қабілетін ғана арттырады деген пікірмен ғалымдар дауласа отырып, «оны» да дамытатынын дәлелдеуде. Ол не? (Споря с утверждением, что компьютерные игры развивают логику и пространственное мышление, ученые утверждают, что компьютерные игры развивают только ЕЕ. Назовите ЕЕ либо её последствия). Ойлануға – 1 минут (сағат тықылы)

- Кім жауап береді? (Дұрыс жауабы: Көз ауруы – Близорукость, плохое зрение).

**4-кезең** (Барабан дауысы).

**Келесі сұрақ биология пәнінің мұғалімі Лидия Александровнадан:** - Его название в переводе с латинского означает «Косточковый плод Юпитера». Его считали пищей богов. Жрецы Вавилона запрещали простым людям его есть, боясь их умственного и физического развития. Кстати, если приглядеться, его ядро похоже на человеческий мозг. Назовите его.

Дұрыс жауабы: грек жаңғағы.

**Қосымша:** Шынында да, грек жаңғағы адамның миына ұқсайды.

- **5-кезеңге көшеміз** (Барабан дауысы).

**Келесі сұрақ орыс тілі пәнінің мұғалімі Юлия Викторовнадан** (сұрақ орыс тілінде жіберілген): - Внимание, в вопросе есть замена. Это позволяет снизить заболеваемость, увеличить работоспособность и самочувствие. Но решится на это не каждый. Храбрец должен прыгнуть в вату, покататься по ней, а затем резко повысить температуру своего тела. Какое слово заменили



словом «Вата»?

Ойлануға – 1 минут.

Дұрыс жауабы: вода – су.

**Қосымша:** Қармен ысқыландуды шынығу деп атайды.

**6-кезең** (Барабан дауысы).

**Келесі сұрақ тарих пәнінің мұғалімі Людмила**

**Николаевнадан:** - Ресейде «оны» 1 Петрдің кезінде

Шуе қаласында жасады. Қазіргі кезде де Шуе қаласының

елтаңбасында «ол» бейнеленген. Қазіргі кезде «ол»

қатты ғана емес, сұйық та болады. Ол не?

/В России это начали делать при Петре 1, главным

центром его производства стал г. Шуя. С тех пор на гербе

Шуи изображен кусок этого. В наше время оно бывает не

только твердым, но и жидким. Что это?/

Ойлануға – 1 минут.

Дұрыс жауабы: сабын

**Қосымша:** Сабын гигиена сақтау үшін қажет.

**7-кезең** (Барабан дауысы).

**Келесі сұрақ «Денсаулық» бағдарламасының**

**жүргізушісі – Елена Малышевада:** - Мультфильмдер-

дің бірінде Маймыл (Мартышка), Піл (Слонёнок),

Тотықұс (Попугай), Жылан (Удав) не істеді? Баба Яга мен

Кощей Бессмертный «оны» істеген жоқ. Оларға ұқсамас

үшін немен айналысу керек?

Ойлануға – 1 минут.

Дұрыс жауабы: гимнастика/ жаттығу/

**Қосымша:** Әрбір адамға сергек жүру үшін таңертең

жаттығу жасаған жөн.

**8-кезең** (Барабан дауысы).

**Сұрақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

**Альмира Шериязданқызынан:** - Юля, сен неге көп су

ішіп жатырсың? Жаңа ғана алмұрт жедің ғой!

- Алмұртты жедім ғой, бірақ ... ..

**Юля нені ұмытты?**

Ойлануға – 1 минут.

Кім жауап береді? (Дұрыс жауабы: алмұртты жууды).

**Қосымша:** Жемістер мен көкөністерді міндетті түрде жуу керек.

**9-кезең** (Барабан дауысы).

**Келесі сұрақ география пәнінің мұғалімі Анна Николаевнадан:**

- Қазақстан Олимпиада ойындарында жеті алтын, бір күміс, бес қола медаль алды, команда бойынша 12-орын алды. Бұл олимпиада ойындары қайда өтті? Бұл қала қай мемлекеттің астанасы?

Ойлануға – 1 минут.

Дұрыс жауабы: Лондон – Англияның астанасы.

**Қосымша:** Бұл олимпиадада жеткен жеңістерге біздің Риддер қаласынан шыққан спортшылардың да үлесі зор.

**10-кезең** (Барабан дауысы).

**Сұрақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

**Нүргүл Нұрлыбайқызынан:** - Йогурт, май, ірімшік, қатық, бифилюкс, бифидок және тағы басқалар бір өнімнен жасалады. Олар неден жасалады?

Ойлануға – 1 минут.

Дұрыс жауабы: сүттен.

**Қосымша:** Бұлар – сүт өнімдерінің атаулары.

**11-кезең** (Барабан дауысы).

**Айболиттің сұрағы:** - Бұл адамға өте қажет, сондықтан оны «өмір» деп атауға да болады. Ол барлық пайдалы тағамдарда болады. Бұл не?

Ойлануға – 1 минут.

Дұрыс жауабы: дәрумен/ витамин/

**12-кезең** (Барабан дауысы).

**Келесі сұрақ блиц-турнир сұрақтары.** 3 сұрақтың әрбіреуіне ойлануға 20 секунд беріледі.

1 . Ол жер астында өседі. Ұзын. Көзге, бойға пайдалы. Кішкентай, ақ аң өте жақсы көреді. Бұл не? /сәбіз/

2. Түсі сары, домалақ. Дәмі қышқыл. Онда С дәрумені бар. Бұл не?/лимон/

3. Түсі сары, ұзын, жұмсақ. Жылы елдерде ағашта өседі. Бұл не?/банан/

Раундтар аяқталды. Бүгінгі сайыста көп ұпай жинаған ..... тобы марапатталады. Құттықтаймыз!/ сыйлықтар табыстау/

**Қорытындылау.**

- Балалар, бүгін біз көптеген сұрақтарға жауап іздей, тыңдай отырып, салауатты өмір салты не деген сұраққа жауап тапқандай болдық. Сендердің ойларыңша, салауатты өмір дегеніміз не?/ слайдтарды көрсету/.

Балалардың жауабы:

- **Салауатты өмір салты дегеніміз** - зиянды әдеттерден / темекі, шарап, нашақорлық/ бас тарту;

- **Салауатты өмір салты дегеніміз** - дұрыс тамақтану;

- **Салауатты өмір салты дегеніміз** - спортпен айналысу;

- **Салауатты өмір салты дегеніміз** - жеке гигиенаны сақтау;

- **Салауатты өмір салты дегеніміз**- жақсы көңіл-күй.

- Дұрыс айтасындар, балалар, салауатты өмір салты – бұл адамның денсаулығына әсер ететін іс-әрекеттер.

Яғни, денінің саулығы жолында кез келген адам пайдалы нормалар мен ережелерді сақтап, қалыпты дұрыс тамақтануы қажет. Адам үшін ең қымбатты дүние – .....

### Балалардың жауабы: - ДЕНСАУЛЫҚ!!!

- Сендер үшін қандай сұрақтар қызықты болды?.....

- Біз бүгінгі сайысқа қатысқан топ оқушыларына алғысымызды білдіре отырып, сайысымызды мына бір дана сөздермен аяқтағымыз келеді:

«Адамда бәрі тамаша болу керек – жаны да, тәні де, ойы да. Салауатты өмір салты әр адамның өмір салтына айналуы тиіс».

Соңында барлық оқушылар «Денсаулық» әнін айтады («Голубой вагон» әнімен).

«Денсаулық» (Сөзін жазған Альмира Шериязданқызы).

1. Көкөніс пен жемістерді көп жеймін,

Онда түрлі дәрумендер көп.

Денсаулығы күшті болса әркімнің,

Ол адамда ешбір уайым жоқ.

2. Тазалықты әрқашанда сақтаймын,

Сабын – менің ең жақын досым.

Салауатты өмір салтын жақтайтын,

Денсаулығың мықты, зор болсын!

3. Жүгіремін, секіремін үнемі,

Спортты мен жақсы көремін.

Көкте маған ай, жұлдыздар күледі,

Күні бойы сергек жүремін.

*Денсаулық, денсаулық – адамға керегі,*

*Қозғалыс, дәрумен – өмір негізі.*

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БІЛГІРІ

**Сайыстың мақсаты:** оқушылардың өз ұлтына, тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, жас ұрпаққа ана тіліміздің қадір-қасиетін дарыту, сайыс арқылы оқушылардың тез ойланып, жауаптарын тиянақты, жүйелі айтуға, топ алдында еркін сөйлеуге баулу, тұрақты сөз тіркестерімен, мақал-мәтелдермен таныстыру, мағынасын аша білу.

**Сайысты өткізудегі негізгі мақсат:** қазақ тілін жақсы білетін топты (сыныпты) анықтау.

Сайысқа 3 сынып, әр топтан 6 оқушы қатысады.

Сайыстың жоспары: қазақ сыныптары

Таныстыру (слайд).

Жалғасын тап (нақыл сөздер).

Өлең шығару (белгілі сөздермен).

Тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын ашу.

Әріптер жиынтығы.

- Армысыңдар, ардақты ағайын көз көрген,

Алдарыңызда тіл сайысы – «Сөзмерген»!

Сайысымызды бастамас бұрын арнайы шақырылған қазылар алқасымен танысайық.

- Енді сайыскерлерімізбен таныс болыңыздар (9, 10, 11-сыныптар)

Сайыскерлерімізге алдын ала үй тапсырмасын берілген еді: Таныстыру.

2-кезең: Жалғасын тап (нақыл сөздер)

Нақыл сөздер

Тіл жоқ жерде – ұлт жоқ.

(Шыңғыс Айтматов).

Тіл аспап сияқты, оны жақсы білу керек, оны меңгеру керек.

(Максим Горький).

Тіл дегеніміз – қай халықтың болмасын, кешегі, бүгінгі ғана емес, ертеңгі де тағдыры.

(Бауыржан Момышұлы).

Игі істің басы – тіл, тәрбие басы – тіл.

(Махмұт Қашқари).

Тілден артық қазына жоқ, тілден артық қасиет жоқ.

(Нұрсұлтан Назарбаев).

Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.

(Ахмет Байтұрсынұлы).

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.

(Бауыржан Момышұлы).

Қазақтың тілі – сұлу, қонымды да толымды тіл.

(В.В.Радлов).

Халықтың мәңгі ғұмыры – оның тілінде. Әрбір тіл өз халқы үшін – ұлы.

(Шыңғыс Айтматов).

3-кезең: Өлең шығару (белгілі сөздермен).

4-кезең: Тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын ашу.

Тұрақты тіркестер:

1. Өкшеңді жалтырат - бұл арадан тез тайып тұр;
2. Өкпесі қара қазандай – қатты өкпелі, ренжулі;
3. Өзегі өртенді – күйінді, қайғырды, іші күйді;
4. Өрісі кеңейді – жан-жақты өсті, дамыды;
5. Өлшеп тіккендей – шап-шақ, құйып қойғандай;
6. Өкпе-бауыры езілді – ықыласы түсті, мейірленді, еміренді;
7. Өңешін жыртты – айқайлады, бақырды.

Тұрақты тіркестер:

1. Қабағын қарс жапты – қатты ашуланды, түнерді, түксиді;
2. Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ – уайым-қайғысы жоқ, мәз-мейрам;
3. Қаламы жүйрік – жазуға төселген, жазғыш (қаламының желі бар);
4. Қасы-көзін төңкерді – қасын керіп, қылмаң қақты;
5. Қолымен қойғандай – дәл, нақтылы;
6. Қу бастан қуырдақ ет алды – жоқтан бар жасайтын адам;
7. Қурай басын сындырмады – түк істемеді, ештеңе өндірмейді.

Тұрақты тіркестер:

1. Бетмоншағы үзілді – қымсынды, батылы бармады;
2. Бесіктен белі шықпаған – есеймеген, буыны қатпаған;
3. Биттің қабығындай – өте жұқа;
4. Бойына шыр бітпеді – толмады, ет алмады;
5. Бөрікпен ұрып алды – оп-оңай жеңіске жетті;

6. Бүйірі бүлк етпеді – қаймықпады, сескенбеді;
7. Басын бәйгеге тікті – тәуекел етті, бағын сынады.

Тұрақты тіркестер:

1. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды – кеш қалды.
2. Алты қырдан асырды – өте алысқа кетті;
3. Асығы алшысынан түсті – жолы болды, сәті түсті;
4. Ауыз жиып алғанша – лезде, тез, жылдам;
5. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен – жан қинамай өмір сүрді.

5-кезең: Әріптер жиынтығы.

Жеңімпаз топты анықтап, бағалау.



**Лейла КУДРЕЕВА,**  
**Әл Фараби атындағы**  
**ҚазҰУ-дың доценті,**  
**химия ғылымдарының**  
**кандидаты.**

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҒЫЛЫМ МЕН ПОЭЗИЯ ТІЛІ**

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультетінің аналитикалық, коллоидтық химия



және сирек элементтер технологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен тіл мерекесіне байланысты “Қазақ тілі – ғылым мен поэзия тілі” атты әдеби шығармашылық кеші өтті. Бұл кештің негізгі мақсаты – қазақ жастарын қазақ тілін құрметтеуге, патриоттық сезімдерін оятуға және де қазақ тілінің болашақта дамуына үлес қосуына шақыру.

Кешімізді салтанатты түрде ашу үшін алғашқы сөз кезегі факультетіміздің деканы Оңғарбаев Ердос Қалимуллаұлына берілді. Декан өз сөзінде студенттерді Қазақстанның патриоты етіп тәрбиелеуге мұндай кештердің әсері зор болатынын және осындай тілге байланысты кештер өз жалғасын тапса, студенттерге, университетімізге берері мол екенін атап өтті.

“Қазақ тілі – ғылым мен поэзия тілі” атты кештің басты қонағы Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультетінің профессоры Қоқанбаев Әзімбек Қоқанбайұлы болды. Кеште факультет профессоры Ә.Қ.Қоқанбаев химиялық ғылыми терминологияның дамуына тоқталып, химияның негізгі ұғымдарын өлең түрінде жазған шумақтар мен жұмбақтарын оқып, студенттерге қазақ тілінің жан-жақты мүмкіндігін көрсетті. Әзімбек Қоқанбайұлы – қазақ тілі мен ғылымды, соның ішінде қиындығы мол химия ғылымын

ұштастыра білген ойшыл, ақын және қазақ халқының біртуар азаматтарының бірі. Бұл кеште Әзімбек Қоқанбайұлы өзінің өлеңдерін оқып, жастарды

кереметтей сезімге бөледі. Студенттер химикақынның қазақ тілінде жарық көрген химия – поэзия тілімен ұштасқан өлеңдер жинағымен танысты. Профессор кітабын студенттерге сыйға тартты. Химия пәні оқулықтарының мазмұнын бұрыннан білетін студенттер үшін оқулықтағы кейбір түсініктермен тақырыптардың мазмұнын өлең түрінде жеткізу олардың пәнге деген қызығушылығын арттыратынын сөзсіз. Сонымен қатар, қазақ халқында айтатын ойды ұтымды әрі түсінікті етіп жеткізуде өлеңді пайдалану маңызды болып табылады. Профессор Әзімбек Қоқанбайұлы химияның мазмұнын студенттерге поэзияның нәзік сезімді тілімен жеткізе білді. Профессор өз ойын былайша түйіндеді:

Химияны түсіндірдім өлеңмен  
Қызыққанын көрдім әрбір өреннен.  
Химияның небір қиын түйінін  
Жырмен шешіп, сыр қозғадым тереңнен.

Кеште қазақ тіліне байланысты көптеген қызықты шаралар өткізілді. Оған кафедраның педагогикалық практикадан өтіп жатқан магистранттары да (Исаева Ж., Хамхаш Л., Кудреева Ұ. және т.б.) белсене қатысты. Сондай-ақ, факультеттің студенттері өздері шығарған өлеңдерін оқыды.

Болашақ жастардың қолында, ал біздің ең басты мақсатымыз әрі міндетіміз – қазақ тілін дамыту және байыту. Сонымен қатар, мемлекеттік тілге деген құрметті кез келген азамат өзінен бастауы керек.

“Қазақ тілі – ғылым мен поэзия тілі” атты кештің ұраны:

Ана тілі – арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте!  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте!

### **1-жүргізуші:**

- Армысыздар, қасиетті тілін сүйер ұландар!  
Армысыздар, әдебиетке жаны құмар қырандар!  
Бұл өмірде өлең сөздің құдіретін түсініп,  
Адамдардың жаны нәзік жүрегінен сыр аңғар!

### **2-жүргізуші:**

- Сәлем бердік, кешіміздің көрермені,  
Қазағымның сарқылмайды өнер кені.  
Байып қайтса рухани бұл дүниеңіз –  
Онда шын бұл көсегіңнің көгергені!

### **1-жүргізуші:**

- Еуразияның қақ ортасында орналасып, талай халықтың көне және қазіргі кездегі тарихына куә болған, тарихы солармен тағдырлас қазақ даласы, қазақ жері, қазақ ұлты қандай қиындықтарды бастан өткізбеді десеңізші...

### **2-жүргізуші:**

- «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз», - деп Қазыбек би бабамыз тегін айтпаған.

### **1-жүргізуші:**

- Тіл – ұлттың белгісі, халықтың мұрасы, дүниетаным құралы. Б.Момышұлы атамыз «Тілін білмеген түбін білмейді» деген. Шынында, тілін білмеген адам өз халқының тарихын, дәстүрін, мәдениетін өз тілінде сезініп, терең бойлай алмаса, ол қасірет емес пе? Әрине, солай.

### **2-жүргізуші:**

- 1989 жылы 22 қыркүйекте ҚР-ның Тіл туралы Заңы қабылданды. Қазақ тілі ҚР-ның мемлекеттік тілі болып жарияланды.

### **1-жүргізуші:**

- Бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеуде өз тілін біліп-құрметтеу арқылы қазақ тілімен қатар орыс тілі және ағылшын тілін жетік меңгерген факультетіміздің осылай өсіп-өркендеуіне аянбай еңбек етіп келе жатқан химия факультетінің деканы Оңғарбаев Ердос Қаллимуллаұлына сөз беріледі.

### **2-жүргізуші:**

- Тіліміздің тағдыры үшін күресте халқымыз қам-қаперсіз болған емес. Бүгін де ана тілінің тағдырына алаңдайтын азаматтар баршылық. Ұлылардан қалған ұлы сөздерге құлақ асайық.

### **1-жүргізуші:**

- Осындай ойшыл, дана, жазушы, химик, қазақтың біртуар азаматы біздің химия факультетінен де табылады. Сондай жүрегінде тілге деген құрметі, тілге деген сүйіспеншілігі жоғары, поэзия мен ғылымды, оның ішінде қиындығы мол химия ғылымын бірге

алып жүрген біздің мақтанышымыз – Қоқанбаев  
Әзімбек Қоқанбайұлына сөз кезегі беріледі.

**2-жүргізуші:**

- Тілім менің – тірегім арқа сүйер,  
Тағдырына алаңдап жаным күйер.  
Онсыз мына тіршіліктің мәні де жоқ,  
Табынатын пірім де сол басымды иер.

**1-жүргізуші:**

- Поэзияны жаны сүйетін, тілге бейқам қарамайтын жастарымыз да баршылық. Жастайынан жазуға, ән айтуға бейім болған университетіміздің түлегін ортаға шақырайық:

**2-жүргізуші:**

- О, адамдар, қадіріне жетіңдер!  
Ана тілің-анаң. Сыйлап өтіңдер!  
Туған тілін танымаған көрсоқыр,  
Күні ертең-ақ мәңгі-бақи өкінер,- деп ақын жырлағандай қазақ тілі, ана тілі дегенде ішер асты жерге қояр патриот ұл-қыздарымызды ортаға шақырамыз.

Би: Қаражорға.

**1-жүргізуші:**

- Осы кезекте бүгінгі біздің мақтанышымызға сөз кезегін береміз. Ол кісінің қоржынында көптеген әзіл-сықақ әңгімелер мен әр түрлі өлең жолдары көп. Сондай өлеңдерін ақын-химик-ғалымның өзінен, өз аузынан естігенге не жетсін!

**2-жүргізуші:**

- Тіл – халық тарихы, тіл – ұлттық қазына, тіл біздің намысымыз, арымыз, байлығымыз, барымыз.

### **1-жүргізуші:**

- Тілім менің, тірлігім, мол мұрамсың,  
Қасиетті киелі домбырамсың.  
Сен арқылы таныдым тарихымды,  
Тек Өзің бұл бағамды жандыраарсың!

### **2-жүргізуші:**

- Әннің де естісі бар, есері бар,  
Тыңдаушының құлағын кесері бар.  
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді  
Тыңдағанда көңілдің өсері бар.  
Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,  
Әннің тәтті оралған мәні оятар,- деп дана Абай  
айтқандай, «Туған жерім» әніне құлақ түріңіздер.

### **1-жүргізуші:**

- «Тіл – ұрпақтар сабақтастығының негізі» дегендей, ана тілін құрметтейтін ұл мен қыз ана тілдерін көздерінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруы тиіс.

### **2-жүргізуші:**

- Тіліміз ежелден дауды да, қайғыны да, ғашықтардың махаббатын да, бейбіт өмірді де басынан өткізді. Бүгінгі күні мәртебесі биіктеп, кең дала төсінде абыройы асқақтап тұр. Ылайым солай болғай!

## **1-жүргізуші:**

- «Ақын болу міндет емес, азамат болу парызың», – деген екен орыс әдебиеті алыптарының бірі – А.Некрасов. Бұл сөздің түпнұсқасы – «Азаматтық дегеніміз – алдымен, ана тіліңді ардақтау» деген басты ұстаным.

Поэзия күдіреті – адамның рухын биіктетіп, жан дүниесін күйкі тірліктің шаң-тозаңынан аршып алуға көмектеседі. Ол ақылдан да, әлемдегі бар тіршіліктен де биік, өзіне бас игізетін тылсым күш. Поэзияның мәнін түсініп, адамның рухани дүниесіне ізгілік нұрын себер ақындар қанша ма?!

Атап айтқанда,

Қазақ поэзиясының Құлагері – Ілияс,

Хантәңірі – Мұқағали,

Ақ Жайықтың қаршығасы – Ақұштап,

Ақиық – Мұхтар.

Тізе берсек, әлі де баршылық. Ендеше, осы поэзияны өздеріне серік етіп, өлең сөзінің күдіретін жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білетін өрендерді бүгінгі кештен танып-біліп, куә болдыңыздар!

## **1-жүргізуші:**

- Құрметті көрермен қауым! Кешімізді көңіл қойып, тыңдағандарыңызға көп-көп рахмет!

**2-жүргізуші:** - Келесі Тіл мерекесінде жақсылықпен кездескенше сау болыңыздар!

**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-  
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.  
**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 02.05.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1510. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru**

**Басылатын жері – “Према” ЖШС.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№6, 2013 ж., 144 бет, Алматы.